ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

А. Қ. ҚАЛИЕВ, Т. Н. СҮЛЕЙМЕНОВ,
А. Ж. БЕЙСЕНБАЕВ, А. Т. ШАКЖАНОВ
М. Ж. ЫБЫШЕВ

# СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП – ТЕКСЕРУ: ТЕРГЕУШІНІҢ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰЖАТТАРЫ

ҚАРАҒАНДЫ 2016

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы

**А. Қ. Қалиев, Т. Н. Сүлейменов,**
**А. Ж. Бейсенбаев, А. Т. Шакжанов,**
**М. Ж. Ыбышев**

Тәжірибелік оқу құралы

# СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП – ТЕКСЕРУ: ТЕРГЕУШІНІҢ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰЖАТТАРЫ

Қарағанды 2016

**ӘОЖ 343. (075)**
**ББК 67.417 я73**
**С 69**

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылымға ұсынылды

**Рецензенттер:**
**Қ. С. Дүйсенбеков** — Қарағанды облысы ІІД бастығының тергеу жөніндегі орынбасары, полиция полковнигі;
**А. О. Шәкенов** — Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының криминалистика кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция полковнигі.

Сотқа дейінгі тергеп – тексеру: тергеушінің іс жүргізу құжаттары: Тәжірибелік оқу құралы. / **А. Қ. Қалиев, Т. Н. Сүлейменов, А. Ж. Бейсенбаев, А. Т. Шакжанов, М. Ж. Ыбышев** — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015. — 213 б.

**ISBN 978-601-7264-48-2**

Осы тәжірибелік оқу құралында қылмыстық істер бойынша іс жүргізу құжаттарының үлгілері қойылатын талаптарға сай ұсынылып отыр.

Тәжірибелік оқу құралында тергеушілер мен анықтаушылардың қызметіндегі сотқа дейінгі тергеп тексеруде процессуалдық құжаттарды толтыру барысында кездесетін кейбір мәселелерді жеңе білудің жолдары қарастырылған.

Тәжірибелік оқу құралы құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын органдардың лауазымды тұлғаларына, магистранттарға, докторантарға, сонымен қатар жоғары және орта оқу орындарындағы заң факультетінің курсанттарына (студенттеріне) арналған.

**ӘОЖ 343.(075)**
**ББК 67.411 я73**

**ISBN 978-601-7264-48-2**

**© Қазақстан Республикасының ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015**

# Кіріспе

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың жылдағы халыққа жолдауында қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен, алаяқтықпен, заңды бұзушылықпен табанды да қатал күрес жүргізу қажеттілігін атап көрсеткен. Осыған орай құқық қорғау органдары болған қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алаудың жаңа әдістерін іздеу жұмыстарын жүргізуі қажет.

Ал Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы-болған қылмыстарды жылдам әрі толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды тиісінше қолдану мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және жедел-іздестіру қызметі туралы заңнаманы тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық тетіктерді әзірлеу талап етіледі.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңмен белгіленген тәртібі-негізсіз айыптау мен соттаудан, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеулерден мүлтіксіз қорғауды қамтамасыз етуге, кінәсіз адамды заңсыз айыптаған немесе соттаған жағдайда оны тез арада және толығымен оңалтуға, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібінің нығаюына, қылмыстың алдын алуға, құқыққа құрметпен қарауды қалыптастыруға ықпал етуге тиіс деп көрсетілген[1]

Сондықтан, құқық қорғау органдарына қылмыстарды тергеу мен ашуға бағытталған әрекеттерді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Бұл орайда қылмыстық істің сотқа дейінгі өндірісіне әрбір тергеу әрекеті дұрыс жүргізіліп ондағы құжаттың айқын процессуалдық тұрғыда толтырылуы заңдылықтың және әділдіктің кепілі болып табылады.

Осыған орай анықтама мен алдын ала тергеу органдарына жүктелген тапсырмаларды тиімді шешу үшін Ішкі Істер Министірлігі жүйесіндегі жоғарғы оқу орындарын бітіріп шығатын болашақ мамандарды тек теориялық тұрғыда ғана емес, сонымен қатар қылмыстық істерді тергеу барысында туындайтын жеке тергеулік жағдайдан да бағыт бағдар болуды талап етеді.

Осыған байланысты тергеудің процессуалдық актілерін, сотқа дейінгі іс жүргізу үлгілерін және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің әр түрлі сатысында пайда болатын штаттық және штаттан тыс тергеулік жағдайлар толық процессуалдық деңгейде жазылуы қажет.

Ал тәжрибе барысындағы қылмыстық істі тергеп-тексерудегі мемлекеттік тілде құрастырылатын құжаттар оның ішінде алдын ала тергеу барысына қажетті арнайы оқу құралдарының жоқтығы көптеген қиындықтар туғызады. Әсіресе жас тергеушілермен анықтаушының қолданатын

[1] Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы

қылмыстық іс жүргізу актілерінің кейбір үлгілерінің жоқтығын атап өтуге болады

Сондықтан бұл дайындалған оқу құралы пайдалануға ыңғайлы болу үшін тергеушінің әр сатыдағы жасайтын қызметіне және іске қатысты шешіміне байланысты мәселелер қамтылды. Осы мақсатта тергеушінің тәжірибесінде әрдайым жиі кездесетін кейбір қателіктері сарапталып, олардың пайда болу себептері анықталып, оның алдын ала тергеу барысында көрсетілген қателіктерді жою және оның алдын алу мақсатында туындап отыр.

Әрине тергеуші өзінің лауазымына байланысты әртүрлі шешімдер қабылдайды. Сондықтан, авторлық ұжым сол шешімдердің тек үлгісін ғана көрсетпей, олардың қандай жағдайда қабылдамайтын алгоритмін көрсетуге тырысты.

Қылмыстық іс жүргізу барысында жас тергеушілерге қосымша жеңілдік көрсету үшін оқу құралы әртүрлі қосымшалармен толықтырылған. Оның ішінде Ішкі істер министірлігінің бұйрықтары мен басқа да нормативтік актілік құжаттары енгізілген. Жалпы осы оқу құралында жүз қырық төрт тергеу жүргізу әрекеті құжаттарының үлгісі көрсетілген.

Тағы бір айта кетерліктей жай ол осы оқу құралында қолданған әртүрлі процессуалдық құжаттардың үлгілері арнайы зерттеу кезінде қылмыстық істерден алынған. Бірақ олардың кемшіліктері заңға сәйкес толықтырылып, іске қатысушылардың аты өзгертілген. Сондықтан да оқырман таныс жағдайлармен осы оқулықты жеке ажырата білер деген ойдамыз.

Авторлық ұжым осы оқулық құралын Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік құжаттары негізінде алдын ала тергеуге қажетті және тәжірибеде қиындық тудыратын үлгілердің барлығын қамтуға тырысты. Сондықтан, авторлық ұжымның пікірі бойынша бұл жұмыс жас тергеуші мен анықтаушылар ғана емес басқада заңгерлерге, адвокаттарға, қорғаушыларға, прокурорларға және заң факультеттерінің студенттеріне, магистрантарына, докторантарына тиімді деп санайды.

## 1 – БӨЛІМ. СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП ТЕКСЕРУДІҢ БАСТАЛУЫ

| | |
|---|---|
| органның атауы, бастығының аты-жөні) бастығына | Энск қ. ІІБ бастығы<br>полиция полковнигі Ж.А.Сағатовқа. |
| арыз берушінің толық аты-жөні; туған күні, айы, жылы, туған жері | Сарсенбаев Данияр Омарханұлы, 16.01.1977 ж.т., Кутузов қаласының тумасы, |
| білімі, отбасы жағдайы, жұмыс орны, қызметі | Білімі: орта, бойдақ,<br>«Семсер» жеке мекемеде күзетші |
| тіркелген жері, нақты тұратын мекенжайы (заңды мекенжайы) | Мекен жайы: Кутузов қ. Зональная көшесі 91үй 10 пәтер |
| байланыс телефондары (үйінің, жұмысының, ұялы) | Үй тел. 87212000000 |
| электрондық адресі | LIANDREI@mail.ru |
| жеке басының куәлігі, төлқұжаты (нөмірі, сериясы, берілген күні) | Жеке куәлігі _№ 011238789<br>берілген 15.10.2013ж. |
| бұған дейін осы қылмыс бойынша басқа құқық қорғау органына арыз берді ме (арыз берген күні, органның атауы)? | Шағымданған жоқ |

**Жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы**
**АРЫЗ**

Маған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 419-бабы бойынша қылмыс жасалғаны туралы көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін қылмыстық жауаптылық туралы және оған ең жоғарғы жаза ретінде 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделгені ескертілді.

________
(қолы)

Мен, Данияр Омарханұлы Сарсенбаев, белгісіз «Динара» атты қызды қылмыстық жауапқа таруыныңызды сұраймын. Өйткені, 01.01.2016 ж. сағат 17-00 шамасында мені алдап және сенімді теріс пайдалану мақсатында, Энск қ. вокзал маңайында маған жалға бір тәулікке пәтер бермекші болды, кепіл

ретінде менін «Nokia 6303», маркалы ұялы телефонымды алып, қылмыс орнынан қашып кетті.

Қылмыспен келтірілген шығынының мөлшері :

Жалпы шығынының мөлшері 30000 тенге құрайды. Ұрланған мүлік:-қара түсті «Nokia 6303», маркалы ұялы телефон.

Арыз менің айтуым бойынша дұрыс жазылды (терілді) және мен оқып шықтым (арызды өз қолыммен жаздым (тердім).

____________________________

Жоғарыда баяндалғандардан бөлек аталған қылмыс бойынша маңызы бар басқа мәліметтерді білмеймін.

____________________________

«_05__» ___01_____ 2016 ж.

«_18__» сағ. «_00__» мин.

Қосымша: ____жазбаша қол хатты кейін беремін_____________

(қылмыс туралы (жасалған хабарламаны) арызды растайтын құжаттар мен өзге материалдардың тізімдемесі)

**Арызды қабылдаған :**
**Энск қ. ІІБ тергеушісі**
**полиция капитаны** **К.С.Алимханов.**

№ ______________________талон-ескертпе берілді
«_05__» ___01_____ 2016 ж.
«_18__» сағ. «_10__» мин.

================================================

| | |
|---|---|
| органның атауы, бастығының аты-жөні) бастығына | Энск қ. ІІБ бастығы<br>полиция полковнигі Ж.А.Сағатовқа. |
| арыз берушінің толық аты-жөні; туған күні, айы, жылы, туған жері | Сағындық Нұрланұлы Касперов, 10.08.1964 ж.т., Кутузов облысы Буденов ауданы Байкадам ауылы, Абай көшесі 35 |
| білімі, отбасы жағдайы, жұмыс орны, қызметі | АҚ «Ақнар», жүргізуші, үйленген |
| тіркелген жері, нақты тұратын мекенжайы (заңды мекенжайы) | Энск облысы, Буденов ауданы, Абай көшесі 35 |
| байланыс телефондары (үйінің, жұмысының, ұялы) | үй. тел. 87212121212 |
| Электрондық адресі | |
| жеке басының куәлігі, төлқұжаты (нөмірі, сериясы, | Жеке бас куәлігі _№ 011230000<br>Берілген күні 15.10.2013ж. |

| | |
|---|---|
| берілген күні) | |
| бұған дейін осы қылмыс бойынша басқа құқық қорғау органына арыз берді ме (арыз берген күні, органның атауы)? | Шағымданған жоқ |
| | |
| | |

**Жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы**
**АРЫЗ**

Маған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 419-бабы бойынша қылмыс жасалғаны туралы көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін қылмыстық жауаптылық туралы және оған ең жоғарғы жаза ретінде 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделгені ескертілді.

_____________
(қолы)

Мен, Касперов Сағындық Омарханович, 15.01.2016 жылғы сағат 19-00 шамамен «Динара» есімді бейтаныс қыз теміржол вокзалының маңында алаяқтық жолмен, яғни жалдауға пәтер беремін – деп, өзінің мүмкіншілігі болмасада, қылмыстық жолмен алдап және сенімге кіру арқылы мені шатастыру жолымен сим-картасыз «Nokia 105», маркалы ұялы телефоның, кепіл ретінде алып, қылмыс орнынан қашып кеткен.

Қылмыспен келтірген шығын :

Жалпы құны 5000 теңге құрайды. Ұрланған мүлік:-қара түсті «Nokia 105» ұялы, телефон.

Арыз менің айтуым бойынша дұрыс жазылды (терілді) және мен оқып шықтым (арызды өз қолыммен жаздым (тердім).________________________

Жоғарыда баяндалғандардан бөлек аталған қылмыс бойынша маңызы бар басқа мәліметтерді білмеймін. ____________________

«_15__» ___01_____ 2016 ж.
«_20__» сағ. «_00__» мин.

Қосымша: ____жазбаша қол хатты кейін беремін_____________
(қылмыс туралы (жасалған хабарламаны) арызды растайтын құжаттар мен өзге материалдардың тізімдемесі)

**Арызды қабылдадым:**
**Энск қ.ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны К.С.Алимханов**
(қылмыстар туралы арыздарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті лауазымды тұлға, қолы тегі, инициалы)

№ ______________________талон-ескертпе берілді
«___» ________ 2016 ж.
«___» сағ. «___» мин.

Қарауды тапсырамын _______________
*(қызметкердің аты-жөні, лауазымы)*

*қолы, күні*

**Энск қ., ІІБ бастығы полиция полковнигі А.Н. Нұрлановқа**

**БАЯНАТ**

Баянат бойынша Сізге 20__ жылы 12 қаңтарда шамамен 03.00-де белгісіз біреу Бейбітшілік көшесі 30 үйдің жанында ашық түрде тез қимылмен азаматша Е.Омаровтың қолынан құны 300 000 теңге тұратын «Нокия» маркалы ұялы телефонын тартып әкеткенін хабарлаймын.

ҚР ҚК 191-бабы «1» бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгісін меңзейтін жеткілікті деректер бар екенін назарға ала отырып, ҚР ҚПК 179,184-баптарына сәйкес бұл баянат БСТТ тіркелуге жатады.

Баянатқа қылмыстық құқық бұзушылық туралы алынған мәліметтерді растайтын материалдарды қоса беріп отырмын:

1) ___________________________________ ___ парақ.
*(барлық заттар мен құжаттардың толық тізбесі көрсетіледі)*

________________________________ ________________
*(лауазымы, сыныптық шені, арнайы атағы)* *(қолы)* *(аты-жөні, тегі)*

Баянатқа қоса беріледі: материалдар ___ парақ.

**Энск қ. ПБ тергеушісі**
**полиця лейтенанты** *(қолы)* **Н.Б. Каренкин**

==============================================

**Энск қ., ПБ бастығы**
**полиция полковнигі**
**Р.Б. Сатановқа**

Рүстем Доскенұлы Секербаев
туған кезі 27.02.1981ж.
туған жері Энск қ.
ҚР азаматы
білімі жоғары, жұмыс орны жұмыссыз,
жеке куәлігі№12345678
тұратын жері Энск қ.,
Құнаев көш. 31/2, 15 үй, 29 пәтер,
тел. 8-700-319-26-67

**КІНӘСІН МОЙЫНДАП КЕЛУ**

Мен, Рүстем Доскенұлы Секербаев, 20__жылы 18 ақпанда шамамен сағат 04.00-де Құнаев көшесі 30 үйдің жанында ашық түрде белгісіз бір әйелдің қолынан «Нокия» маркалы ұялы телефонын тартып әкетіп, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерден қашып кеткенім туралы айыбымды мойындап келдім.

________________
*(қолы)*
«__»_________20__ ж.
«___» сағ. «___» мин.

*Қосымша:* ________________________________________________________
*(құқық бұзушылық туралы арыз (жасалған хабарлама) расталатын құжаттардың және өзге материалдардың тізімдемесі)*

Маған қылмыстық қудалау органында тілді таңдау құқығым түсіндірілді.

________________
*(қолы)*
Өз қолыммен жазылды.

*Күні, қолы*

Кінәсін мойындап келуді қабылдадым
**Энск қ. ПБ тергеушісі**
**полиция лейтенанты** *(қолы)* **Н.Б. Каренкин**

==================================================

## 2 – БӨЛІМ. СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП–ТЕКСЕРУ БАРЫСЫНДА ШЫҒАРЫЛАТЫН ҚАУЛЫЛАР

**Қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдау және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу туралы**
**ҚАУЛЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны М.С.Мукашев № 16353603100022 санды қылмыстық істі қарап,

**АНЫҚТАДЫМ:**

20__ жылы 12 қаңтарда шамамен 03.00-де Достық көшесі 30 үйдің жанында болған белгісіз біреу ашық түрде тез қимылмен азаматша И.Р.Мырзабаеваның қолынан құны 150 000 теңге тұратын «Сони-Ериксон» маркалы ұялы телефонын тартып әкеткен.

Осы сотқа дейінгі тергеп-тексеру маған тапсырылғаның ескере отырып және Қазақстан Республикасының ҚПК 60, 198, 189-баптарын басшылыққа ала отырып,

---

**ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. №16351003101991 қылмыстық ісі өзімнің іс жүргізуіме қабылдансын және алдын ала тергеу (анықтау) нысанында сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілсін.
2. Осы қаулының көшірмесі прокурорға жіберілсін.
3. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарлансын.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.С.Мукашев**

==================================================

**Қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдау және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу туралы**

## ҚАУЛЫ

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны М.С.Мукашев азамат Д.О.Сарсенбаевтың қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабарламаның сотқа дейінгі тергеулердің бірыңғай тізілімінде 01.01.2016жылы № 16353603100022 санды болып тіркелген арызын қарап,

## АНЫҚТАДЫМ:

2016 жылдың қаңтар айының 5 жұлдызында сағат 18-00 шамасында Энск қ. ІІБ аз. Д.О.Сарсенбаев «Динара» есімді әйелге шара қолданып, оны қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы арызданған.

Себебі, ол 01.01.2016жылғы сағат 17-00 шамамен теміржол вокзалының маңында алаяқтық жолмен,яғни жалдауға пәтер беремін–деп алдап, өзінің мүмкіншілігі болма тұрмай, қылмыстық жолмен алдау және сенімге кіру арқылы аз. Сарсенбаевты шатастыру жолмен сим-картасыз «Nokia 6303», маркалы ұялы телефонын және жеке бас куәлігін кепіл ретінде алып, қылмыс орнынан қашып кеткен. Осы қылмыстың салдарынан Д.Сарсенбаевқа 30000 теңге мөлшерде материялдық зиян келтірген.

Осы арызды қарастыру сотқа дейінгі тергеп- тексеру жүргізу үшін, тергеу бөлімінің бастығымен тапсырылған.

Д.Сарсенбаевтың арызында сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын жүзеге асыру үшін толықтай себеп болуына байланысты, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 198, 179,180 бабының 2 бөлігін басшылыққа ала отырып,

## ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру бойынша қылмыстық істі өзімнің іс жүргізуіме қабылдауды.
2. Осы қылмыстық іске №16001 санды нөмерін беруді.
3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауды.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.С.Мукашев**

==================================================

## Жәбірленуші ретінде тану туралы ҚАУЛЫ

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны М.С.Мукашев № 16353603100022 санды қылмыстық істі қарап,

**АНЫҚТАДЫМ:**

01.01.2016 жылғы сағат 17-00 шамамен «Динара» есімді бейтаныс қыз Энск қ. теміржол вокзалының жаңында алаяқтық жолмен, яғни жалдауға пәтер беремін–деп, өзінің мүмкіншілігі болмасада, қылмыстық жолмен алдау және сенімге кіру арқылы аз. Сарсенбаевты шатастыру жолмен сим-картасыз «Nokia 6303», маркалы ұялы телефоның кепіл ретінде алып, қылмыс орнынан қашып кеткен. Осы қылмыстың салдарынан Д.Сарсенбаевқа 30000 теңге мөлшерде материялдық зиян келтірген.

Мәліметтерді ескере отырып, 1977 жылы туған Д.О.Сарсенбаевқа материалдық шығын келтірілген; Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 71 және 198 баптарын басшылыққа ала отырып,

**ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. 16.01.1977 жылы туған, Данияр Омарханұлы Сарсенбаевті, іс бойынша жәбірленуші ретінде танып, оған жариялау.
2. Жәбірленуші Д.О.Сарсенбаевқа оның Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 71 бабы бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.С.Мукашев**

11.01.2016 жылы қаулы маған жарияланды, сонымен қатар Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 71 бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді: жәбірленушінің құқығы бар: 1) келтірілген күдік пен тағылған айыптау туралы білуге; 2) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; 3) дәлелдемелерді ұсынуға; 4) өтінішхаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; 5) аудармашының тегін көмегін пайдалануға; 6) өкілінің болуына; 7) қылмыстық қудалау органы одан дәлелдеу құралы ретінде алып қойған немесе өзі ұсынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаған адамнан алып қойылған, өзіне тиесілі мүлікті алуға, өзіне тиесілі құжаттардың төлнұсқаларын алуға; 8) заңда көзделген жағдайларда күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен татуласуға, оның ішінде медиация тәртібімен татуласуға; 9) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге; 10) өз өтінішхаты не өз өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен қатысуға; 11) сотқа дейінгі тергеп-тексеру

аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметті және кез келген көлемде көшіріп алуға; 12) өзіне және өзінің отбасы мүшелеріне қауіпсіздік шараларын ұсыну, жеке өмірінің мән-жайларын жария етпеу туралы, күдіктіге қатысты жақындауға тыйым салуды қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге; 13) өзін жәбірленуші деп тану немесе танудан бас тарту, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулылардың, айыптау актісінің көшірмелерін, сондай-ақ бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы және қадағалау сатысындағы соттың үкімі мен қаулысының көшірмелерін алуға; 14) бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы және қадағалау сатысындағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға; 15) сот жарыссөздерінде сөйлеуге; 16) айыптауды, оның ішінде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда да қолдауға; 17) сот отырысының хаттамасымен танысуға, бұл ретте хаттаманың соңына өз қолын қоюға, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде осы бөліктің соңына қол қоюға; ал сот отырысында аудио-, бейнетіркеу қолданылған жағдайда – хаттаманың соңына қол қоюға, хаттамаға ескертулер беруге құқылы; 18) қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіруге; 19) соттың үкімі мен қаулысына шағым жасауға; 20) іс бойынша келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық беруге және оларды қарауға қатысуға; 21) өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; 22) тараптардың процестік келісім жасасу ниеті, оның шарттары мен салдары туралы білуге, қылмыспен келтірілген залалды өтеу бойынша өз шарттарын ұсынуға не оны жасасуға қарсылық білдіруге құқығы бар.

Жәбірленуші: қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге, іс бойынша барлық белгілі мән-жайларды шынайы хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

Жәбірленуші шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген кезде ол осы Кодекстің 157-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп әкелуге ұшырауы және оған осы Кодекстің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

Маған құқықтары мен міндеттері түсіндірілді

Жәбірленуші:_______________________________________________

(қолы)

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.С.Мукашев**

================================================

**Жәбірленуші ретінде тану туралы**
**Қ А У Л Ы**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны М.С.Мукашев №16353603100022 санды қылмыстық істі қарап,.

**АНЫҚТАДЫМ :**

15.01.2016 жылғы сағат 19-00 шамамен теміржол вокзалының маңында бейтаныс «Динара» есімді қыз алаяқтық жолмен,яғни жалдауға пәтер беремін–деп алдап, өзінің мүмкіншілігі болмай тұра, сенімге қиянат жасау арқылы аз. С.Н.Касперовтан сим-картасыз, құны 5000 теңге тұратын «Nokia 105», маркалы ұялы телефоның алып, қылмыс орнынан қашып кеткен.

Осы қылмыстың салдарынан С.Н. Касперовқа 5000 теңге мөлшерде материялдық зиян келтірген.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмысы бойынша 10.08.1964 жылы туған аз.С.Н.Касперовқа материалдық шығын келтірілген, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 71 және 198 баптарын басшылыққа ала отырып,

**ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. 10.08.1964 жылы туған аз. Сағындық Нұрланұлы Касперовты, қылмыстық іс бойынша жәбірленуші деп тану және оған хабарлау.
2. Жәбірленушіге Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 71 бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.С.Мукашев**

Қаулы маған 2016 ж., қантардың 20 күні жарияланды және Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 71 бапта көрсетілген құқықтарым мен міндеттерім түсіндірілді, жәбірленуші құқылы: 1) келтірілген күдік пен тағылған айыптау туралы білуге; 2) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; 3) дәлелдемелерді ұсынуға; 4) өтінішхаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; 5) аудармашының тегін көмегін пайдалануға; 6) өкілінің болуына; 7) қылмыстық қудалау органы одан дәлелдеу құралы ретінде алып қойған немесе өзі ұсынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаған адамнан алып қойылған, өзіне тиесілі мүлікті алуға, өзіне тиесілі құжаттардың төлнұсқаларын алуға; 8) заңда көзделген жағдайларда күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен татуласуға, оның ішінде медиация тәртібімен татуласуға; 9) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге; 10) өз өтінішхаты не өз өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен қатысуға; 11) сотқа дейінгі тергеп-тексеру

аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметті және кез келген көлемде көшіріп алуға; 12) өзіне және өзінің отбасы мүшелеріне қауіпсіздік шараларын ұсыну, жеке өмірінің мән-жайларын жария етпеу туралы, күдіктіге қатысты жақындауға тыйым салуды қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге; 13) өзін жәбірленуші деп тану немесе танудан бас тарту, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулылардың, айыптау актісінің көшірмелерін, сондай-ақ бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы және қадағалау сатысындағы соттың үкімі мен қаулысының көшірмелерін алуға; 14) бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы және қадағалау сатысындағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға; 15) сот жарыссөздерінде сөйлеуге; 16) айыптауды, оның ішінде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда да қолдауға; 17) сот отырысының хаттамасымен танысуға, бұл ретте хаттаманың соңына өз қолын қоюға, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде осы бөліктің соңына қол қоюға; ал сот отырысында аудио-, бейнетіркеу қолданылған жағдайда–хаттаманың соңына қол қоюға, хаттамаға ескертулер беруге құқылы; 18) қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіруге; 19) соттың үкімі мен қаулысына шағым жасауға; 20) іс бойынша келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық беруге және оларды қарауға қатысуға; 21) өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; 22) тараптардың процестік келісім жасасу ниеті, оның шарттары мен салдары туралы білуге, қылмыспен келтірілген залалды өтеу бойынша өз шарттарын ұсынуға не оны жасасуға қарсылық білдіруге құқығы бар. Осы Кодекстің 76-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, жәбірленушіге заң көмегі тегін ұсынылады. Жәбірленуші: қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге, іс бойынша барлық белгілі мән-жайларды шынайы хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті. Жәбірленуші шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген кезде ол осы Кодекстің 157-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп әкелуге ұшырауы және оған осы Кодекстің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

Жәбірленушіге құқықтарын және міндеттерін түсіндірді:

Жәбірленуші ____________________ / қолы

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.С.Мукашев**

==================================================

**Іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тергеушілер, тобына тапсыру туралы**

**ҚАУЛЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны М.С.Мукашев № 16353603100022 санды қылмыстық істі қарап,

**АНЫҚТАДЫМ:**

20__ жылғы 26 маусым сағат 20:00-20__ жылғы 27 маусым сағат 08:00 уақыты кезеңінде Д.Ж. Шоқыбасов Энск қаласы Ержанов көшесінде орналасқан №10 үй ауласында болып, 1975 ж.т. азаматша М.Л. Ұзақбаеваға тиесілі, мемлекеттік нөмірі М 060 FDN «Тойота Камри» маркалы автомашинасын жасырын ұрлап кеткен, осы арқылы соңғы аталған адамға елеулі материалдық залал келтірген.

Жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілік деңгейі жоғары екенін назарға алып, сондай-ақ тергеп-тексерудің қиындығы мен тергеу әрекеттерінің ауқымды көлемін орындау қажеттігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының ҚПК 194-бабының 1-бөлігін және 198 бабын басшылыққа ала отырып,

**ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. Бұл іс бойынша тергеу (жедел-тергеу) тобы мына құрамда құрылсын:
   - Энск қ. ІІБ ТБ тергеушісі полиция аға лейтенанты О.Р.Омашев;
   - Энск қ. ІІБ ТБ тергеушісі полиция аға лейтенанты А. Тұтқышев;
   - Энск қ. ІІБ ТБ тергеушісі полиция майоры З. Хамитов.
2. Топ басшысы болып-Энск қ. ІІБ ТБ тергеушісі полиция майоры З. Хамитов тағайындалсын, оған жоғарыда көрсетілген тергеушілердің әрекетіне басшылық жасау тапсырылсын.
3. Мүдделі адамдар тергеу тобының құрамымен таныстырылсын, оларға бұл топ басшысынан не кез келген оның мүшесінен бас тарту құқығы түсіндірілсін.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.С.Мукашев**

==================================================

**«Б Е К І Т Е М І Н»**
**Энск қ. ІІБ бастығы**
**полиция полковнигі**
**Т. Рамазанов**
**«    » қантар 20    ж.**

**Алдын ала тергеу тағайындау туралы**
**ҚАУЛЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан

Энск қаласы ІІБ АБ анықтаушысы полиция капитаны М.С.Мукашев № 16353603100022 санды қылмыстық істі қарап,

**АНЫҚТАДЫМ:**

20__ жылғы 01 қаңтарда 11.00–12.30 сағат уақыты кезеңінде белгісіз біреу мына: Энергетик көш. №1 үй мекенжайында болып ашық түрде үйге енген, одан 1994 жылы туған азамат З. Мартбековтың жеке мүлкін ұрлап әкеткен, осы арқылы оған 420 818 теңге көлемінде материалдық залал келтірген.

Қазақстан Республикасының ҚПК 192-бабы 2-бөлігінде көзделген мерзім бойынша істің мән-жайын зерттеу жеткіліктілігі мен толықтығын қамтамасыз ету мүмкін еместігін ескере келе, Қазақстан Республикасының ҚПК 62, 63, 189, 198-баптарын басшылыққа ала отырып,

**ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. №16751903100001 қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу жүргізу тағайындалсын.
2. Осы қаулының көшірмесі 24 сағаттың ішінде прокурорға жіберілсін.
3. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлансын.

**Энск қаласы ІІБ АБ анықтаушысы**
**полиция капитаны М.С.Мукашев**

==============================================

**Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған адамды босату туралы**
**ҚАУЛЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны М.С.Мукашев № 16353603100022 санды қылмыстық істі қарап,

**АНЫҚТАДЫМ:**

20__ жылғы 01 қаңтарда 11 сағат 00 минут-12 сағат 30 минут аралығы кезеңінде 15.06.1989 ж.т., Д.Қ.Бакиров мына мекенжай бойынша: Гравийная көш. №1 үй ауласында болып, ашық кіру арқылы алюминий фляганы ұрлап әкеткен, осы арқылы 1967 жылы туған азамат З.Мартбековқа 10 000 теңге көлемінде материалдық залал келтірген.

Көрсетілген мән-жайлар кезінде Д.Қ.Бакиров Қазақстан Республикасының ҚК 188-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыс жасады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға күдікті ретінде ұстап алу мән-жайлары.

20___ жылғы 1 қаңтарда 13 сағат 00 минутта Қазақстан Республикасының ҚПК 128-бабы тәртібімен 15.06.1989 ж.т. азамат Д.Қ.Бакиров ұстап алынды, ол мына: Энск қ., Сейфуллин көш., 125 үй мекен-жайы бойынша тұрады, Қазақстан Республикасының азаматы, білімі орташа, бұрын сотталмаған.

Жазылғандарды назарға ала, іс материалы бойынша Д.Қ.Бакировқа қатысты бұлтартпау шарасы – күзетпен ұстауды таңдау үшін және оны УҰИ одан әрі ұстауға негіз жоқ екенін ескере келе, Қазақстан Республикасының ҚПК, 198,133-бабы 1-бөлігінің талаптарын басшылыққа ала отырып,

**ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. Д.Қ.Бакиров, 15.06.1989 ж.т. Энск қ., ІІБ УҰИ-дан дереу босатылсын.
2. Д.Қ.Бакировқа ұстап алынғаны туралы анықтама берілсін.
3. Осы қаулы Энск қ., ІІБ УҰИ бастығына орындау үшін жіберілсін.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.С.Мукашев**

==========================================================

## Бұлтартпау шарасын қолдану туралы
## ҚАУЛЫ

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны М.С.Мукашев № 16353603100022 санды қылмыстық істі қарап,

Тегі, аты, әкесінің аты: Бакиров Дамир Қайратұлы
Туған жылы, айы және күні: 16.05.1989 ж.т.
Туған жері: ОҚО, Энск қ.
Тұратын жері: ОҚО, Энск қ., Жанқожа батыр көш., 24 үй, 52 пәтер,тел.: 8 707 518 05 37
Ұлты: қазақ
Азаматтығы: Қазақстан Республикасының.
Білімі: орта
Партияда болуы: партияда жоқ
Жұмыс орны, лауазымы: уақытша жұмыс істемейді
Отбасылық жағдайы: үйленбеген
Үкіметтік наградалары: жоқ
Депутат болып сайланды ма: сайланған жоқ
Паспорт немесе басқа құжат: №134512578 жеке куәлігі,Қазақстан Республикасының ІІМ 2009 жылғы 21 тамызда берген
Қорғаушы қажет пе: қамтамасыз етілген
Қандай тілде айғақ беруді қалайды: орыс тілінде.
Әскери міндеттілікке қатынасы: әскери міндетті емес
Соттылығы: бұрын сотталмаған

## АНЫҚТАДЫМ:

20__ жылғы 19 қаңтарда шамамен 17:00 сағатта Д.Қ.Бакиров Энск қ. Ломоносов көш. бойында орналасқан теміржол вокзалының жанында болып, алдау және З.Мартбековтың сенімін теріс пайдалану арқылы соңғысына тиесілі мүлікті иемденіп алған, осы арқылы З.Мартбековқа 23 000 теңге материалдық залал келтірген.

Нақты айтқанда, З.Мартбеков 20__ жылғы 19 қаңтарда шамамен 19.00 сағатта Энск қ., Ломоносов пен Уалиханов көшелерінің қиылысында орналасқан Энск Теміржол вокзалының жанындағы алаңда оған бұрын таныс емес З.Мартбеков пен С.Ж. Аязбергенов келіп, жалдамалы 2-бөлмелі пәтер туралы сұрайды, Д.Қ.Бакиров жалға беретін пәтері болмаса да, қасақана, пайдакүнемдік мақсатпен, бөтен біреудің мүлкін алдау және сенімді теріс пайдалану арқылы ұрлау мақсатында, З. Мартбековты шатастырып, бірнеше

мәрте әрекет жасай отырып, Энск қ., Кереев көш., орналасқан меншікті пәтері бар екенін және оны 10 000 теңгеге жалға беруге дайын екенін айтқан.

З. Мартбековтың пәтерді жалдау құнын төлеуге мүмкіндігі болмағандықтан Д.Қ.Бакиров кепіл ретінде өзінің «Самсунг-Ериксон» ұялы телефонын ұсынады, оған соңғысы келіседі. Олар Энск қ., Кереев көшесінде орналасқан №1 үйдің ауласына өтеді, сеніп қалған З.Мартбеков алданып отырғаны туралы білмей Д.Қ.Бакировқа пәтер ақысы ретінде құны 5000 теңге болатын өзінің «Nokia 105» маркалы ұялы телефонын береді, Д.Қ.Бакировқа өз кезегінде өзінің ұсынысын жүзеге асыруға ұмтылмай, оған қоса пәтер ұсынудың нақты мүмкіндігі болмай тұрса да З.Мартбековтың ұялы телефонын алаяқтық жолмен алып, қылмыс жасалған орыннан кетіп қалады. Д.Қ.Бакировтың алаяқтық әрекеті салдарынан жәбірленуші З.Мартбековқа 5000 теңге сомасында материалдық залал келтірілген.

Қазақстан Республикасының ҚПК 136-бабы 1-бөлігіне сәйкес күдікті қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынады не істің объективті тергелуіне не оны сотта талқылауға кедергі келтіреді не қылмыстық әрекетпен айналысуды жалғастыра береді деген жеткілікті негіздер болғандықтан, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізетін органның үкімін орындауды қамтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде бұл адамға осы Кодекстің 137-бабында көзделген бұлтартпау шараларының бірін қолдануға құқылы.

Д.Қ.Бакировтың қылмыс жасауға бейім болу мән-жайларын ескере отырып, оған қатысты бұлтартпау шарасын таңдау қажеттігі туындады.

Айтылғандар негізінде, Қазақстан Республикасының ҚПК 136, 140, 141,198-баптарын басшылыққа ала отырып,

**ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. Дамир Қайратұлы Бакировқа, 16.05.1989 ж.т., қатысты «Ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлқы туралы қолхат» түрінде бұлтартпау шарасы қолданылсын, бұл туралы оған осы қаулыға қол қойғыза отырып хабарлансын.
2. Осы қаулының көшірмесі Д.Қ.Бакировқа тапсырылсын және мұнымен бірге Қазақстан Республикасының ҚПК көзделген бұлтартпау шарасын қолдану туралы шешімге шағым беру тәртібі түсіндірілсін.
3. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлансын.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны** (қолы) **Н.С.Мукашев**

==================================================

**Бұлтартпау шарасын қолдану туралы**
**ҚАУЛЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны М.С.Мукашев № 16353603100022 санды қылмыстық істі қарап,
Тегі, аты, әкесінің аты: Бакиров Дамир Қайратұлы
Туған жылы, айы және күні: 16.05.1989 ж.т.
Туған жері: ОҚО, Энск қ.
Тұратын жері: ОҚО, Энск қ., Жанқожа батыр көш., 24 үй, 52 пәтер,тел.: 8 707 518 05 37
Ұлты: қазақ
Азаматтығы: Қазақстан Республикасының.
Білімі: орта
Партияда болуы: партияда жоқ
Жұмыс орны, лауазымы: уақытша жұмыс істемейді
Отбасылық жағдайы: тұрмыста емес
Үкіметтік наградалары: жоқ
Депутат болып сайланды ма: сайланған жоқ
Паспорт немесе басқа құжат: жеке куәлігі№ _________
Қорғаушы қажет пе: қамтамасыз етілген
Қандай тілде айғақ беруді қалайды: орыс тілінде.
Әскери міндеттілікке қатынасы: әскери міндетті емес
Соттылығы: бұрын сотталмаған

**АНЫҚТАДЫМ:**

20__ жылғы 19 қаңтарда шамамен 17:00 сағатта Д.Қ.Бакиров Энск қ. Ломоносов көш. бойында орналасқан теміржол вокзалының жанында болып, алдау және З.Мартбеков сенімін теріс пайдалану арқылы соңғысына тиесілі мүлікті иемденіп алған, осы арқылы З.Мартбековқа 23 000 теңге материалдық залал келтірген.

Нақты айтқанда, Д.Қ.Бакиров, 20__ жылғы 19 қаңтарда шамамен 19.00 сағатта Энск қ., Ломоносов пен Уалиханов көшелерінің қиылысында орналасқан Энск Теміржол вокзалының жанындағы алаңда оған бұрын таныс емес З.Мартбеков пен С.Ж. Аязбергенов келіп, жалдамалы 2-бөлмелі пәтер туралы сұрайды, Д.Қ.Бакиров жалға беретін пәтері болмаса да, қасақана, пайдакүнемдік мақсатпен, бөтен біреудің мүлкін алдау және сенімді теріс пайдалану арқылы ұрлау мақсатында, З.Мартбековты шатастырып, бірнеше мәрте әрекет жасай отырып, Энск қ., Кереев көш., орналасқан меншікті пәтері бар екенін және оны 10 000 теңгеге жалға беруге дайын екенін айтқан.

З.Мартбековтың пәтерді жалдау құнын төлеуге мүмкіндігі болмағандықтан Д.Қ.Бакировқа кепіл ретінде өзінің «Сони-Ериксон» ұялы телефонын ұсынады, оған соңғысы келіседі. Олар Энск қ., Кереев көшесінде орналасқан №1 үйдің ауласына өтеді, сеніп қалған З.Мартбеков алданып отырғаны туралы білмей Д.Қ.Бакировқа пәтер жалы ретінде құны 5000 теңге болатын өзінің «сони-Ериксон» маркалы ұялы телефонын береді, Д.Қ.Бакировқа өз кезегінде өзінің ұсынысын жүзеге асыруға ұмтылмай, оған қоса пәтер ұсынудың накты мүмкіндігі болмай тұрса да З.Мартбековтың ұялы телефонын алаяқтық жолмен алып, қылмыс жасалған орыннан кетіп қалады.

Д.Қ.Бакировтың алаяқтық әрекеті салдарынан жәбірленуші З.Мартбековқа 5000 теңге сомасында материалдық залал келтірілген.

Қазақстан Республикасының ҚПК 136-бабы 1-бөлігіне сәйкес күдікті қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынады не істің объективті тергелуіне не оны сотта талқылауға кедергі келтіреді не қылмыстық әрекетпен айналысуды жалғастыра береді деген жеткілікті негіздер болғандықтан, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізетін органның үкімін орындауды қамтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде бұл адамға осы Кодекстің 137-бабында көзделген бұлтартпау шараларының бірін қолдануға құқылы.

20__ ж. 12 қаңтарда Энск қ., ІІБ-ге күдікті Д.Қ.Бакировтың ата-анасы– Қ.Бакиров және Н.Бакирова жазбаша өтінішхатпен келді, өтінішхатта өз қыздарына қатысты жеке кепілгерлік түрінде бұлтартпау шарасын таңдауды өтінеді, онда оның тиісті мінез-құлық көрсететіні және қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келетіні туралы көрсетті.

Жоғарыда жазылғанды, сондай-ақ Д.Қ.Бакировтың ата-анасы күдіктімен бірге тұрғандықтан, бұрын сотталмағандықтан олар сенімге лайық болып отырған мән-жайды ескере отырып, Д.Қ.Бакировқа қатысты жеке кепілгерлік түрінде бұлтартпау шарасын қолдануға болады.

Жазылғанның негізінде Қазақстан Республикасының ҚПК 136, 140, 142, 198-баптарын басшылыққа ала отырып,

## ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

1. Дамир Қайратұлы Бакировқа, 16.05.1989 ж.т., қатысты «жеке кепілгерлік» түрінде бұлтартпау шарасы қолданылсын, бұл туралы күдіктінің ата-анасынан жазбаша міндеттеме алынсын.
2. Күдікті Д.Қ.Бакировтың кепілгерлері ретінде–Бакиров Қайрат Жұманұлы, 11.01.1952 ж.т., сондай-ақ Бакирова Назира Болатқызы, 15.05.1954 ж.т, танылсын,олар бұрын сотталмаған, Энск қ., Жанқожа батыр көш., 24 үй, 52 пәтер мекенжайы бойынша тұрады.
3. Кепілгерлерге олар кепілгер болып отырған адамға қатысты күдіктің мәні, күдікті алдын алу үшін осы бұлтартпау шарасы қолданылып

отырған әрекеттер жасаған жағдайда оларға ақшалай өндіріп алу қолданылатын жауаптылық түсіндірілсін.

4. Осы қаулының көшірмесі Д.Қ.Бакировқа берілсін және сонымен қатар Қазақстан Республикасының ҚПК көзделген бұлтартпау шарасын қолдану туралы шешімге шағым жасау тәртібі түсіндірілсін.
5. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлансын.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.С.Мукашев**

Қаулымен таныстық, оға қатысты біз кепілдік беріп отырған адамға келтірілген күдік мәні және күдікті алдын алу үшін осы бұлтартпау шарасы қолданылып отырған әрекеттер жасаған жағдайда болатын жауаптылық бізге түсіндірілді:

_________________ кепілгер Қ.Ж.Бакиров
(қолы)
_________________ кепілгер Н.Б.Бакирова
(қолы)

Қаулы хабарланды: 20__ ж. «___» қаңтар
Таныстым және сонымен қатар бұлтартпау шарасын қолдану туралы шешімге шағым жасау тәртібі түсіндірілді.

Күдікті:_________________ Д.Қ.Бакиров
(қолы)

=====================================================

**Күдікті**
**Алмаз Даулетұлы Байжұмановқа**
**кепілді қолдану**
**САНКЦИЯ БЕРЕМІН**
**Энск қаласының прокуроры**
**әділет аға кеңесшісі**
**___________ Т.Р.Садиков**
**20__ ж. «___ »___________**

**Бұлтартпау шарасын қолдану туралы**
**Қ А У Л Ы**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны М.С.Мукашев № 16353603100022 санды қылмыстық істі қарап,

Тегі, аты, әкеісінің аты: Дулат Заңғарұлы Қанағатов
Туған жылы, айы және күні: 24.07.1985 ж.т.
Туған жері: Энск қ.
Тұрғылықты жері: Энск қ., Сәтпаевк-сі, 24-үй, 52-пәтер. Тел.: 8 707 516 07 37
Ұлты: қазақ
Азаматтығы: Қазақстан Республикасының
Білімі: орташа
Партияда болуы: партияда емес
Жұмыс орны, лауазымы: уақытша жұмыс істемейді
Отбасылық жағдайы: үйленген, 2 бала тәрбиелеуде
Үкіметтік марапаттаулары: жоқ
Депутат болып сайланған ба: сайланбаған
Паспорт немесе басқа құжаттары: жеке куәлігі №1542656146 Қазақстан Республикасының ІІМ 21.05.2005 жылы берген
Қорғаушы қажет пе: қамтамасыз етілген
Қандай тілде жауап бергісі келеді: орысша.
Әскери міндетке қатысы: әскери міндетті
Соттылығы: бұрын сотталмаған

**АНЫҚТАДЫМ:**

05.01.20__жылы шамамен 17:00 сағатта Д.З.Қанағатов Энск қаласы Жеңіс көшесі бойынша орналасқан Темір жол вокзалының жанында Қ.С.Сайлауовтың сенімін қасақана пайдалану және алдау жолымен соңғысына тиесілі мүлікті иеленді, осылайша Қ.С.Сайлауовқа 23 000 теңге сомаға материалдық залал келтірген.

07.01.20__ж. Д.З.Қанағатовтың әрекеті Қазақстан Республикасының ҚК 190-бабының 1-бөлігі бойынша қайта сараланған.

Күдіктіге Қазақстан Республикасының ҚПК 64-бабының 9-бөлігінде көзделген құқықтары түсіндірілген кезде Д.З.Қанағатов оған кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы қолдаухат жазды. Осыған байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында Д.З.Қанағатов онда құны 2 000 000 теңге тұратын «Лада – Гранта» маркалы, м/н М 797 REA В автокөліктің барын растайтын құжаттарды ұсынды. Қазақстан Республикасының ҚПК 136-бабының 1-бөлігіне сәйкес күдікті қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынып жүр не істі объективті тергеп-тексеруге немесе сотта талқылауға кедергі келтіреді не қылмыстық әрекетпен айналысуды жалғастырады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізетін орган үкімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін өз өкілеттіктері шегінде осы адамға ҚПК-тің 137-бабында көзделген бұлтартпау шараларының бірін қолдануға құқылы.

Саржанов жасаған әрекет ауырлығы аз қылмыс санатына жатады.

Жоғарыда жазылғанды, сондай-ақ Д.З.Қанағатовтың бұрын сотталмағандығы, оң мінездемеге ие екендігі, келтірілген материалдық залалады өтеуге дайын екендігі және кепіл түрінде бұлтартпау шарасын қолдану туралы қолдаухаты есепке алына отырып Д.З.Қанағатовқа қатысты бұлтартпаудың көрсетілген шарасы  қолданылуы мүмкін.

Жазылғанның негізінде, Қазақстан Республикасының ҚПК 136, 140, 145, 198-баптарын басшылыққа ала отырып,

**ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. Қазақстан Республикасының азаматы, Энск қаласының тұрғыны 24.07.1985 ж.т. күдікті Д.З. Қанағатовқа қатысты кепіл түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылсын.
2. Д.З.Қанағатовқа меншік құқығына тиесілі «Лада-Гранта» маркалы м/н М 797 REA автокөлік түріндегі кепіл Халық банкінің №00001312151515 депозиттік шотына енгізілуі тиіс елу есе айлық көрсеткіште айқындалсын.
3. Д.З.Қанағатовқа меншік құқығына тиесілі «Лада-Гранта» маркалы м/н М 797 REA автокөлікке тыйым салынсын.

Осы қаулының көшірмесі 20__ ж. "___" қаңтарда маған берілді және ҚПК 31-бабының 1-бөлігіне сәйкес қабылданған шешімге шағымдану тәртібі түсіндірілді.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.С.Мукашев**

==================================================

**«КЕЛІСІЛГЕН»**
**Энск гарнизоны**
**Әскери полиция**
**бөлімінің бастығы**
**подполковник**
**Д. Нариманов**
**20___ жылғы «___» қаңтар**

**Әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда байқауында ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы**
**ҚАУЛЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны М.С.Мукашев № 16353603100022 санды қылмыстық істі қарап,

| | |
|---|---|
| Т.А.Ә.А. | Бакиров Дамир Қайратұлы |
| Туған жылы: | 16 мамыр 1989 ж.т. |
| Туған жері: | Энск қ-сы |
| Мекенжайы: | Энск қ-сы, Мәметова к-сі,39-үй |
| Ұлты: | қазақ |
| Азаматтығы: | Қазақстан Республикасы |
| Білімі: | орта |
| Жұмыс орны және лауазымы: | 66597 ә/б жедел қызметінің әскери қызметшісі |
| Отбасылық жағдайы: | бойдақ |
| Үкіметтік марапаттаулары: | жоқ |
| Соттылығы: | бұрын сотталмаған |

**АНЫҚТАДЫМ:**

08.01.20__ жылы сағат 18:45-та Энск гарнизоны ӘПБ кезекші бөліміне 30238 ә/б командирі подполковник Қ.А.Жанабаевтан 597 ә/б әскери қызметшісі жедел қызметтің қатардағы Қ.Бакировтың қызметтік кабинетінің жанында тәртіпсіздік жасағаны туралы хабарламасы түсті. Дәлірек айтқанда ол оған ашық айтқанда этимологиясында А.Жанабаев пен оның балаларын өлтіруге қауіп төндіре отырып қорқыту мағынасындағы нормативтік емес лексикадағы дөрекі сөздер айта отырып әлімжеттік көрсетпекші болып қатер төндірген, оның кабинетінің есігін қолының жұдырығымен ұрғылаған.

Қатардағы Қ.Бакиров өзінің құқыққа сай емес әрекеттерімен бөлім қолбасшысын сыйламайтындығын көрсетіп, өлтірумен қорқытумен, денсаулығына зиян келтірумен білдірілген психикалық күш қолданып, бөтеннің мүлкіне оның құны мен эстетикалық түрін бүлдіре отырып зиян келтірді.

Күдікті К. Бакировты оқшаулау қажеттілік туғызбайтындығын назарға ала отырып және осы адамның бұрын сотты болмағандығын, 597 ә/б нақты жедел қызметті өткеруде екендігін есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының ҚПК 136-140 және 143-баптарын басшылыққа ала отырып,

**ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

1. 597 ә/б әскери қызметшісі 1989 жылғы 16 мамырда туған күдікті Дамир Қайратұлы Бакировқа «597 ә/б қолбасшылығының қадағалауы» түрінде бұлтартпау шарасы қолданылсын, оған осы қаулыға қол қойғызу арқылы хабарлансын.
2. Осы қаулының көшірмесі 597 ә/б командиріне орындау үшін жіберілсін.

3. Осы қаулының көшірмесі Энск гарнизоны әскери прокурорына жіберілсін.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.С.Мукашев**

20__ жылғы «___» қаңтарда қаулымен таныстым, көшірмесін алдым, оған шағымдану тәртібі туралы осымен бір уақытта түсіндірілді.
Күдікті ________________________ Д.Қ.Бакиров

597 ә/б командирі
полковник Н.Нұрланов

Қазақстан Республикасының ҚПК 143-бабының 2-бөлігіне сәйкес әскери қызметші Қ.Бакировқа қолбасшылығының **қадағалауы** түрінде бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулы орындау үшін жіберіледі.

Күдіктену мәні: 08.01.20__ жылы сағат 18:45-та Энск гарнизоны ӘПБ кезекші бөліміне 30238 ә/б командирі подполковник А.Жанабаевтан 597 ә/б әскери қызметшісі жедел қызметтің қатардағы Қ.Бакиров оның қызметтік кабинетінің жанында тәртіпсіздік жасағаны туралы хабарламасы түсті. Дәлірек айтқанда ол оған ашық айтқанда этимологиясында Жанабаевпен пен оның балаларын өлтіруге қауіп төндіре отырып қорқыту мағынасындағы нормативтік емес лексикадағы дөрекі сөздер айта отырып әлімжеттік көрсетпекші болып қатер төндірген, оның кабинетінің есігін қолының жұдырығымен ұрғылаған.

Қатардағы Қ.Бакиров өзінің құқыққа сай емес әрекеттерімен бөлім қолбасшысына сыйламайтындығын көрсетіп, өлтірумен қорқытумен, денсаулығына зиян келтірумен білдірілген психикалық күш қолданып, бөтеннің мүлкіне оның құны мен эстетикалық түрін бүлдіре отырып, зиян келтірді. Күдікті алдын алу үшін осы бұлтартпау шарасы таңдап алынған әрекеттерді жасаған жағдайда, Сіз бұл туралы Қазақстан Республикасының ҚПК 143-бабының 3-бөлігіне сәйкес Энск гарнизонының әскери полициясы бөліміне дереу хабарлауға міндеттісіз.

Осымен бір уақытта Қазақстан Республикасының ҚПК 143-бабының 4, 5-бөліктеріне сәйкес қадағалау бойынша оларға жүктелген міндеттердің орындалмауына кінәлі тұлғалар заңнамада көзделген тәртіптік жауапкершілікке тартылатындығын түсіндіремін.

Осы бұлтартпау шарасы қолданылатын кезеңде күдіктіні әскери кезекшілікке, әскери және қарауылдық қызметті өткеруге, гарнизондық наряд құрамындағы қызметке немесе бөлімнің (бөлімшенің) тәуліктік нарядына тартуға жол берілмейді.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.С.Мукашев**

==========================================================

**Кәмелетке толмаған адамды ата-анасының қарауына беру түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы**
**ҚАУЛЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны М.С.Мукашев № 16353603100022 санды қылмыстық істі қарап,

| | |
|---|---|
| Кәмелетке толмаған адамның тегі, аты, әкесінің аты: | Асхат Жоламанұлы Иманбаев |
| Туған жылы, айы, күні: | 01.01.2001 ж.т. |
| Туған жері: | ОҚО, Энск қ. |
| Тұрғылықты жері: | Энск қ., 11 шағын аудан, 23-үй, 203-пәтер |
| Ұлты: | қазақ |
| Азаматтығы: | Қазақстан Республикасының. |
| Білімі: | №15 орта мектептің оқушысы, 8-сынып |
| Соттылығы: | бұрын сотталмаған |

**АНЫҚТАДЫМ:**

16.01.20__ жылы шамамен сағат 11:00-де 01.01.2001 ж.т. Асхат Жоламанұлы Иманбаев №15 орта мектептің киім шешетін орнында тұрып ұрлық жасау, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру мақсатымен қасақана пиғылмен кәмелетке толмаған М.Сабыровтың қысқы күртесінің қалтасынан оның анасы А.Сабыроваға тиесілі «Сони-Ериксон» маркалы ұялы телефонды еркін қолжеткізу жолымен шығарған.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев Қазақстан Республикасының ҚПК 181-бабы 2-бөлігіне сәйкес Энск қ. ІІБ үй-жайында 22 сағ. 30 минутте азамат Алмаз Бекболатұлы Жайлауовтан ауызша түрдегі кінәсін мойындап келуді қабылдадым, ол 1982 жылы 25 шілдеде туған, Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының тумасы, қазақ, үйленбеген, білімі орташа, мынадай: Энск қ., Достық көш., 8 мекенжайда тұрады.

А.Б.Жайлауовтың жеке басы № 16000557788 Қазақстан Республикасының Әділетмині 2010 жылғы 20 наурызда берген жеке куәлігімен анықталды.

Көрінеу жалға сөз жеткізгенім үшін Қазақстан Республикасының ҚК 419-бабы 2 бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылық туралы ескертілді.

Арыз иесінің қолы ___________.

Орыс тілін жетік білемін, аудармашы қажет емес.

Арыз иесінің қолы ___________.

Бұл ретте А.Б.Жайлауов мынадай мәлімдеме жасады: «10.01.20___ж. Жұмыстан қайтып келе жатқанымда, шамамен 20 сағатта Энск қаласы Достық пен Төлепов көшелерінің қиылысында орналасқан «Арна» дүкенінің жанында азиат ұлты мен танымайтын ер адам пышақпен қорқытып менің күзен бас киімімді беруді талап етті.

Мен беруден бас тартым, ол бас киімді жұлып алуға ұмтылды. Екеуміз күресу кезінде мен оның пышағын жұлып алдым, маған тағы да тап берген кезінде оны осы пышақпен ұрдым. Ол алған жарақатына байланысты құлап қалды, мен қорқып кетіп, оқиға орнынан қашып кеттім.

Болған оқиға туралы мен ешкімге айтқан жоқпын, ал жарақаттан құлаған адам туралы осы уақытқа дейін хабарым жоқ. Мен жасаған әрекетімді мойындағым келді, себебі сол уақыттан бері тыныш тіршілік етуден қалдым.

Хаттаманы оқып шықтым, менің сөзім дұрыс жазылған, өзгерістер мен қосымшалар жоқ.

Арыз иесінің қолы ___________.

Ауызша арыз хаттамасын жасаған:

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны** (қолы) **Н.Н.Мукашев**

==========================================================

**Оқиға орнын қарап-тексеру**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев 03 сағ. 10 минутта И.Р.Мырзабаевадан белгісіз біреу Достық көшесі №30 үйдің жанында оның «Сони Ериксон» маркалы ұялы телефонын ашық түрде тартып әкеткені туралы хабарлама алдым.

Мына: Достық көшесі №30 үй мекен-жайындағы оқиға орнына келіп, Қазақстан Республикасының ҚПК 219 және 220-баптарын басшылыққа ала отырып, төмендегілердің қатысуымен:

1. жедел уәкіл Б. Қамбаров,
2. криминалист-маман Ж. Дәулетов,
3. кинолог Р. Тоқтамысов,

мына куәгерлердің қатысуымен:

1) Зарина Жұманқызы Ерикова, 11.07.1991 ж.т., мекенжайы Энск қ., Иманов көш.,10 үй, №5 пәтер

2) Камшат Исатайқызы Исабекова, 18.04.1989 ж.т., мекенжайы Энск қ. Абай көш., 10 үй, №15 пәтер иегер ________________________________ қатысуымен және келісуімен оқиға орнын қарап-тексеру жүргізілді, бұл туралы Қазақстан Республикасының ҚПК 199 және 224-баптарына сәйкес осы хаттама жасалды.

Қарап-тексеру басталар алдында жоғарыда аталған адамдарға олардың тергеу әрекетін жүргізуге қатысуы; тергеу әрекеттеріне орай хаттамаға енгізуге жататын өтініштер мен ескертпелер жасау; өздері қатысатын тергеу әрекеттерінің хаттамасымен танысу; қылмыстық қудалау органының әрекетіне шағым келтіру; қылмыстық іс бойынша оны жүргізу кезінде олар шеккен шығыстарға өтем алу; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхат мәлімдеу құқықтары түсіндірілді. Оларға қарап-тексеру жүргізу кезінде қажетті жағдайларда оның барысы мен нәтижелерін тіркеудің техникалық құралдары қолданылатыны туралы да хабарланды.

Оған қоса, куәгер З.Ерикова және К.Исабекова Қазақстан Республикасының ҚПК 82-бабына сәйкес қылмыстық қудалау органының шақыртуы бойынша олардың келу; тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысу; бұл әрекеттер жүргізу, оның барысы мен нәтижелері фактісін тергеу әрекеті хаттамасында өзінің қолымен куәландыру; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың рұқсатынсыз сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын жария етпеу; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тәртіп сақтау міндеттері

түсіндірілді және оларға өз міндеттерін орындаудан дәлелсіз себептермен бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін Қазақстан Республикасының ҚПК 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылатыны туралы ескертілді.

Куәгерлер 1. _________________ З. Ерикова

2. ________________ К.Исабекова

Криминалист-маман Ж.Даулетовқа Қазақстан Республикасының ҚПК 80-бабында көзделген құқықтар мен міндеттер түсіндірілді және оған өз міндеттерін орындаудан дәлелсіз себептермен бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін Қазақстан Республикасының ҚПК 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылатыны туралы ескертілді.

Криминалист-маман ___________________

**Қарап-тексеру кезінде мыналар анықталды:**

__________________________________________________________________

__________________________________________________________________

Қарап-тексеру процесінде «Сони-Ериксон» маркасын анықтау барысы мен нәтижелерін тіркеудің ғылыми-техникалық құралдары қолданылды.

Қарап-тексеру ауа-райы ашық күні (ашық, жаңбырлы, қар жауып тұрған кезде), табиғи (жасанды) жарық және ауа температурасы – 20°С кезінде жүргізілді.

**Оқиға орнын қарап-тексеру кезінде мына нәрселер табылып, алынды:**

1. ештеңе алынған жоқ;
2. ____________________________________________________;
3. ____________________________________________________;
4. ____________________________________________________;

Қарап-тексеру процесінде нәрселер мен заттардың орналасуының ____________ жоспары мен сұлбасы жасалды.

Қарап-тексеру кезінде қарап-тексеру тәртібі, хаттама мазмұны, жоспарлар мен схемалар бойынша қатысушылардан өтініштер мен ескертпелер **түскен жоқ**(түсті):

_______________________________________________________ болған жоқ.

Куәгерлер: _________________ З. Ерикова

_________________ К.Исабекова

Қатысушылар: ______________________________

______________________________

Криминалист-маман ______________________________

Қарап-тексеру жүргізген:

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**

**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

=====================================================

Қарап-тексеру
**ХАТТАМАСЫ**

2016 жылғы 20 қазан Энск қаласы

Қарап-тексеру басталған уақыт: 10 сағат 15 мин.
Қарап-тексеру аяқталған уақыт: 11 сағат 20 мин.

Энск қаласы ІІБ ПБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.С.Сабитов ___________________________________________________________________

*(тергеушінің (анықтаушының) лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)*
2016 жылдың 20 қазан күні сағат 10.00 азамат С.Д.Гончаровтың пәтерінен жеке мүлкі ұрланғандығы туралы хабарлама бойынша Энск қаласы Гоголь көшесі 55 үйге келіп ___________________________________________________________________

*(кімнен, қашан, хабарлама немесе арыз түскендігі туралы, оқиға болған қандай мекен жайға келгендігі туралы)*

ҚР ҚПК 219 және 220-баптарын басшылыққа ала отырып, төмендегілердің қатысуымен:

1. __жедел уәкіл полиция капитаны Қырықбаев А.О ____________________

   *(тергеу әрекетіне қатысқан тұлғаның, жедел уәкіл, тегі, аты, әкесінің аты)*
2. __учаскелік инспектор полиция майоры Нуржигитов Қ.Ж.________________

   *(тергеу әрекетіне қатысқан тұлғаның, учаскелік инспектор, тегі, аты, әкесінің аты)*
3. __ криминалист маман полиция капитаны О.Р.Шабалов ___________________

   *(тергеу әрекетіне қатысқан тұлғаның процессуалды жағдайы, тегі, аты, әкесінің аты)*

мына куәгерлердің қатысуымен:

1 Хабаров Семен Петрович 1972 жылы туган, Энск қаласы, Сатпаев көшесі, 15 үй тұрғыны_________________________________________________

*(куәгерлің тегі, аты, әкесінің аты және тұрғылықты жері)*

2 Байжанова Гулнар Каратаевна, Қарағанды қаласы, Әбдіров көшесі 25үй , 5 пәтер тұрғыны_________________________________________________

*(куәгерлің тегі, аты, әкесінің аты және тұрғылықты жері)*

Пәтер иегері С.Д.Гончаровтың қатысуымен және келісуімен оқиға орнын қарап-тексеру жүргізілді, бұл туралы ҚР ҚПК 199 және 224-баптарына сәйкес осы хаттама жасалды.

Қарап-тексеру басталар алдында жоғарыда аталған адамдарға олардың тергеу әрекетін жүргізуге қатысуы; тергеу әрекеттеріне орай хаттамаға енгізуге жататын өтініштер мен ескертпелер жасау; өздері қатысатын тергеу әрекеттерінің хаттамасымен танысу; қылмыстық қудалау органының әрекетіне шағым келтіру; қылмыстық іс бойынша оны жүргізу кезінде олар шеккен шығыстарға өтем алу; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхат мәлімдеу құқықтары түсіндірілді. Оларға қарап-тексеру жүргізу кезінде қажетті жағдайларда оның барысы мен нәтижелерін тіркеудің техникалық құралдары қолданылатыны туралы да хабарланды.

Оған қоса, куәгер

1. Хабаров Семен Петрович ________________________________________

   *(куәгердің тегі, аты, әкесінің аты және қолы)*

2. Байжанова Гулнар Каратаевна ________________________________

   *(куәгердің тегі, аты, әкесінің аты және қолы)*

ҚР ҚПК 82-бабына сәйкес қылмыстық қудалау органының шақыртуы бойынша олардың келу; тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысу; бұл әрекеттер жүргізу, оның барысы мен нәтижелері фактісін тергеу әрекеті хаттамасында өзінің қолымен куәландыру; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың рұқсатынсыз сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын жария етпеу; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тәртіп сақтау міндеттері түсіндірілді және оларға өз міндеттерін орындаудан дәлелсіз себептермен бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін ҚР ҚПК 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылатыны туралы ескертілді.

Куәгерлер 1. __________________ *(қолы)*

2. __________________ *(қолы)*

Криминалист-маман криминалист маман полиция капитаны О.Р.Шабаловқа ҚР ҚПК 80-бабында көзделген құқықтар мен міндеттер түсіндірілді және оған өз міндеттерін орындаудан дәлелсіз себептермен бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін ҚР ҚПК 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылатыны туралы ескертілді.

Криминалист-маман ____________________*(қолы)*

**Қарап-тексеру барысында анықталды:**

Қарап-тексеру обьектісі болып қала орталығында орналсған Гоголь көшесі, 55 үй болып табылады. Үйдің сол түстігінде елу метор арақашықтықта «Арман» боулинг кешені, ал оңтүстік жағында жиырма бес метр жерде астында балаллардың стоматологиялық емханасы бар бес қабатты тұрғын үй орналасқан. Қарама – қарсы көшеде яғни шығысында « бегемот» ойын сауық кешені және тұрғын үйлер орналасқан.

55 үй бес қабатты, кірпіштен жасалып, солтүстіктен оңтүстіккее қарай көше бойы орналасқан. Батыс жағынан үш поезд орналасқан.

Әрбір подъезге қарама қарсы кіреберістен бес метр арақашықтықта ағаш орындықтар  орналасқан. Аулада 1200 шаршы метр шамасындағы балалар ойнайтын жер бөлініп, жан-жағында әртүрлі ағаш түптері өсірілген. Үйлен қырық бес метр жерде «Тополек» бала бақшасы орналасқан.

Азамат С.Д.Гончаров тұратын жетінші пәтер бірінше подъезд, үшінші қабатта орналысқан. Кіреберіс есік  2х08 м, стандартты өлшемде, сырты қара дермантинмен қапталаған, оң жақ қапталына екі топсамен бекітіліп, үйдің ішіне қарай ашылады. Қарап-тексеру кезінде есік 17 см-ге ашық тұрды. Есіктің құлпы екі бұрандалы шегемен ойып салынған, еденнен құлыптын төменгі қырына дейін   90 см. Құлыптың тілі 2 см-ге шығып тұр, оның үстінде ішкі жағында жаңадан жасалған  сызаттар байқалды. Сызаттар бір-біріне қарама- қарсы және қатарынан орналасқан.

Құлыптан жоғары есік жақтауында  тік бұрышты жаншылған із байқалды. Із өлешемдері – 25х32мм, треңдігі– 7мм. Іздің ортасынан есіктің астыңғы қырына дейін  116 см, қораптың ортаңғы қырына дейін-  26 мм. 25мм болып келген іздің қысқа жағы қораптың ішкі  және сыртқы қырына қарама қарсы орналасып, іздің тереңдігі қораптың ішкі қырына қарай біртіндеп ұлғаяды. Іздің үстіңгі бұрышында көлемі 8х4 мм   болатын жартылай сопақша түріндегі шығыңқы жер байқалады. Бұл шығыңқылық іздің қысқа жағымен қатар орналасқан.

Есіктегі құлыптың тідінің ізі суретке түсірілді.  Қораптағы ізден пластилиннен көшірме жаслынып, ол метаға оралып, қорапшаға салынды. Қорапша жіппен буылып-түйіліп оны шеттер «ЖКД-13» деген мөрмен бекітілді.

Құлып есіктен шешіліп ақ қағазға оралып, қорапқа салынды. Қорапша жіппен булып-түціліп, оның шеттер»ЖКД-13» деген мөрмен бекітілді. Екі қорапта түсіндерме жазбамен бекітілді: « іздің пластилин көшірмесі» және «құлып» , Энск қаласы, Гоголь көшксі 55 үйден 2016 жыл 20 қазандағы азамат С.Д.Гончаровтың пәтерінен жеке мүлкін ұрлау фатісі бойынша оқиға болған жерден алынған. Түсіндерме жазбалар тергеуші және куәгерлермен расталды.

Пәтерге кірген кезде 4х1,5 м көлемдегі тікше етор дәліз бар, еденге қоңыр түсті палас төселген.  Кіреберістен оң жақ қабырғада киім ілгіш орнатылған, онда ер адамның көк түсті су өткізбейтен сырт киімі және сұрғылт пальто ілінген. Киім ілгіштің астында аяқ киімге арналған түп қоймада қара түсті ер дамның бәтенкесі тұр. Дәлізде басқа заттар байқалмайды. Дәліздің оң жақ қабырғасы (солтүстік) тегіс. Пәтерге кіреберістен 1,5 м арақашықтықтағы сол жақ (оңтүстік) қабырғада бөлмеге кіретін есік бар. Есік ағаштан жасалған, өлшемі 2х0,8м. есік қорабында маңдайшалар дәліз жағынанда бөлме жағынан да қағылған.

Қорабы мен маңдайшалар ақ түске боялған, есік бөлме ішіне қарай ашылған, қабырғамен жанасқан.

Есік жақтауынан он бес сантиметр жерде енденде үш см болып келген «LD» темеккісінің тұқылы табылып оның фильтр үстінде тіс іздеріне ұқсас , екі жаншылға із байқалды. Темекі құтылы картон қораьбина буылыр-түйіліп № 15 мөрмен бекітіліп, тергеуші және куәгерлегмен расталды. Қорап үстінде «2016 жылғы 20 қазандағы азамат С.Д.Гончаровтың пәтерінен жеке мүлкін ұрлау фактісі бойынша оқиға болған жерден алынған, үстінде екі жаншылған із байқалған «LD» маркалы темекісінің тұқылы нұсқасындағы түсіндірме жазба жасалды.

Қарап тексеру барысында және графит ұнтағымен есік қорабын, маңдайшамен жақтауды өңдеген кезде, сондай-ақ дәлізде іздер анықталмады.

Бөлменің көлемі 3х6 м. есікке қарама – қарсы оңтүстік қабырғада екі жарданашпалыдан тұратын терезе , ал оның оң жағында балконға шығатын есік орналасқан. Терезе және есік іш жағынан ысырылмалы шпингалетпен бекітілген және шілтір (тюль) шымылдықпен жабынқырап қойылған. Терезенің алдында қабырғаға қатар журнал үстел және екі кресло тұр.

Шығыс қабырғада ( бөлмеге кіреберістің сол жағында) диван батыс қабырғаға (кіреберімтің оң жағында ) қарама қарсы – сервант, оның жанында «samsung» теледидпры қабырғада еденнен 1м 30 см арқашықтықта ілініп тұр. Есікке жақын жерде киім ілуге арналған шкаф орналасқан.

Бөлменің ортасы бос. Еденге шахмат ретімен паркет салынған, оның үстін ферритбарий ұнтағымен өңдеген кезде бірнеше үстіртін аяқ киім іздері айқындалды. Сервант жаындағы бір ізде сол аяқ киімніңи ұлтан бөлігі анық байқалған. Оның өлшемдері: жалпы ұзындығ – 31 см, ұлтан бөлігінің ең кең жері- 11см, іздің ортаңғы бөлігінің ең кең жері – 6 см, өкше ізінің ұзындығ – 8см, кеңдігі-7.5 см, ұшы домаланған, өкшенің алдыңғы жағы ойысты, ұлтандық бөлік және өкше бөлек бейнеленген. Ұлтаннан қалған іздің бір шетінен екінші шетіне дейінгі 8 мм арақашықтықта диаметрі 3мм көлеидегі сопақ түрдегі іздер бір-бірінен 18-20 мм болып орналасқан, іздің ортасында домалақ түрде көлемі 10мм болатын сурет бір-біріне қатар-қатар орналасқан. Өкше көшірмесінде көлемі 6мм үш домалақ сурет- екеуі өкшенің алднда, біреуі артқы қырында орналасқан.

Із масштабтық фотография ережесіменсуретке түсіріліп, түссіз дактопленкаға көшірілді, шетіне метал қапсырма шегемен бирка бекітілп, «ЖКД-13» мөрімен расталды. Биркада «2016 жыл 20 қазан күні жәбрленуші С.Д.Гончаровтың пәтерінен жеке мүлкін ұрлау фактісі бойынша оқиға болған жерді қарап тексеру барысында табылған сол аяқ киімнің үстіртін ізі» нұсқасандағы түсіндірме жазба жсалды. Бирка тергеуші және куәгерлермен расталды.

Сервант ақшыл ағаштан жасалған, оның үстіңгі және астыңғы секциялары екі жаққа кайырылып, ашылып жабылатын ағаш есіктен болса, ортаңғысы –жан-жағы ағаш шыныдан көмкерілген есіктен тұрады. Астыңғы секцияда екі сөреге асхана ыдыстары қойылған, үстінде – орармал, төсек-орын көншегі, мата кесінділері орналысып, олардың бүтіндігі бірқатар бұзылған. Ортаңғы секцияның есігі ашық. Бірінші сөреде 6 адмадық шай

сервизі, екіншіде – 6 адамдық кофе сервизі қойылған. Үшінші сөре бос, онда диаметрі 6 см болып келетін домалақ 12 шаң қабатын алу іздері байқалған.

Қолдың терімайлық іздерін айқындау мақсатында сервант есіктерінің беткейі аргенторат ұнтағымен тозандандырылды. Оның нәтижесінде серванттың сол жақ есігінде қапсырма құлып саңылауынан 7,8 және 9 см аралықта бір-бірінен қарамасы оң жақ шетіне қарағанда 45 градус шамасында бүртік өрнектері сызықтарының үш термайлық із айқындалып, сұр түсті ұнтақпен боялды. Іздердің формасы сопақша, өлшемдері шамамен бірдей:-28 мм, ені-18 мм. Бүртік өрнектер анық, тұзақ типке жатады. Үстінгі іздегі тұзақтың аяғы оң жаққа , ал басқа екеуінің аяғы сол жаққа бағыттыалға .іздер орналасқан сервант есігі және іздердің өзі фотоға түсірілді және 6х9 өлшемдегі қара дактопленкаға көшірілді. Пленка үсті бір қабатпен жабылып, оған бирка тігілді, жіптің соңы «ЖКД-13» мөрімен мөрленд, түсіндерме жазба жасалып, тергеуші жіне куәгерлермен расталды. Маманның айтуы бойынша іздер сол қолдың нұқ, ортаңғы және аты жоқ саусақтармен қалдырылған, онда жеке белгілер жеткілікті және идентификациялауға жарамды.

Киім ілгіш шкаф ақшыл ағаштан жасалған, екі есігі бар оларды қарап тексеру барысында ашық болды. Шкафта ер адамның қара көк жіне сұр түсті екі кастюмі , үш көйлек, каракул жағалы қара қысқа пальтосы ілініп тұр. Осында бос алты киім ілгіште бар. Оң жақ есіктің сыртқы сол жақ бұрышында үстінгі қырынан 10 см аралықта бір-біріне жақын орналасқан екі әлсін көрінетін саусақ ізі байқалды. Бүртік өрнектер тұзақ болып келген, аяқтары оң жаққа бағытталған. Іздер сопақша, өлшемдері: үстінгі -14х20мм, астыңғы 15х18мм, арасы 10мм. Іздер қалта шамды кесе –көлденең түсіру арқылы анықталды, «канон» сандық камерасындағы макрофография функциясының көмегімен суретке түсірілді. Суретке түсірілгеннен кейін, іздер «рубин» магниттік ұнтақпен тозандандырылғаннан кейін, тағы жоғарыдағы жағдайға суретке түсірілді және 6х9 көлемдегі түссіз дактопленкаға көшірілді. Дактилоскопиялық пленка конвертке салынып, онда түсіндірме жазба жасалды: «2016жылғы 20 қазан күні жәбірлеуші С.Д.Гончаровтың пәтерінен жеке мүлкін ұрлау фактісі бойынша шкаф үстінен табылған екі саусақ ізі көшірлген дактилоскопиялық пленка». Конверт «ЖКД-13» мөрімен мөрленді, тергеуші және куәгерлермен расталды.

Шкафтың сол жақ есігіне жақын жерде еденде ер адамның (жағасы 39 болып келген) ақшыл, мақтадан жасаған көйлегі жатыр. Көйлек қолданыста болған, кіршең, оның алдыңғы беткейінде 15-ке жуық формалары әртүрлі, көлемі 0,2х02 ден 10х5 см болып келген қызғылт-қоңыр дақтармен кірленулер байқалды. Бұл дақтар матаны қалыңдатқан және біршама оған сіңіп кеткен. Көйлек полиэтилен пакетке салынып, шпагат жіппен буып-түйілді, жіптің аяғы «ЖКД-13» мөрімен мөрленді. Биркада «20136 жылғы 20 қазанда жәбірленуші С.Д.Гончаровтың пәтерінен жеке мүлкін ұрлау фактісі бойынша үстінде қызғылт –қоңыр дақтар мен кірнеулер орнласқан көйлек»

нұсқасындағы түсіндірме жазба жасалды. Бирка тергеуші және куәгерлермен расталды.

Пәтер дәлізінің соңында оң жаққа қарай көлемі 2х1 м болып келген ас бөлмесіне қарай өтетін жер орналасқан. Өтетін жерден сол жақта жуынатын бөлме дәреханамен біріктірілген. Есігі стандартты, жабық тұр есікте және жуынатын бөлмеде іздер табылған жоқ.

Ас бөлменің есігі жоқ, көлемі – 3х2 м. Кіреберіске сол жақта «LG» мұздатқышы тұр. Алдыңғы сол жақ бұрышта су жүргізетін құбыр және ыдыс аяқ жуатын шұңғылша орналасқан. Батыс қабырғада – газ плитасы.оңтүстік қабырғада жанында кіреберістен оң жақта ас ішетін үстел, оның жанында екі ағаштан жасалған орындық.

Үстелдің үстінде ішінен спирт иісі байқалған бос шөлмек тұр. Шөлмек жапсырма қағаз жоқ, түссіз шыныдан жасалған, биіктігі 225 мм, тұрақты жерінің диаметрі 65мм, қылта маңайы 22 мм . Шөлмек үстін кесе-көлденең жарықта көзбен шолу барысында түбінен 2 мм аралықта бүртік өрнегі өлмеші -20х18 мм, ал қалған екеуі – тікшеленіп келген, олардың өлшемі – 25х16мм және 27х20мм. Іздер арасы 10х15мм тең, ортаңғы із басқаларынан 3мм биік орналасқан.

Үстел үстінде көлемі 0,5 л болып келген, түссіз щыныдан жасалған «хаома» арағының бос шөлмегі тұр. Оның үсті мейлінше таза. Әртүрлі жарықтарда шөлмекті қарау барысында цилиндрлік бөлігінде этикетканың сол жақ шетінен 4 см және түбінен 7 см аралықта 3 түссіз саусақ ізі табылды (екеуі шөлметің бір жағында, бір-бірінен 0,5 см аралықта, ал біреуі қарама-қарсы жақта орналасқан.) іздердің барлығы шөлмектің түбіне қатарынан орналасқан. Төменгі із сопақша болып келген, өлшемі – 20х18мм, үстінгісі тікшеленіп келген, өлшемі-27х20мм, қарама-қарсы жақтағы із сопақша , өлшемі – 35хмм. Іздердң ортаңғы бөлігі дельтамен бірігіп бейнеленген, типі-қарапайым тұзақ, аяқтары оңға қарай бағытталған. Табылған іздер қара стеклографпен сызылды. Маманның айтуы бойынша із оң қолдың бас, ортаңғы және аты жоқ саусақтарымен қалдырылып, теңдестіруге жарамды болып табылады.

Шөлмек картон қорапқа салынып, шпагат жіппен буып-түйілді, жіптің аяғы «ЖКД-13» пластилин мөрімен мөрленді. Қорапта «2016 жыл 20 қазанда жәбірленуші С.Д.Гончаровтың пәтерінен жеке мүлкін ұрлау фактісі бойынша қарау барысында үстінде үш саусақ ізі орналасқан шөлмек» нұсқасындағы түсіндірме жазба жасалды, тергеуші және куәгерлермен расталды.

Қарап-тексеру барысында Гоголь көшесінегі 55 үй жанында орналасқан құрылыстар және поъездге келетін жермен біріктіріліп, панораммалық тәсілмен фотоға түсірілді; № 55 үй қоршаған ортасыз подъездге келетін жермен; №7 пәтерге кіретін есіктің жалпы түрі ; құлып және іздер орналасқан жері; сындыру құралынан қалған жаншылған із; дәліз бөлме және ас үйдің жалпы түрі; « LD» темекісінің тұқылы; қызғылт-қоңыр дақтармен кірнеулер орналасқан көйлек; аяқ киім ізі; серванттың сол жақ есігі бөлек және саусақ

іздерімен қоса; шаң қабаты алынған сервант сөресі; киім ілетін шкафтың оң жақ есігі; шөлмек және ондағы саусақ іздері.

Фотоға түсіру «canon» сандық камерасымен жүргізілді. Түсіру шарттары; диафрагмма- 8; ұсталым – 1/ 250 . пәтерде суретке түсіру барсында жарқ етпе лампасы қолданылды, ал іздерді түсіру кезінде камерадағы макрофотография функциясы және масштабтық сызғыш пайдаланылды.

Қарап-тексеру, бұлыңғыр күн райында, күннің табиғи жарығында және ауа температурасы -5 градус шамасында болған кезде жүргізілді.

Оқиға болған жерден алынғандар:

1. Ойып салынатын есік құлпы (№1 пакет)
2. Сындыру құралынан қалған іздің пластилин көшірмесі (№2 пакет)
3. «LD» темекісінің тұқылы (№3 пакет)
4. Дактилоскопиялық пленкадағы аяқ киім ізі (№4 пакет)
5. Дактилоскопиялық пленкадағы сервант және шкаф есіктеріндегі саусақ іздері (№5- 6 пакет)
6. Қызғылт –қоңыр дақтар мен кірнеулер орналасқан көйлек (.№7пакет)
7. Саусақ іздері орналасқан шөлмек (8 қорап)

Қарап-тексеру кезінде қарап-тексеру тәртібі, хаттама мазмұны, жоспарлар мен схемалар бойынша қатысушылардан өтініштер мен ескертпелер түскен жоқ *(түсті*):

______________________________________________________________________

Куәгерлер: ________________*(қолы)*

________________*(қолы)*

Қатысушылар: ______________________*(жедел уәкіл, қолы)*

______________________*(аймақтық инспектор қолы)*

______________________

Криминалист-маман ______________________________*(қолы)*

**Қарап-тексеру жүргізген:**

Энск қаласы ІІБ ПБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.С.Сабитов

*(тергеушінің (анықтаушының) лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні,қ олы)*

==================================================

**Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірген адамды процестік ұстап алу**

**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев Энск қ. ІІБ әкімшілік ғимаратының № 17 қызметтік бөлмесінде Қазақстан Республикасы ҚПК 64, 128-132, 134, 197, 199-баптарының талаптарын сақтай отырып, осы процестік ұстап алу туралы хаттаманы жасады:

**Т.А.Ә. А.:** Бакиров Дамир Қайратұлы
**Туған кезі:** 1989 жылғы «15» желтоқсанда туған
**Туған жері:** ОҚО, Энск қ.
**Жеке басты куәландыратын құжат:** Қазақстан Республикасының ӘМ берген №258957033 паспорт
**Ұлты:** Қазақ
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасының
**Білімі:** орташа
**Жұмыс орны, лауазымы (оқу орны):** жұмыс істемейді
**Тұратын жері (нақты тұратын жері):** Энск қ., Жанибеков көш., 24 үй, 12 пәтер
**Отбасылық жағдайы:** үйленбеген
**Әскери міндеттілікке қатысы:** әскери міндетті
**Соттылығы:** бұрын сотталмаған

Қазақстан Республикасының ҚК 188-бабы 4-бөлігі 3 тармағында **көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін күдікті**.

**Жеткізілген уақыты: 20 сағат 00 минут,**
**Нақты ұстап алынған уақыты: 19 сағат 30 минут.**

Энск қ., Жанибеков көш, 24 үй, 12пәтер

**(ұстап алынған жері)**

**Ұстап алуға негіз:**

<u>**1) адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасалғаннан кейін ұсталса,**</u>

2) көзімен көргендер (куәлар),оның ішінде жәбірленуші осы адамды қылмыс жасаған адам ретінде көрсетсе не бұл адам ҚПК 130-бабында көзделген тәртіппен ұсталса,
3) оның бетінде немесе киімінде, оның бойында немесе оның тұрғынжайында қылмыстың анық іздері табылса;
4) шұғыл-іздестіру қызметінің және (немесе) жасырын тергеу әрекеттерінің заңға сәйкес алынған материалдарында аталған адамға қатысты

жасалған немесе жасауға дайындап жатқан қылмыс туралы анық деректер болса.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының ҚПК 128-бабы 4-бөлігіне сәйкес адамға қылмыстыққұқық бұзушылық жасады деп күдік келтіруге негіз беретін өзге де деректер болған кезде ол адам жасырынуға әрекет жасаса не оның тұрақты тұрғылықты жері болмаса немесе күдіктінің жеке басы анықталмаса не сотқа күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхат жіберілсе ұстап алынуы мүмкін.

**Ұстап алу себептері:**

1. **<u>Сотқа дейінгі тергеп-тексеруден және соттан жасырыну мүмкіндігі.</u>**
2. Бостандықта жүрген кезде қылмыстық істік объективті тергеп-тексерілуіне кедергі жасау мүмкіндігі.

**Ұстап алынған:** Д.Қ.Бакировқа, Қазақстан Республикасының ҚПК 131-бабы 1-бөлігіне сәйкес қандай құқық бұзушылық жасауға күдікті екені ауызша хабарланды, сондай-ақ қорғаушыны шақырту құқығы, үнсіздік сақтау құқығы және оның айтқандары сотта оған қарсы қолданылу мүмкіндігі түсіндірілді.

Д.Қ.Бакиров ________________________

(ұстап алынушының қолы)

Қазақстан Республикасының ҚПК 64-бабы 9-бөлігіне сәйкес ұстап алынған: Д.Қ.Бакировқа күдіктінің мынадай құқықтары түсіндірілді:

1) ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алу;

2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білу;

3) өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы осы Кодекстің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;

4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалану;

5) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесу;

6) күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беру;

7) күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алу;

8) айғақ беруден бас тарту;

9) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алу;

10) дәлелдемелерді ұсыну;

11) өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеу;

12) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беру;

13) аудармашының тегін көмегін пайдалану;

14) өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысу;

15) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласу;

16) тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процестік келісімді жасасу;

17) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беру;

18) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіру;

19) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғау;

20) сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде осы Кодекстің 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыру;

21) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алу, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіру;

22) қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіру;

23) жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алу;

24) өзіне қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беру.

**Ұстап алынған:** Д.Қ.Бакировқа, Қазақстан Республикасының ҚПК 131-бабы 2-бөлігіне сәйкес ол өз денсаулығының жалпы жағдайын және дене жарақаттарының бар-жоғын анықтау үшін дәрігердің куәландыруынан өту туралы тиісті өтінішхатты мәлімдеу құқығы түсіндірілді.

Д.Қ.Бакировқа ______________________________

(ұстап алынушының қолы)
Дені сау, дене жарақаттары жоқ

(ұстап алынушының денсаулық жағдайы туралы мәліметтерді көрсеті, медициналық куәландыру өткізілген жағдайда оның қорытындысы қоса беріледі)

Қазақстан Республикасының ҚПК 131-бабы 2-бөлігінің 4-тармағына сәйкес жеке тінту нәтижелерін көрсету:
тінту кезінде ештеңе табылған жоқ және ештеңе алынған жоқ

**Хаттаманы жасаған :**

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**
Хаттама көшірмесін алдым:
Д.Қ.Бакиров ____________________________________________
(қолы) (ұстап алынған адамның тегі, аты-жөні)

Ұстап алу туралы хабарлама прокурорға
20___ жылғы "16" шілдедегішығыс № 44/3- 14578 нөмірімен 20___ жылғы 16 шілдеде жіберілді.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

---

## Ұстап алынған адамның жеке басын тінту
## ХАТТАМАСЫ

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Энск қ. ІІБ әкімшілік ғимаратының №17 қызметтік бөлмесінде Қазақстан Республикасының ҚПК 255-бабының талаптарын сақтай отырып, мына куәгерлердің қатысуымен:

1) Қйаратов Т.Н., 1989 ж.т., Энск қ., Байсерке көш., 7 үйде тұрады
2) Болатов З.К. 1990 ж.т., Энск қ., Мирзоян көш., 1 үйде тұрады.

Энск қ. ІІБ үй-жайында және куәгерлердің қатысуымен азамат Д.Қ. Бакировқа жеке басын тінту жүргізді.

Жоғарыда аталған адамдарға олардың тергеу әрекетін жүргізуге қатысуы; тергеу әрекеттеріне орай хаттамаға енгізуге жататын өтініштер мен

ескертпелер жасау; өздері қатысатын тергеу әрекеттерінің хаттамасымен танысу; қылмыстық қудалау органының әрекетіне шағым келтіру; қылмыстық іс бойынша оны жүргізу кезінде олар шеккен шығыстарға өтем алу; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхат мәлімдеу құқықтары түсіндірілді. Оларға жеке тінту жүргізу кезінде қажетті жағдайларда оның барысы мен нәтижелерін тіркеудің техникалық құралдары қолданылатыны туралы да хабарланды.

Оған қоса, куәгерлер Т.Н.Қайратов пен З.К.Болатовқа Қазақстан Республикасының ҚПК 82-бабына сәйкес қылмыстық қудалау органының шақыртуы бойынша олардың келу; тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысу; бұл әрекеттер жүргізу, оның барысы мен нәтижелері фактісін тергеу әрекеті хаттамасында өзінің қолымен куәландыру; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың рұқсатынсыз сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын жария етпеу; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тәртіп сақтау міндеттері түсіндірілді және оларға өз міндеттерін орындаудан дәлелсіз себептермен бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін Қазақстан Республикасының ҚПК 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылатыны туралы ескертілді.

Куәгерлер: 1. (қолы) Т.Н.Қайратов 2. (қолы) З.К.Болатов

Жеке басын тінту алдында тергеуші 20__ 16 шілдедегі жеке тінту жүргізу туралы қаулыны көрсетті, одан кейін азамат Д.Қ.Бакировқа тыйым салынған не іс үшін маңызы бар заттарды өз еркімен беру ұсынылды, азамат Д.Қ.Бакиров: оның күртесінің сол жақ сыртқы қалтасында «Сони-Ериксон» маркалы ұялы телефон бар екенін мәлімдеді.

Бұдан кейін Энск қ. ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Ж.Мухтаров жеке басын тінту жүргізуге кірісті.

Жеке басын тінту нәтижесінде Д.Қ.Бакировтың сол жақ сыртқы қалтасынан мынадай заттар табылды:

1) **«Сони-Ериксон» маркалы ұялы телефон**

Табылған заттар бойынша Д.Қ.Бакиров бұл телефонды ол 20___ жылы 16 шілдеде Төлеби мен Сейфуллин көшелерінің қиылысында оған белгісіз жас жігіттен ұрлап алғанын айтты.

Жеке басын тінту барысында мыналар алынды:

2) **«Сони-Ериксон» маркалы ұялы телефон**

Барлық алынған заттар оралды, №2 мөрмен және куәгерлердің қолдарымен бекемделді.

Тінту барысында «Панасоник» маркалы бейнекамера қолданылды.

Жеке басын тінту барысында түскен ескертпелер:**түскен жоқ**

Куәгерлер: Т.Н.Қайратов (қолы)
З.К.Болатов (қолы)

Қатысқандар:

Жеке басын тінту жүргізілген адам

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

**Жеке басын тінту хаттамасының көшірмесін алдым:** Д.Қ.Бакиров (қолы)
**Шағым беру тәртібі түсіндірілді:** Д.Қ.Бакиров (қолы)

=====================================================

**Адамды тану үшін көрсету**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, №151510031000__ қылмыстық іс материалдарын қарай отырып, ҚПК 199-бабы, 230-бабының 10-бөлігін сақтаумен, "Panasonic" М-3000 бейнекамерасын қолдану арқылы күндізгі жарықтың көмегімен жәбірленуші З.Мартбековқа күдікті 15.06.1989 ж.т. Дамир Қайратұлы Баировты тану үшін көрсету жүргізілді.

Ғылыми-техникалық құралдарды қолданар алдында ҚПК 199-бабы бөлігіне сәйкес тергеу әрекетін жүргізуге қатысатын адамдарға бұл туралы хабарланды.

Тергеу әрекетін жүргізуге қатысатын адамдардың қолдары ______________________.

230-баптың 1-бөлігіне сәйкес танылуға тиіс адам танушы адамға сыртқы түрі бойынша айқын айырмасы жоқ адамдармен бірге көрсетіледі:

1) Есенғарин Бахтияр Қалиұлы, 1989 жылғы 23 сәуірде туған, мына: Энск қ., 5 ықшамаудан, 34 үй, 45 пәтер мекенжайы бойынша тұрады, бойы 180 см., шашы қысқа, қоңыр түсті, қой көзді, қоңыр түсті күрте, ашық-қоңыр түсті шалбар және қара туфли киген;

2) Нұрсейітов Жамбыл Какешұлы, 1989 жылы 08 ақпандатуған, мына: Энск қ., Маресьев көш., 34 үй, 54 пәтер мекенжайы бойынша тұрады, бойы 175 см., шашы қысқа, қара түсті, көзі қара, қара түсті күрте, қою-сұр түсті шалбар және қара етік киген;

3) Бакиров Дамир Қайратұлы, 15.06.1989 жылы туған, мына: Энск қ., 12 ықшамаудан, 46 үй, 15 пәтер мекенжайы бойынша тұрады, бойы 177 см., шашы қысқа, қоңыр түсті, көзі қара, қою-жасыл түсті күрте, қою-көк түсті шалбар және қоңыр етік киген;

Тану жүргізудің басында Д.Қ.Бакировқа тану үшін көрсетілетін адамдардың арасынан кез келген орынды таңдау ұсынылды. Ол өз қалауы бойынша Ж.К. Нұрсейітовтың сол жағындағы шеткі орынға орналасты.

Оған қоса, тану басталар алдында жәбірленуші З.Мартбековқа ҚК 419-бабына сәйкес айғақ беруден бас тартқаны, көрінеу жалған айғақтар бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілді, оған өзіне қарсы, жұбайына (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына қарсы куәлік етпеу құқығы түсіндірілді. (қолы) З.Мартбеков.

Барлық қатысушы адамдарға олардың құқықтары, міндеттері, жауаптылығы мен адамды тану жүргізу тәртібі түсіндірілді.

Танылушы: ____________________ Д.Қ.Бакиров

Өзге де қатысушы адамдар: ____________________ Б.Есенғарин
____________________ Ж.Нұрсейітов

Одан соң танушы адам тану үшін көрсетілетін адамдар тұрған үй-жайға шақырылды.

Тану жүргізудің басында танушыға оның құқықтары, міндеттері, жауаптылығы мен адамды тану жүргізу тәртібі түсіндірілді.

Танушы: ____________________ З.Мартбеков

Танушы бұрын тану үшін көрсетілетін адамдардың ішінен олардың бірін бұрын көрдіңіз бе, егер көрсеңіз қандай жағдайлар кезінде көрдіңіз деген сұраққа, З.Мартбеков тану үшін көрсетілетін адамдарды қарап, сол жақта шеткі тұрған адам 20__ жылғы 5 қаңтарда кешкі 17 сағатта вокзал маңындағы алаңда маған жалға пәтер ұсынды, алдау арқылы менің ұялы телефонымды алып кетті және маған 23 000 теңге залал келтірді деп мәлімдеді. Мен оны таныдым – бойы менен аласа, жасы шамамен 30-35-терде, тығыз денелі, бет әлпеті: көзі – қара, бастары қалың, сондай-ақ шаш қою мәнері: қысқа. Қылмыс болғанға дейін мен бұл қызды ешқашан көрген жоқпын, бірақ алаяқтық болған кезде оны жақсы еске сақтап қалдым. Бұл нақ сол адам екенін сенімді түрде растаймын".

Танушы: ____________________ З.Мартбеков

Тану нәтижесі: Дамир Қайратұлы Бакиров танылды.

Тану алдында, оның барысында не аяқталғаннан кейін қатысушы адамдардан арыз түскен жоқ.

Танушы: ____________________З.Мартбеков
Танылушы:____________________Д.Қ.Бакриов
Өзге қатысушы адамдар:__________________ Б. Есенғарин
__________________Ж.Нұрсейітов

Тану аяқталғаннан кейін тергеу әрекетінің хаттамасы оған қатысушыларға оқу үшін берілді.

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды. Хаттамаға ескертулер жоқ.

Танушы: ____________________З.Мартбеков
Танылушы:____________________Д.Қ.Бакриов

Осы хаттама Қазақстан Республикасының ҚПК 199, 230-баптарына сәйкес жасалды.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Кепілді қабылдау туралы**
**ХАТТАМА**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Энск қ. ІІБ үй-жайында, № 35 кабинетте
_____________________________________________________ қатысуымен
(т.а.ә.а., лауазымы)
№ 151032001583 қылмыстық іс материалдарын қарап, 24.07.1985 ж.т. Д.З.Қанағатовқа қатысты кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулының негізінде, Қазақстан Республикасының ҚПК 145, 199 баптарына сәйкес мына адамнан кепілді қабылдау туралы осы хаттаманы жасады:

| | |
|---|---|
| Кепілді беруші: | Заңғар Жұмабекұлы Қанағатов; |
| Туған жылы, айы, күні | 28.09.1963 ж.т., |
| Туған жері | Энск қ. |
| Азаматтығы: | Қазақстан Республикасы |
| Білімі: | орташа |
| Жұмыс орны: | жұмыс істемейді |
| Отбасылық жағдайы: | үйленген |
| Тұрғылықты жері: | Энск қ., 5-шағын ауданы, 16-үй, 21-пәтер |
| Соттылығы: | сотталмаған |
| Жеке басын куәландыратын құжат | жеке куәлігі № 0035678932 Қазақстан Республикасының ІІМ 23.05.2012 ж. берген |

Заңды тұлғаның деректемелері___________________________________

Кепіл беруші Энск қ., 5-шағын ауданы, 16-үй, 21-пәтер мекен-жайында орналасқан үш миллион теңге соманы құрайтын жылжымайтын мүлік ұсынды.

Жылжымайтын мүлік түріндегі кепіл: Энск қ., 5-шағын ауданы,16-үй, 21-пәтер З.Ж.Қанағатовқа сақтауға берілді.

Кепілді беруші З.Ж.Қанағатовқа мыналар түсіндірілді:

1) шақыру бойынша күдіктінің (сотталушының) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы адамға, прокурорға немесе сотқа келуі туралы міндеті;

2) қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда күдікті (күдікті, сотталушы) болып табылмайтын адам күдікті болса оған жасаған әрекеті үшін заңда көзделген жаза;

3) күдіктінің (сотталушының) тергеушінің, прокурордың немесе соттың рұқсатынсыз тұрақты немесе уақытша тұратын жерінен кетпеу, белгіленген мерзімде көрсетілген тұлғалардың шақыртуы бойынша келу, өзге жолмен қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге бөгет болмау міндеті;

4) күдіктінің (сотталушының) шақыру бойынша келуден жалтаруы жағдайында кепіл Қазақстан Республикасының ҚПК 145-бабының 11-б, белгіленген тәртіпте мемлекет кірісіне аударылатыны.

Хаттамаға Энск қ., 5-шағын ауданы,16-үй, 21-пәтер мекенжайы бойынша жылжымайтын мүлікке 20.09.2010 жылғы сатып алу–сату шарты, «Моторное бюро» ЖШС тәуелсіз сараптамасының жылжымайтын мүлікті бағалау актісі, Энск қалалық сотының 20.09.20__ ж. қаулысы қоса берілді.

Хаттама оқылды: ескертулер мен толықтырулар түскен жоқ.

Кепіл беруші З.Ж.Қанағатов

Күдікті (сотталған) Д.З.Қанағатов

Өзге де қатысушы адамдар ____________________ (тегі, аты-жөні, қолы)

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Адамдарды куәландыру**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, №16481004101587 қылмыстық істі тергеуге байланысты жылғы 10 тамыздағы Энск қ. Прокуроры рұқсат еткен куәландыруды жүргізу туралы қаулысының негізінде, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 223, 224-баптарның талаптарына сәйкес, маман – соттық-медициналық сарапшы

(дәрігер) С.Қ. Аймағанбетовтің, сондай-ақ қатысушы куәгерлер Энск қ. тұратын, Н. Әбдірова 7 үй 116 пәтер А.Ө. Смағұловтың қатысуымен, Энск қ. тұратын, Университет көш. 21 үй 105 пәтер, Р.С. Аршкеновтың қатысуымен:

куәландыру жүргізді: Д.Т. Әбішев, ол туралы Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199 және 224-баптарына сәйкес осы хаттама жасалды.

Тексеру барысында барлық қатысушыларға тексеру процесінде жүргізілетін барлық іс-қимылдар кезінде олардың болу, хаттамаға енгізуге жататын ескертулер жасау құқығы туралы түсіндірілді. Тексеру жүргізуге қатысатын адамдарға да Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 201-бабының талаптары: олардың жүргізілген процестік әрекеттері туралы мәліметті таратпау міндеттері туралы, сондай-ақ тіркеудің техникалық құралдарын, оларды пайдалану шарттары мен тәртіптерін қолдану туралы түсіндірілді:

«SONI» маркалы бейнекамера.

Куәгер: ________________А.Ө. Смағұлов

(қолы)

Куәгер: ________________Р.С. Аршкенов

(қолы)

Тергеуші Энск қ. прокуроры рұқсат берген Д.Т. Әбішевке куәландыруды жүргізу және оның өз еркімен куәландырудан өтуді ұсынғандығы туралы қаулыны ұсынды.

Жүргізілген куәландырумен мыналар белгіленді:

Д.Т. Әбішевте екі жоғарғы қол ұштарының, денесінің, сол жақ санының қанталауы, басының оң жақ бөлігінде қара жарақат, екі құлақ қалқаны, беті, сол жақ тізе буыны жарақаттары түрінде дене зақымдары белгіленді.

Анықталған іздер немесе ерекше белгілері фотосуретке түсірілді **(бейнетүсіру пайдаланылды)** одан кейін тергеу әрекеті бейнежазбасы бар СД-дискі № 1 конвертке салынып, оған сүргі соғылды.

Хаттамамен таныстым: Д.Т. Әбішев пен С.Қ. Аймағанбетовтің жеке оқуы арқылы

**Қатысушылар:**

1. Д.Т. Әбішев _______________ / _________________ /

(қолы)

2. С.Қ. Аймағанбетов ___________ / _________________ /

(қолы)

**Куәгерлер:**

1. А.Ө. Смағұлов_____________________ / _________________ /

(қолы)

2. Р.С. Аршкенов_____________________ / _________________ /

(қолы)

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==========================================================

**Жәбірленушіден жауап алу**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК–нің 199,212 бап талаптарын ескере отырып, соңымен қатар Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 208-210, 214 баптарын басшылыққа ала отырып, Энск қ. ІІБ ғимаратында жәбірленушіден жауап алдым:

1. Аты, жөні, тегі: Данияр Омарханұлы Сарсенбаев
2. Туған жылы, айы, күні: 1977 ж.т.16.01.
3. Туған жері: Кутузов қ.
4. Ұлты: қазақ.
5. Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.
6. Білімі: орта.
7. Жан ұялық жағдайы: бойдақ
8. Соттылығы: сотты емес.
9. Мекен жайы: Кутузов қ., Зональная көшесі 91 үй 10 пәтер
10. Жұмыс орны (оқу) : «Семсер» жеке меншік ұйымда, күзетші

Паспорт немесе басқа құжаттар: Жеке бас куәлігі _№011238789 берілген күні 15.10.2013 ж Қазақстан Республикасының ІІМ.

Жәбірленуші Д.О.Сарсенбаевқа Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 210 бабына сәйкес, жәбірленушіге Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 71 бабында көрсетілген құқықтпры мен міндеттері түсіндірілді 1) келтірілген күдік пен тағылған айыптау туралы білуге; 2) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; 3) дәлелдемелерді ұсынуға; 4) өтінішхаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; 5) аудармашының тегін көмегін пайдалануға; 6) өкілінің болуына; 7) қылмыстық қудалау органы одан дәлелдеу құралы ретінде алып қойған немесе өзі ұсынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаған адамнан алып қойылған, өзіне тиесілі мүлікті алуға, өзіне тиесілі құжаттардың төлнұсқаларын алуға; 8) заңда көзделген жағдайларда күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен татуласуға, оның ішінде медиация тәртібімен татуласуға; 9) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге; 10) өз өтінішхаты не өз өкілінің өтінішхаты

бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен қатысуға; 11) сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметті және кез келген көлемде көшіріп алуға; 12) өзіне және өзінің отбасы мүшелеріне қауіпсіздік шараларын ұсыну, жеке өмірінің мән-жайларын жария етпеу туралы, күдіктіге қатысты жақындауға тыйым салуды қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге; 13) өзін жәбірленуші деп тану немесе танудан бас тарту, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулылардың, айыптау актісінің көшірмелерін, сондай-ақ бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы және қадағалау сатысындағы соттың үкімі мен қаулысының көшірмелерін алуға; 14) бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы және қадағалау сатысындағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға; 15) сот жарыссөздерінде сөйлеуге; 16) айыптауды, оның ішінде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда да қолдауға; 17) сот отырысының хаттамасымен танысуға, бұл ретте хаттаманың соңына өз қолын қоюға, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде осы бөліктің соңына қол қоюға; ал сот отырысында аудио-, бейнетіркеу қолданылған жағдайда – хаттаманың соңына қол қоюға, хаттамаға ескертулер беруге құқылы; 18) қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіруге; 19) соттың үкімі мен қаулысына шағым жасауға; 20) іс бойынша келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық беруге және оларды қарауға қатысуға; 21) өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; 22) тараптардың процестік келісім жасасу ниеті, оның шарттары мен салдары туралы білуге, қылмыспен келтірілген залалды өтеу бойынша өз шарттарын ұсынуға не оны жасасуға қарсылық білдіруге құқығы бар. Осы Кодекстің 76-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, жәбірленушіге заң көмегі тегін ұсынылады. Жәбірленуші міндетті: қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге, іс бойынша барлық белгілі мән-жайларды шынайы хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті. Жәбірленуші шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген кезде ол осы Кодекстің 157-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп әкелуге ұшырауы және оған осы Кодекстің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

Соңымен қатар жәбірленуші Д.О.Сарсенбаевқа Қазақстан Республикасының ҚК-нің 419 бабы көрнеу жалған сөз жеткізу және Қазақстан Республикасының ҚК 421 бабы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында айғақтар беруден бас тартқандығы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығым маған ескертілді.

Жәбірленуші ________________________ Д.О.Сарсенбаев.

Жауап беруден бас тартпаймын және маған қатысты қауыпсіздік шарасын қолдану қажет етпеймін. Жауапты қазақ тілінде тілінде беремін, аудармашының көмегін қажет етпеймін.

Жәбірленуші ________________________ Д.О.Сарсенбаев.

Маған қойылған сұрақтарға төмендегіше жауап беремін, бұрын қылмыстық және әкімшілік жауапқа тартылған емеспін, тіркеуде ешқайда тұрмаймын.

01.01.2016 жылы сағат 15.00 шамасында мен өз жұмыстарымен Энск қаласына келдім, өзімде 6000 теңгедей ақша болған, оларды кешке дейін өзімнін керек жарақтарыма жұмсадым.

Өз жұмыстарымды аяқтағанан кейін, үйге қайтпқашы болдым, бірақ кеш болып кетті, Кутузов қаласына баратын таксилер болған жоқ, Энск қаласында менін тусыстарын жоқ, сондықтан вокзал манайынан бір түнге пәтер жалдамақшы болдым. Вокзал жаққа мен сол күні сағат 17.00 шамасында келдім, маған бейтаныс, 30-35 шамасында, орта бойлы, толық денелі, азият ұлтты, үстіне қара түсті капюшоны бар шуба киген, «Динара» есімді қыз келіп, пәтер жалдамайсызба деп сұрады. Мен пәтер жалдауға ақшам жоқ деп және үйіме қайтуға үлгермедім деп айттым. Содан кейін мен қызға кепіл ретінде өзімнің қара түсті «Nokia 6303», маркалы ұялы телефонымды және жеке бас куәлігімді беремін дедім ақша тауып алғанша, ол менің сөзіме келісті. Содан кейін мен өзімнің ұялы телефонымна сим-картамды алып, ұялы телефонымды бейтаныс «Динара» есімды қызға бердім. Ол өзінім телефонымен біреулерге қоңырау соғып, мені тосып алсын деді. Одан кейін «Динара» есімді қыз маған Ермеков көшесінде тоғыз қабатты үйде орналасқан «Три семерка» дүкенінің алдында тосып алады деді. Содан сон мен «Динара» айтқан мекен жайға келдім, бірақ мені ешкім күтіп алған жоқ. Сосын мен бірақ түсіндім, бейтаныс «Динара» есімді қыз мені алдаған екендігін, мен тез арада вокзалм жаққа жүгірдім, бірақ ол қызды іздеп таба алмадым. Түні бойы вокзалда болдым, келесі күні Кутузов қаласынан таксистерге қарызға отырып қайтым.

Мен құқық қорғау органдарына хабарласқан жоқпын, ойлағам өзім тауып аламын деп. Таба алмағандықтан 05.01.2016 жылы Энск қаласының ІІБ-на барып «Динара» есімді қызға қатысты арыз жазып, ұялы телефонымды қайтарып беру туралы.

«Nokia 6303», маркалы ұялы телефонды 2014 жылы Кутузов қаласындағы орталық базарында өзімнім туған күніме 28000тенге және көлемі 2 Гб флеш-картасын 2000 тенге сатып алғам, ұялы телефонын құжаттарын жоғалтып алғанмын. Өзімнін ұялы телефонымды танимын, өйткені телефоның артқы корпусынын ішкі жағының оң жағында кіші әріпен туған күнім жазылған. Мені алдап кеткен «Динара» есімді қызбен кездескенде танимын. Қылмыс салдарынан маған 30.000 теңге көлемінде шығын келтірілді.

Меннің айтқан сөздерімнен жазылды және өзім оқып таныстым.

________________________ 11.01.2016 ж.

(қолы)

Жауап алған :
**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**
================================================================

**Жәбірленушіден жауап алу**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, мына мекенжай бойынша орналасқан: Энск қ., Ермеков көшесі, 122, Энск қ. ІІБ-де №1 кабинетте ҚПК 115, 199, 214, 71-баптарына сәйкес жәбірленуші ретінде №15357203100555 қылмыстық іс бойынша жауап алды:

Тегі, аты, жөні: Аман Бүркітұлы Болатов
Туған жылы: 01.09.1979жылы туған
Туған жері: Энск қ.
Ұлты: қазақ
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Білімі: жоғары техникалық
Отбасы жағдайы: бойдақ
Жұмыс орны, лауазымы: «Строй ЛТД» ЖШС инженер
Тұратын жері: Энск қ., Жамбыл көш. 9-11
Байланыс телефоны: 877735551515

Паспорт немесе басқа да құжаттар: жеке куәлік №987654321 07.07.2005ж. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі берген

Сотталғандығы: сотталмаған
Жәбірленушінің күдіктіге қатысы: бейтарап

Қазақстан Республикасының ҚПК-ның 110, 210, 214-баптарына сәйкес жәбірленуші А.Б.Болатовқа Қазақстан Республикасының ҚПК-ның 71-бабының талаптарына сәйкес іс үшін маңызы бар қандай да бір мән-жай белгілі болуы мүмкін кез келген адам айғақтар беру үшін жәбірленуші ретінде шақырылуы және одан жауап алынуы мүмкін екендігі туралы түсіндірілді.

**Жәбірленушінің:** келтірілген күдік пен тағылған айыптау туралы білуге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; дәлелдемелерді ұсынуға; өтінішхаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; өкілінің болуына; қылмыстық қудалау органы одан дәлелдеу құралы ретінде алып қойған немесе өзі

ұсынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаған адамнан алып қойылған, өзіне тиесілі мүлікті алуға, өзіне тиесілі құжаттардың төлнұсқаларын алуға; заңда көзделген жағдайларда күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен татуласуға, оның ішінде медиация тәртібімен татуласуға; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге; өз өтінішхаты не өз өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен қатысуға; сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметті және кез келген көлемде көшіріп алуға; өзіне және өзінің отбасы мүшелеріне қауіпсіздік шараларын ұсыну, жеке өмірінің мән-жайларын жария етпеу туралы, күдіктіге қатысты жақындауға тыйым салуды қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге; өзін жәбірленуші деп тану немесе танудан бас тарту, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулылардың, айыптау актісінің көшірмелерін, сондай-ақ бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы және қадағалау сатысындағы соттың үкімі мен қаулысының көшірмелерін алуға; бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы және қадағалау сатысындағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға; сот жарыссөздерінде сөйлеуге; айыптауды, оның ішінде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда да қолдауға; сот отырысының хаттамасымен танысуға, бұл ретте хаттаманың соңына өз қолын қоюға, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде осы бөліктің соңына қол қоюға; ал сот отырысында аудио-, бейнетіркеу қолданылған жағдайда – хаттаманың соңына қол қоюға, хаттамаға ескертулер беруге құқылы; қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіруге; соттың үкімі мен қаулысына шағым жасауға; іс бойынша келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық беруге және оларды қарауға қатысуға; өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; тараптардың процестік келісім жасасу ниеті, оның шарттары мен салдары туралы білуге, қылмыспен келтірілген залалды өтеу бойынша өз шарттарын ұсынуға не оны жасасуға қарсылық білдіруге құқығы бар.

ҚПК-тің 76-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, жәбірленушіге заң көмегі тегін көрсетіледі.

Жәбірленуші: қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге, іс бойынша барлық белгілі мән-жайларды шынайы хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

Жәбірленуші шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген кезде ол ҚПК-тің 157-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп әкелуге ұшырауы және оған ҚҚПК-тің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

Жәбірленуші: А.Б.Болатов ___________________

Жәбірленуші айғақтар беруден бас тартқаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін заңға сәйкес қылмыстық жауаптылықта болады.

Қылмыстық құқық бұзушылықпен өзіне мүліктік зиян келтірілген заңды тұлға жәбірленуші болып танылуы мүмкін. Бұл жағдайда жәбірленушінің құқықтары мен міндеттерін заңды тұлғаның өкілі жүзеге асырады.

Айғақтар беруден жалтарғаны немесе қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмегені үшін куәға, оның ішінде қорғалуға құқығы бар жәбірленушіге Қазақстан Республикасының ҚПК 160-бабында белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

Жәбірленуші: А.Б.Болатов ___________________

Жәбірленуші А.Б.Болатов құқықтарымен және міндеттерімен танысқаннан кейін: «Айғақ беруден бас тартпаймын, оны өзім еркін білетін орыс тілінде беремін, аудармашының және адвокаттың көмегін пайдаланбаймын, бұл менің материалдық жағдайыма байланысты емес, қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына мұқтаж емеспін» деді.

Жәбірленуші: А.Б.Болатов ___________________

Істің белгілі жағдайлары туралы қойылған сұрақтың мәні бойынша жәбірленуші А.Б.Болатов мынаны көрсетті:

Жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша жалғыз тұрамын, наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұрған жоқпын.

20__ жылғы 1 қыркүйекте шамамен сағат 21:00-де мен өзімнің қызым Кәмшат Төлегенқызы Талғатовамен «Фарт» кафесінде кездестім. Сол кеште мен оған ұсыныс жасағым келген.

Дүйсенбі болғандықтан, мен мекемеде көп адам болмайды деп ойладым.

Сонымен қатар, біз онда кездескен кезде, залдың екінші басында бізден басқа бір нәрсені тойлап жатқан 10-15 адамнан тұратын компания отырды. Сондықтан, мен қызыма кешкі ас ішіп, одан кейін үйіне жеткізіп салатынымды айттым.

Біз бір сағаттай әңгімелесіп отырдық, одан кейін біздің үстелімізге мас күйінде болған жас жігіт келіп, Кәмшатті биге шақырды.

Менің қызым бас тартты, бір мезгілде мен де оның жалғыз емес екенін және одан аулақ жүруін ескерттім.

Алайда ол жігіт тұрып алды. Одан кейін мен оны өз компаниясына апарсам, олар оған қарайды деп ойладым. Өйткені жігіттің мас екені анық көрініп тұрды. Мен оны қолынан ұстап «Жүр достарыңа апарайын» деп айтқанымда ол қымбат шарапты алып үстелге ұрып сындырып, үшкір жағымен менің қолымды және ішімді жарақаттады. Қанды көргенде есімнен танып қалдым. Есімді жинаған кезде қасымда менің қызымнан басқа ешкім болған жоқ.

Күзетшілер жаңағы жігітті ұстап алыпты, ал оның қасындағы адамдар әкімшімен бірнәрсе туралы келіскілері келді.

________________

Сұрақ: Сіз бұрын күдікті Н.Қ. Қазтаевты білетін бе едіңіз? Оны жақтырмайтындай жағдайдасыз ба?

Жауап: Жоқ. Н.Қ. Қазтаевты бұрын білген жоқпын. Оны жақтырмайтындай жағдайда емеспін, өйткені ол менің халімді білуге емханаға келіп, кешірім сұрады және есінде ештене жоқ екенін айтып, алкогольді көтере алмайтынын, ал оның әріптестері ішуге мәжбүрлегендерін түсіндірді. Бұдан басқа, ол менің емделуімді төлейтінін және келтірілген залалдың орнын толтыратынын айтты.

________________

Сұрақ: Сіз Н.Қ. Қазтаевтың қылмыстық жауапкершілікке тартылуын қалайсыз ба?

Жауап: Жоқ, қаламаймын. Маған келтірілген залал өтелгеннен кейін онымен татуласқым келеді. ________________

Сұрақ: Өзіңізге келтірілген залалды қаншаға бағалайсыз?

Жауап: Емделуді есепке ала отырып, келтірілген залалды 227 000 теңгеге бағалаймын.________________

Жәбірленуші: А.Б.Болатов ________________

Жауап алған, хаттама жасаған:

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==========================================================

**Жәбірленушіге азаматтық талап қою құқығын түсіндіру**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Энск қ. ІІБ-да 15.01.2016жылы сотқа дейінгі тергеулердің бірыңғай тізіліміне алаяқтық туралы тіркелген №15020 санды қылмыстық іс құжаттарын қарап шығып, сондай – ақ осының салдарынан жәбірленушіге Сағындық Нұрланұлы Касперовқа материалдық нұқсан келтіргендерін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 110, 166, 167, 169, 170,171 баптарының талаптарын сақтай отырып, Энск қалалық сотына жәбірленуші С.Н.Касперовқа осы қылмыстық іс бойынша азаматтық талап қоюға құқығы

бар екендігін түсіндіріп, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199 бабына сәйкес осы хаттаманы толтырдым.

С.Н. Касперовқа Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 73 бабында көрсетілген құқықтарым мен міндеттерін түсіндірілді: 1) күдіктің, айыптаудың мәнін білуге; 2) дәлелдемелерді ұсынуға; 3) қойылған талап бойынша түсініктеме беруге; 4) қылмыстық іске қосып тігу үшін материалдарды ұсынуға; 5) өтінішхаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге, ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар мен түсініктемелер беруге; 6) аудармашының тегін көмегін пайдалануға, өкілінің болуына; 7) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға; 8) өзінің өтінішхаты бойынша немесе өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілген тергеу әрекеттеріне прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен қатысуға; 9) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін істің азаматтық талап қоюға қатысты материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметті және кез келген көлемде жазып алуға; 10) өзінің мүддесін қозғайтын қабылданған шешімдер туралы білуге және мәлімделген азаматтық талап қоюға қатысты процестік шешімдердің көшірмелерін алуға; 11) азаматтық талап қоюдың кез келген сот сатысында қаралуына қатысуға; 12) сот жарыссөздерінде сөйлеуге; 13) сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертулер беруге; 14) қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым келтіруге; 15) соттың үкімі мен қаулыларына азаматтық талап қоюға қатысты бөлігінде шағым жасауға; 16) іс бойынша азаматтық талап қою бөлігінде келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық беруге; 17) мәлімделген шағымдар мен наразылықтарды соттың қарауына қатысуға; 18) осы Кодекстің 173-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда, келтірілген зиянның өтемақысын жәбірленушілерге зиянды өтеу қорының қаражаты есебінен алуға; 19) қауіпсіздік шараларын қолдану туралы мәлімдеуге құқығы бар.

Өзінің жоғарыда аталған құқықтарымен танысып шыққан жәбірленуші С.Н.Касперов азаматтық талап қоюды қалайтындығын (қаламайтындығын) туралы, «сот отырысында азаматтық талап беретіндігін білдірді».

**Жәбірленуші:** ____________________________________________

Құқықтарын түсіндірді

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Куәдан жауап алу**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Энск қаласы Молокова көш., 102 мекенжайы бойынша орналасқан Энск АІІБ ғимаратында №28 қызметтік кабинет бөлмесінде Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 60, 78, 110, 115, 197, 199, 208, 209, 210, 212, 214-баптарын басшылыққа ала отырып, мына төменде көрсетілген адамнан куә ретінде жауап алды:

Тегі, аты әкесінің аты: Каренкин Нұржан Бауржанұлы,

Туған күні: 19.03.1981 ж.т.;

Туған жері: Энск ауданы Қызылжар ауылы;

Азаматтығы: Қазақстан Республикасының;

Ұлты: қазақ;

Білімі: жоғары;

Отбасы жағдайы: үйленген;

Тұратын жері: Энск ауданы Қызылжар ауылы,
ұ.т. 8-7017764478;

Жұмыс орны: құлысша;

Жеке басын куәландыратын құжаттар: жеке куәлігі №0010898779 Қазақстан Республикасының Әділет министрдігі 25.11.2008 жылы берген;

Соттылығы: сотталмаған

Куәның күдіктіге қатынасы: таныс емес

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 110, 214-баптарына сәйкес куә Н.Б. Каранкинға оның Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 78-бабының талаптарына іс үшін маңызы бар қандай да бір мән-жай белгілі болуы мүмкін кез келген адам айғақтар беру үшін куә ретінде шақырылуы және одан жауап алынуы мүмкін екені түсіндірілді.

Мыналар:

1) қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуына байланысты, сондай-ақ сот шешімін шығару кезінде туындаған мәселелерді кеңесу бөлмесінде талқылау барысында өздеріне белгілі болған істің мән-жайлары туралы – судья, алқаби;

2) аралық судьяның немесе төрешінің міндеттерін атқаруға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – аралық судья немесе төреші;

3) өзінің міндеттерін орындауына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның қорғаушысы, сол сияқты олардың заңды өкілдері, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің өкілі, сондай-ақ куәнің адвокаты;

4) тәубаға келу үстінде өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – діни қызметші;

5) өзінің жасының толмауына не психикалық немесе дене кемістіктеріне байланысты іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдауға және олар туралы айғақ беруге қабілетсіз адам;

6) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, медиацияны жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – медиатор;

7) ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, өз қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы куә ретінде жауап алынуға жатпайды.

Куәнің:

1) қылмыстық жазаланатын іс-әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін оның өзін, жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарын қудалауға әкеп соғатын айғақтар беруден бас тартуға;

2) өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар беруге;

3) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

4) өзінен жауап алуға қатысатын аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге;

5) жауап алу хаттамасына айғақтарды өз қолымен жазуға;

6) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіруге, өзінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге құқығы бар.

Куәнің өз адвокатының қатысуымен айғақ беруге құқығы бар. Адвокаттың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам белгілеген уақытта келмеуі куәдан жауап алуды жүргізуге кедергі келтірмейді.

Куәның қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде шеккен шығыстарын оған өтеу қамтамасыз етіледі.

Куә:

1) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың шақыруы бойынша келуге;

2) іс бойынша болғанның бәрін шынайы түрде хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге;

3) егер өзіне бұл туралы анықтаушы, тергеуші немесе прокурор ескерткен болса, іс бойынша өзіне белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге;

4) тергеу әрекеттерін жүргізген кезде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

Куә, оның ішінде қорғалуға құқығы бар куә, осы Кодекстің 223 және 271-баптарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сараптамаға немесе куәландырылуға тартылмайды.

Куә:______________ (Каренкин Н.Б.)

Куә жалған айғақтар бергені, айғақтар беруден бас тартқаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген қылмыстық жауаптылықта болады. Айғақтар беруден жалтарғаны немесе қылмыстық

процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмегені үшін куәға, оның ішінде қорғалуға құқығы бар куәға осы Кодекстің 160-бабында белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

Куә:______________ (Каренкин Н.Б.)

Бұдан басқа, куә _____________ Қазақстан Республикасының ҚК-нің 420, 421-баптары бойынша жалған айғақтар беруді немесе айғақтар беруденжалтару үшін қылмыстық жуаптылық туралы, сондай-ақ келуден немесе өзінің міндеттерін дәлелді себептерсіз орындаудан бас тарту немесе жалтару үшін әкімшілік жауапкершілік туралы ескертілді.

Куә:______________ (Каренкин Н.Б.)

Құқықтарымен және міндеттерімен танысып, куә ____________ мынаны мәлімдеді: «Жауап беруден бас тартамын/бас тартпаймын, жауапты _________ тілінде беруді қалаймын, ол тілді еркін меңгерменмін, аудармашының және адвокаттың қызметін қажет етемін/қажет етпеймін, бұл менің материалдық жағдайына байланысты емес, _____ қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары қажет/қажет емес».

Куә:______________ (Каренкин Н.Б.)

Істің өзіне белгілі мән-жайлары туралы қойылған сұрақтың мәні бойынша куә Н.Б. Каренкин келесіні көрсетті: мен жоғарыда аталған мекен жайында тұрамын, нарколог және психиатр дәрігерлерінде есепке тұрған жоқпын, менің Энск ауданы Қызылжар ауылының жанында шауруашылық қожалығым бар. 27.05.2016 жылы мен Кокшетау қаласында болдым, Қызылжар ауылының тұрғыны, менің жақын танысым Секербаев Рүстем Доскенұлы өзінің «Т-40» маркалы тракторымен менің мал шаруашылығы базама он түп пресстелген шөпті тегін әкеліп берген, ол туралы мен кейін ғана білдім. Мен өз ауылыма келдім, Рүстем маған осы көк шөпті кімнен алғанын айтқан жоқ, мен де ол туралы сұрамадым. Сол кезде мен полиция қызметкерлерінен Рүстемнің маған әкеп берген шөпті ұрланған екенін білдім, бірақ мен ол туралы – шөпті қылмыстық жолмен алынғанан бұрын білмегем, Рүстем маған ол туралы айтпаған. Мәні бойныша басқа қосарым жоқ.

________________________________________________________________

____________________________________________________________

Куә:____________ (Каренкин Н.Б.)

Жауап алған:

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**

**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==============================================

**Қорғануға құқығы бар куәдан жауап алу**

**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Талжанов көш., 3 мекенжайы бойынша орналасқан Энск ІІБ ғимаратында №25 қызметтік кабинет бөлмесінде Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 60, 66 ч.3, 68, 78, 110, 115, 197, 199, 208, 209, 210, 212, 214-баптарын басшылыққа ала отырып, қорғаушы _______________ қатысуымен, мына төменде көрсетілген қорғануға құқығы бар адамнан куә ретінде жауап алды:

Тегі, аты әкесінің аты: Азнабеков Нариман Амантайұлы,
Туған күні: 22.01.1981 ж.т.;
Туған жері: Энск ауданы ауданы Қызылтерек ауылы;
Азаматтығы: Қазақстан Республикасының;
Ұлты: қазақ;
Білімі: жоғары
Отбасы жағдайы: үйленген;
Тұратын жері: Энск ауданы Қызылтерек ауылы,
ұ.т. 8-7003192695;
Жұмыс орны: уақытша жұмыс істемейді;
Жеке басын куәландыратын құжаттар: жеке куәлік №810101723848 Қазақстан Республикасының ІІМ 09.03.2010 жылы берген;
Соттылығы: сотталмаған.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 110, 214-баптарына сәйкес Н.А. Азнабеков оның Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 78-бабының талаптарына іс үшін маңызы бар қандай да бір мән-жай белгілі болуы мүмкін кез келген адам айғақтар беру үшін қорғануға құқығы бар куә ретінде шақырылуы және одан жауап алынуы мүмкін екені түсіндірілді.

Қорғалуға құқығы бар куәнің:

1) қылмыстық жазаланатын іс-әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін оның өзін, жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарын қудалауға әкеп соқтыратын айғақтар беруден бас тартуға;

2) өз бетінше немесе үшінші тұлғалар арқылы адвокат шақыртуға;

3) жауап алу басталғанға дейін өзі таңдаған, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың қатысуымен айғақтар беруге;

4) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар беруге;

5) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

6) өзінен жауап алуға қатысатын аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге;

7) жауап алу хаттамасына өз айғақтарын өз қолымен жазуға;

8) жедел-іздестіру және жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарын қоспағанда, осы баптың бесінші бөлігінде көрсетілген құжаттармен танысуға;

9) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге, дәлелдемелерді ұсынуға;

10) өзінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты, оның ішінде сараптама жүргізу және қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге;

11) қарсылық білдірулерді мәлімдеуге;

12) өзіне қарсы куә болғандармен беттесуге;

13) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіруге құқығы бар.

Қорғалуға құқығы бар куә: соттың, прокурордың, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның шақыруы бойынша келуге; тергеу әрекеттерін жүргізген кезде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

Қорғалуға құқығы бар куә, оның ішінде қорғалуға құқығы бар куә, ҚПК 223және 271-баптарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сараптамаға немесе куәландырылуға тартылмайды.

Қорғалуға құқығы бар куә:______________ (Азнабеков Н.А.)

Айғақтар беруден жалтарғаны немесе қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмегені үшін куәға, оның ішінде қорғалуға құқығы бар куәға Қазақстан Республикасының ҚПК-уің 160-бабында белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

Қорғалуға құқығы бар куә:______________ (Азнабеков Н.А.)

Құқықтарымен және міндеттерімен танысып, қорғалуға құқығы бар куә____________ мынаны мәлімдеді: «Жауап беруден бас тартамын/бас тартпаймын, жауапты _________ тілінде беруді қалаймын, ол тілді еркін меңгерменмін, аудармашының және адвокаттың қызметін қажет етемін/қажет етпеймін, бұл менің материалдық жағдайына байланысты емес, _____ қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары қажет/қажет емес».

Қорғалуға құқығы бар куә:______________ (Азнабеков Н.А.)

Істің өзіне белгілі мән-жайлары туралы қойылған сұрақтың мәні бойынша қорғалуға құқығы бар куә Н.А. Азнабеков көрсетті: мен осы қылмыстық іс бойынша бұрын куә ретінде менен жауап алынған және мен сол бұрынғы жауаптарымды толығымен растаймын. Секербаев мен мені шекарада есірткі бар қапшықпен ұстағаны және Секераевтың ол қапшықтың менікі екені туралы сөзін былайша түсіндіремін: 2016 жылы 15 мамырда шамамен сағат 13 менің інім Азнабеков Нұрланбен үйде болдым. Менің ағам Нүркеш үйде болмаған, бір шаруларымен кетіп қалған болатын. Сол сәтте бізге үйімізге менің інімнің танысы Секербаев Рүстем келді. Бұрын мен оны танымайтынмын, онымен осы келгенінде таныстым. Секербаев Рүстеммен бірге Аршкенов Рүстем келді. Олар екеуінің де арақ ішкені сыртқы келбеттерінен көрініп тұрды, олардан арақтың иісі де шығып тұрды. Біз бірден сөйлесе кетті, олардың әңгімесінен мен олар бұрын жазасын бір жерде бірге өтегенін түсіндім. Р.Секербаев өзінің рюкзакынан бірден арақ шөлмегін алып шықты, біз төртеуіміз зал бөлмесінде үстел басына отырып, арақ іштік.

Р. Секербаевтың өзімен бірге қара түсті сүмкесі болды. Ол сүмкесініен арақ пен азық-түлікті алып шыққанында онда ауыр бірдене жатқаны байқалды, ол сүмкасында көтеріп ұстап тұрды, ал оның түбі еденге қарай қатты түсіп тұрды. Сүмкені нақты не болғанын мен көрген жоқпын, өйткені Р. Секербаев оны бірден жауап қойды. Біз арақ іштік, сол кезде Р. Секербаев Рүстемнен өзіне шекарадан өтіп, Ресейге кетуіне көмектесуді сұрады, яғни кеден және шакара бекеттері жоқ жерді көрсетуді сұрады. Біздің арағымыз біткеннен кейін Р.Секербаев Р.Аршкеновке ақша беріп, арақ сатып әкелуді тапсырды. Оның Рүстем Аршкенов нақты қанша ақша бергенін білмеймін. Ол ақшаны алып, дүкенге кетті. Осы арада Рүстем кетіп қалды, шаруаларым бар деді. Аршенов келгенде, онымен бірге менің ағам Нұркеш те келді. Рүстем Аршкенов екі шөлмек арақ әкелді. Бір шөлмекті Р. Аршкенов бірден қара сүмкесіне салып қойды. Бұл сүкені Р. Аршкенов өзінің жанында ұстап отырды. Біз тағы да арақ іштік, бұдан кейін Рүстем Аршкенов ұйықтауға кетті. Ол жатын бөлмеге жатты. Сүмкесін алып кетті. Біз арақ ішіп отыра бердік. Біз арақ ішіп отырғанымызда Рүстем Аршкенов жататын бөлмеге барып келген. Біз арақ ішіп болғаннан кейін Рүстем мені шетке қарай шақырып алып, Р. Аршкеновтың үмкесінде есірткі бар екенін айтты. Мен бізге проблема керек емес дедім де, біз учаскелік полиция инспекторына бардық, бірақ оны таба алмадық, одан кейін застава шекарашыларға барып, застава бойынша бастығына барын айтып бердік. Ол бізге Р. Аршкеновты үйде ұстауға құқығы жоқ екенін, ал егер ол шекарадан өтуге әрекет жасайтын болса, сол кезде ұстайтынын айтты. Осыдан кейін мен немере інімменбірге үйге қайттық. Үйге келгенде Р. Аршкеновты оята бастадық, мен кіреберіс бөлмеге шығып кеткенмі. Аршкенов Р. үйден шығып, Ресей Федерациясы аумағына қарай өзен жағына кетті. Р. Аршкеновтың қолында сол бізге келгендегі сүмкесі болды. Содан кейын бары кайтты. Бұл факт бойныша менің басқа айтарым жоқ.

Қорғалуға құқығы бар куә: ______________ (Азнабеков Н.)

Қорғаушы: ______________ (Дюсекеев А.)

Жауап алған:
**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

=====================================================

**Кәмелетке толмаған куәдан жауап алу**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 75, 215, 535, 536, 537, 538-баптарының талаптарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 208-217баптарын басшылыққа ала отырып, Энск АІІБ ТБ бөлмесінде қорғаушының, заңды өкілдің қатысуымен, ал қажет болған кезде психолог мен педагогтың қатысуымен жауап алды: заңды өкілі Ж.А. Контарбаева

Тегі және аты-жөні: Арман Қайруллаұлы Ільясов

Заңдыі өкіл: Жанар Айтбайқызы Контарбаева - анасы

Туған жылы: 01.01.1999 ж.т.;

Туған жері: Астана қаласы;

Ұлты: қазақ;

Азаматтығы: Қазақстан Республикасының;

Білімі: аяқталмаған орта;

Отбасы жағдайы:үйленбеген

Паспортыжәне басқа құжаттар: тууы туралы куәлік

Тұратын жері: Энск ауылы, Жаяубаева көш., 3

Жұмыс (оқу) орны: Энск қ. педагогиялық колледжі

Паспорты және басқа құжаттар: жеке куәлік №1024580245, Қазақстан Республикасының ІІМ 01.02.2016ж. берген.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 215-бабына сәйкес он алты жасқа дейінгі куәлар мен жәбірленушілерге міндеттері, оның ішінде олардың айғақтар беруден бас тартқаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін жауаптылығы туралы ескертілмей, іс бойынша өздеріне белгілі болған барлық шындықты айту қажеттілігі, оның өзінің немесе жақын туыстарының қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын әшкерелейтін айғақтар беруден бас тарту құқығы түсіндіріледі

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 537-бабының 3-бөлігіне сәйкес заңды өкілдің міндеттері мен құқықтары: кәмелетке толмағанға не жөнінде күдік келтіріліп отырғанын білуге; күдікті деп тану, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулылармен, прокурор бекіткен айыптау актісімен таныстыру кезінде қатысуға, кәмелетке толмаған адамнан жауап алуға, сондай-ақ кәмелетке толмаған күдіктінің және оның қорғаушысының қатысуымен жүргізілетін өзге де тергеу әрекеттеріне сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамның рұқсатымен қатысуға; өзі қатысқан тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және ондағы жазбалардың дұрыстығы мен толықтығы туралы жазбаша ескерту жасауға; өтінішхаттар мен қарсылық білдірулер мәлімдеуге, тергеушінің және прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне шағым келтіруге; дәлелдемелер ұсынуға; тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, олардан кез келген мәліметті және кез келген көлемде жазып алуға, құжаттардан көшірмелер түсіріп алуға, оның ішінде

ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен түсіріп алуға құқығы бар екені түсіндірілді.

Заңды өкіл ________________ Ж.А. Контарбаева

Кәмелетке толмаған __________А.Қ. Ільясов

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 538-бабының 3-бөлігіне сәйкес кәмелетке толмағаннан жауап алуға қатысып отырған педагогтың, психологтың міндеттері мен құқықтары, оның ішінде: тергеушінің немесе соттың рұқсатымен кәмелетке толмаған күдіктіге, күдіктіге сұрақтар қоюға, тергеу әрекетінің хаттамасымен танысуға және онда жасалған жазбалардың дұрыстығы мен толықтығы туралы жазбаша ескерту жасауға, кәмелетке толмаған адамның жеке басын сипаттайтын қылмыстық іс материалдарымен танысуға құқықтары түсіндірілді.

Педагог, психолог ____________________

Кәмелетке толмаған _________________ А.Қ. Ільясов

Жауапты орыс тілінде беруді қалаймын, тілді меңгергенмін, аудармашы қажет емес.

Заңды өкіл (педагог, психолог) __________ Ж.А. Контарбаева,

Кәмелетке толмаған __________________ А.Қ. Ільясов

Істің өзіне белгілі мән-жайлары туралы қойылған сұрақтың мәні бойынша куә А.Қ. Ільясов келесіні көрсетті: 20__ жылы 28 қантарда мен ата-анаммен бірге Энск ауылына атам Ільястын 80 жас мерейтойына бардым. Той «Голд» кафесінде өтті. Үлкендер үстел басына отырған кезде, яғни шамамен 18.45 мен кафе жанында балалармен ойнап жүрдім. Сол кезде жолдың арғы бетінде жолды үш қыз бала өтіп бара жатты. Олардың артынан Ания келе жатты, кенеттен бір машина жолға атып шықты, ол Анияны соғып кетті. Мен автомашинаның дауысын естідім. Машина оны автомашинаның оң жақ бөлігінің оң жағымен соқты. Соқан автокөліктін мемлекеттік номерін байқамадым.

Менің сөзімнен дұрыс жазылды, мен мәтінді оқыдым.

________________________ 20__ ж.

Заңды өкіл (педагог, психолог) __________ Ж.А. Контарбаева

Жауап алған:

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Күдіктіден жауап алу**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.

Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Энск қаласы Ермеков көшесінің 122-үйінде орналасқан Энск қаласының ІІБ №1 кабинетінің үй-жайында Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199, 115, 216-баптарына, 64-баптың 5-бөлігіне сәйкес №15357203100555 қылмыстық іс бойынша күдікті ретінде төмендегіден жауап алды:

1. Тегі, аты, әкесінің аты: Қазтаев Нұрлан Қасымжанұлы
2. Туған күні: 11.11.1991 жылы туылған
3. Туған жері: Энск қаласы
4. Тұрғылықты және (немесе) тіркелген орны: Қазақстан Республикасы, Энск қаласы, Республика даңғылы, 74-үй, 1-п.
телефоны: 23-33-44 e-mail: жоқ
5. Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
6. Білімі: жоғары экономикалық
7. Отбасылық жағдайы, отбасы құрамы: бойдақ
8. Жұмыс немесе оқу орны: «Бизнес ЛТД» ЖШС,
телефоны: 21-44-55 e-mail: жоқ
9. Іскери міндеттілікке қатысы: әскери міндетті
10. Сотталғандығы:сотталмаған
11.Жеке басын куәландыратынпаспорты немесе өзге құжаты; жеке басының куәлігі №123456789 11.11.2007 жылы Қазақстан Республикасының Әділетмині берген
12. Күдіктінің жеке басы туралы өзге деректері: жоқ

Өзге қатысушы адамдар: қорғаушы – адвокат Б.К.Муканов

Қатысушы адамдарға техникалық құралдар: Panapfonic диктофоны, Samsungбейнекамерасы қолданылатыны туралы хабарланды.

Жауап алу басталар алдында күдіктіге қорғаушының қатысуымен Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 64-бабында көзделген құқықтар түсіндірілді, атап айтқанда:

1) ұстап алуды жүзеге асырған адамнан маған тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алу; 2) өзіме не үшін күдік келтірілгенін білу; 3) өз бетімше немесе өзімнің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы осы Кодекстің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті; 4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзімді азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалану; 5) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушыммен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесу; 6) күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда,

қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беру; 7) күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алу; 8) айғақ беруден бас тарту; 9) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алу; 10) дәлелдемелерді ұсыну; 11) өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеу; 12) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беру; 13) аудармашының тегін көмегін пайдалану; 14) өз өтінішхатым бойынша немесе қорғаушымның не заңды өкілімнің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысу; 15) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласу; 16) тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарымды баяндай отырып, прокурорға процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіру және процестік келісімді жасасу; 17) өзімнің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беру; 18) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіру; 19) өзімнің құқықтарым мен заңды мүдделерімді заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғау; 20) сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіме сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде осы Кодекстің 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыру; 21) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысу және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алу, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіру; 22) қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіру; 23) жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзімнің құқықтарым мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік шешімдердің қабылданғаны туралы өзімді қылмыстық процесті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алу; 24) өзіме қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беру.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 64-бабында көзделген күдіктінің құқықтары маған түсіндірілді және оларды қолданумен байланысты сұрақтарым жоқ.

**Күдікті: Н.К. Қазтаев** _____________(қолы)

Күдікті Н.К.Қазтаевқа Энск қ. ІІБ ТБ тергеушісі полиция аға лейтенанты А.А.Бақтыбаев оған Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 293-

бабының 3-бөлігінің 2-тармағында көзделген бұзақылық, яғни қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу, атыс қаруын, газды қаруды, пышақтарды, кастеттерді және өзге де суық қаруды не денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы лайықталған басқа да заттарды қолданып немесе қолдануға тырысып жасалған іс-әрекеттер жасаған деген күдік тағылатыны туралы хабарлады.

**Күдікті: Н.К. Қазтаев** ____________(қолы)

Күдіктің мәні бойынша мыналарды айта аламын:

Мен, Қазтаев Нұрлан Қасымжанұлы «Бизнес ЛТД» ЖШС-ның атқырушы директоры болып табыламын, бұрын сотталмағанбын, басымда жарақатым жоқ, наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұрмаймын.

01.09.20__ жылы біздің фирма өте беделді бір фирмамен мәміле жасады, мәміленің құпиялығы туралы келісім жасау себебіне байланысты осы мәмілені егжей-тегжейлі айтып бере алмаймын,

Осы оқиғаны біз фирма ұжымымен атап өтуды ұйғардық. Сол күні біз 15 адам Энск қаласының Магнитогорский көшесінің 8-үй мекенжайы бойынша орналасқан «Фарт» кафесіне келдік. Әдетте мен алкогольді көтере алмайтындығыма байланысты спиртті қолданған емеспіз, бірақ өз әріптестерімнің қолдауымен мен спиртті ішіп көрдім.

Қандай-да бір қымбат коньяктың үш рөмкесін ішкенім есімде, бірақ атын есіме түсіре алмаймын. Бұдан кейін не болғаны есімде жоқ.

Келесі күні мен емдеу-сауықтыру мекемесінде бірақ ояндым және қылмыс жасағаныма байланысты ұсталғанымды естідім.

Жасалған қылмыс туралы ештеңе есімде жоқ.

Кейіннен мен аталған кафеде мен өзімнің танысым К.Т.Талғатованы биге шақырғаным белгілі болды. Сол сәтте менің қасыма бұрын маған таныс емес бір азамат келген, анкеталық деректерін кейін мен полицияда ғана естідім, есімде сақталғаны А.К.Жанатов екен. Ол маған қарсылық танытып ол да қызды биге шақырған көрінеді. Мен өзімнің бұдан кейінгі әрекеттеріме сенбеймін, бірақ Талғатованың сөзі бойынша мен кенеттен үстел үстіндегі бөтелкені ала салып сындырған екенмін және пайда болған өткір ұштарымен оған қолдарына және А.Б.Болатовтың денесіне әртүрлі жарақаттар салған екенмін. Әйтсе де мен болған іске ішім ашиды, өкінемін және өзім де ойламаған жерден болған қызбалықтан емдеуге көмек көрсетулеріңізді сұраймын. ______________(қолы)

Адвокат Б.К. Мукановтың сұрағы: Сізде бұрын басқа адамдардың ауызынан еститін өзіңіз ұстап тұра алмайтын немесе ашу шақыратын мінез-құлықтарыңыз болып па еді?

Жауап: Жоқ, әйтпесе мен дәрігерлің көмегіне жүгінген болар едім.

______________(қолы)

Адвокат Б.К.Мукановтың сұрағы: жарылған шарапты, сынған үстелдіесепке ала отырып, келтірілген зиын мен жәбірленушінің емделуіне кеткен шығындар сомасы 247 000 теңгені құрайды. Сіз оны өтеуге дайынсыз ба?

Жауап: Егер мен шын мәнінде менен күдіктенген қылмысты жасаған болсам, мен кез келген зиянды өтеуге дайынмын. _______________(қолы)

Жауап алу басталар алдында, оның барысында не болмаса аяқталған кезде күдікті қандай да бір өтініш жазудан бас тартты.

Өтініш мазмұны: ____________________________________________

(түсті, түспеді)

_______________(қолы)

_______________(қолы)

Хаттама оқылды ________________________________________________

(тергеуші өзі немесе дауыстап)

Хаттамаға ескерту жоқ

_______________(қолы)

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==========================================================

**Күдіктіні және оның қорғаушысын**
**сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен таныстыру**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Энск қаласы ІІБ полиция бөлімінің ТБ ұй-жайында №313 кабинетінде ҚПК-нің 199, 113, 294, 296-баптарының талаптарын сақтай отырып, күдікті Данияр Ертайұлы Казбековті және оның қорғаушысы Е.С.Болатовқа Қазақстан Республикасының ҚК-нің 188-бабының 2-бөлігі 3-тармағымен көзделген қылмысты жасады деп айыптау ісінің барлық материалдарын 94 парақтан тұратын бір томда тігілген және нөмірленген түрінде таныстыру үшін көрсетті.

Таныстыруды бастау алдында күдіктіге және оның қорғаушысына Қазақстан Республикасының КПК-нің 64, 296-баптарында көзделген құқықтар түсіндірілді, оның ішінде, олар кез келген мәліметтерді және кез

келген көлемде жазып алуға, құжаттардан көшірмелер жасауға, оның ішінде техникалық құралдар арқылы көшірме жасауға құқылы.

Күдікті Д.Е.Казбеков және оның қорғаушысы Е.С.Болатов іс материалдарымен бірге танысты.

Материалдармен таныстыру басталды:

11 сағат 00 минут, 10.10.20__ жылы.

Таныстыру аяқталды:

11 сағат 40 минут, 10.10.20__ жылы.

Күдікті мен оның қорғаушысыіс материалдарымен танысқаннан кейін, олар тергеулі толықтыру туралы және нақты немен толықтыру туралы өтініш білдіреме деген сұраққа күдікті Д.Е.Казбеков және оның қорғаушысы Е.С.Болатов былай мәлімдеді:

№15631003103716 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен таныстық, мәлімдемелер, шағымдар мен өтініштер жоқ.

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды, дұрыс жазылды, ескертулер жоқ.

**Күдікті:** 10.10.20__ жылы

(қолы) Д.Е.Казбеков

**Қорғаушы:** 10.10.20__жылы

(қолы) Е.С.Болатов

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Қазақстан Республикасының ҚК 68 бап талаптарын түсіндіру**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.

Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, жәбірленуші Сағындық Нұрланұлы Касперовқа Қазақстан Республикасының ҚК 68 бабының «Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату »талаптарын түсіндірді.

1.Қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. 2. Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз

жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады. 3. Қылмыстық құқық бұзушылықпен қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірілген жағдайларда, осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көрсетілген адам, егер ол шынайы өкінсе және қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. 4. Осы баптың ережелері абайсызда адам өліміне не екі және одан да көп адамдардың өліміне әкеп соққан қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының ҚК 68 бабының заңдық негіздерінің күші бар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының ҚПК 35 бабы 1 бөлімі 12 тармағына сәйкес, жәбірленуші қылмыстық құқық бұзушылық тұлғамен татуласқан жағдайда, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарылуы мүмкін,.

Жәбірленуші /______Касперов С._____/, көрсетілген заң талаптарымен танысып болғасын айтты:

Татуласуға келіспейтіндігін, қылмыстық жауапкершілікке және сот отырысында қарастыру туралы білдірді.

Жәбірленушінің қолы : ____________________(Касперов С.)

Құқығың түсіндірген:

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен**
**жәбірленушіні таныстыру**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, полиция бөлімінің ТБ үй-жайында №313 кабинетінде ҚПК-нің 71, 295-баптарының талаптарын сақтай отырып, жәбірленуші Мади Кенжебекұлы Елубаевқа №15631003103716 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын 94

парақтан тұратын бір томда тігілген және нөмірленген түрінде таныстыру үшін көрсетті.

Материалдармен таныстыру басталды:

10 сағат 00 минут, 10.10.20__ жылы.

Таныстыру аяқталды:

10 сағат 30 минут, 10.10.20__ жылы.

Жәбірленуші сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен танысқаннан кейін, ол тергеулі толықтыру туралы және нақты немен толықтыру туралы өтініш білдіре ме деген сұраққа жәбірленуші былай мәлімдеді:

04.06.1994 ж.т. Данияр Ертайұлы Казбековті Қазақстан Республикасының ҚК-нің 188-бабының 2-бөлігі 3-тармағымен көзделген қылмысты жасады деп айыптау бойынша №15631003103716 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен таныстым, мәлімдемелер, шағымдар мен өтініштер жоқ.

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды, дұрыс жазылды, ескертулер жоқ.

**Жәбірленуші:**

10.10.20__ жыл

(қолы) М.К.Елубаев

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

## Жәбірленушіні және оның өкілін сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен таныстыру ХАТТАМАСЫ

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.

Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, полиция бөлімінің ТБ үй-жайында №313 кабинетінде ҚПК-нің 71, 295-баптарының талаптарын сақтай отырып, жәбірленуші Мади Кенжебекұлы Елубаевқа және оның заңды өкілі – Сара Нұрланқызы Сағатоваға №16631003103716 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын 94 парақтан тұратын бір томда тігілген және нөмірленген түрінде таныстыру үшін көрсетті.

Материалдармен таныстыру басталды:

10 сағат 40 минут, 10.10.20__ жылы.

Таныстыру аяқталды:

10 сағат 55 минут, 10.10.20__ жылы.

Жәбірленуші сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен танысқаннан кейін, ол тергеулі толықтыру туралы және нақты немен толықтыру туралы өтініш білдіре ме деген сұраққа жәбірленуші С.Н.Сағатова былай мәлімдеді:

04.06.1994 ж.т. Данияр Ертайұлы Казбековті Қазақстан Республикасының ҚК-нің 188-бабының 2-бөлігі 3-тармағымен көзделген қылмысты жасады деп айыптау бойынша №15631003103716 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен таныстым, мәлімдемелер, шағымдар мен өтініштер жоқ.

Жәбірленуші өкілі – С.Н. Сағатова былай мәлімдеді:

04.06.1994 ж.т. Данияр Ертайұлы Казбековті Қазақстан Республикасының ҚК-нің 188-бабының 2-бөлігі 3-тармағымен көзделген қылмысты жасады деп айыптау бойынша №16631003103716 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен таныстым, мәлімдемелер, шағымдар мен өтініштер жоқ.

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды, дұрыс жазылды, ескертулер жоқ.

**Жәбірленуші:** 10.10.20__ жыл

(қолы) М.К.Елубаевқа

**Жәбірленушінің өкілі:**10.10.20__жыл

(қолы) С.Н.Сағатова

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==============================================================

**Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде (қашықтықтан жауап алу) жәбірленушіден жауап алу**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, 06.01.20__ жылғы шығ. №3-10-245-19587 сәйкес №160064814873 қылмыстық іс бойынша Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 197, 199, 212-баптарының талаптарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 208, 209, 210, 212, 213, 214-баптарын басшылыққа алып, бейнебайланыс режимінде жауап алу үшін қажетті дайындық әрекеттер жасады.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 213-бабы 2-бөлігінің талаптарына сәйкес қашықтықтан жауап алған кезде ғылыми-техникалық құралдар мен технологияларды пайдалану бейне мен дыбыстың тиісті

сапасын, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс, осыған байланысты тергеуші Т.Н. Сұлтанбеков қажетт техникалық параметрлерді тексеріп, тестілік режимде Энск қаласындағы тергеуші А.Т. Макинға сыртқы микрофон арқылы жауап алынып отырған адамнан «Өзіңізді таныстырыңыз, жеке басыңызды куәландыратын құжатты көрсетіңіз» деп ұсынды. Осылай, Энск қаласындағы тергеушіден дыбыс және бейнеберу сапасы туралы деректер алып, Энсктегі тергеуші басқа желідегі тергеушіден қызметтік куәлігін көрсетуді сұрады. Тергеуші өзінің қызметтік куәлігін көрсеткеннен кейін Web-камераға Қазақстан Республикасының азаматы Т.Н. Сариндың жеке куәлігін көрсетіп, техникалық құралдар – «_Windows__» стационарлық компьютерді, түгендеу нөмірі 00125, «Бейнеконференцбайланыс» компьютерлік бағдарламасын, Web-камера мен «__Cenon__» фирмасының сыртқы микрофонын пайдаланып, жеке бөлінген компьютерлік байланыс арнасы арқылы бейнебайланыс режимінде куә ретінде келесі адамнан жауап алды:

Тегі, аты әкесінің аты: Жанар Айтбекқызы Контарбаева,

Туған күні, айы және жылы: 08.08.1960 ж.т.,

Туған жері: Қарағанды обл. Осакаров ауылы Талжанов көш.

Ұлты: қазақ,

Білімі: орта,

Азаматтығы: Қазақстан Республикасының азаматы,

Отбасы жағдайы: тұрмыс құрмаған,

Соттылығы: бұрын сотталмаған,

Тұратын жері: Энск ауылы , Н. Әбдірова көш., 21/5 - үй,

Жұмыс (оқу) орны: мұғалім,

Жауап алуды бастаудың алдында жауап алынатын Ж.А. Контарбаеваға Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 78-бабымен көзделген куәнің құқықтары мен міндеттері түсіндірілді, атап айтқанда: куә қылмыстық жазаланатын іс-әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін оның өзін, жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарын қудалауға әкеп соғатын айғақтар беруден бас тартуға; өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; өзінен жауап алуға қатысатын аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге;жауап алу хаттамасына айғақтарды өз қолымен жазуға; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттеріне шағым келтіруге, өзінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге, өз адвокатының қатысуымен айғақ беруге құқылы; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың шақыруы бойынша келуге; іс бойынша болғанның бәрін шынайы түрде хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; егер өзіне бұл туралы анықтаушы, тергеуші немесе прокурор ескерткен болса, іс бойынша өзіне белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге; тергеу әрекеттерін жүргізген кезде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті

Жәбірленуші _____________ Ж.К. Контарбаева

Бұдан басқа куә __________________айғақтар беруден жалтарғаны немесе қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмегені үшін оған Қазақстан Республикасының ҚПК-уің 160-бабында белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін екені түсіндірілді.

Жәбірленуші _____________ Ж.К. Контарбаева

Куә өзіне Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 78-бабымен берілген құқықтармен, оның ішінде: қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасағаны үшін оның өзін, жұбайын (зайыбын), жақын туыстарын қудалауға әкеп соғатын айғақтар беруден бас тарту; өзінің ана тілінде айғақтар беру және қауіпсіздік шараларын қолдану құқықтарын пайдаланғысы келе ме деген сұраққа, былай мәлімдеді:

«______________________________________________________________».

Жәбірленуші _____________ Ж.К. Контарбаева

Бір мезгілде маған Қазақстан Республикасының ҚК-нің 420, 421-баптары бойынша жалған айғақтар беру немесе айғақтар беруден бас тарту үшін қылмыстық жуаптылық туралы және айғақтар беруден жалтару немесе қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмегені үшін әкімшілік жауапкершілік туралы ескертілді.

Жәбірленуші _____________ Ж.К. Контарбаева

Істің өзіне белгілі мән-жайлары туралы қойылған сұрақтың мәні бойынша жәбірленуші Ж.К. Контарбаева келесіні көрсетті: Қазіргі уақытта мен жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша тұрып ж атырмын. Менің үйімнің ауласында борты жасыл түсті мотороллер кузовы тұрған, ол маған тиесілі. Бұл кузовта раманың өзі, рөл, барлық үш дөңгелегі, артында кішкентай борты болды. Бұл кузов маған осыдан екі жыл бұрын менің ұлым Вячеслав Мауерден қалған. Ол маған бұл кузовты көмек ретінде тегін қалдырып кеткен, оны менің иелігімге берген, керегіне жаратарсын, не сатарсын не бірденеге айырбастап аларсын деген. Менің ұлым Дәулет Қарабалық ауданында тұрады, сонда дәрігер болып жұмыс істейді. Бұл мотороллер кузовына менің ешқандай құжаттарым жоқ, оны менің ұлым ешқандай құжаттарсыз сатып алған. Бұл мотороллер кузовы менің үйімнің ауласында шауп тасталған ағаштардың артында үнемі тұратын, ол кузов менікі. 05.01.2016 жылы таңертең шамамен 08.30 сағатта мен далаға шыққанымда, осы аталған мотороллер кузовының жоқ екенін байқадым, қоршаудың қақпасы жабық болды. Бұдан кейін мен үйімнің ауласын қарап шықтым, мотороллер ешқайда болмады. Осылай, мен белгісіз адамдардың менің үйімнің ауласынан менің мотороллерімді ұрлап кеткенін түсіндім. Бұл мотороллер кузовының құнын мен 50 000 теңгеге бағалаймын, сондықтан маған келтірілген зиян елеулі болып табылады деп есептеймін, өйткені мен бір зейнтақыма ғана өмір сүремін, оны мөлшері бір айда 19 200 теңгені құрайды. Осы оқиға бойынша мен полицияға жүгіндім, сол күні полиция қызметкерлері менен ұрланған мотороллер кузовын Нысанқұлов Омар

Серікұлының үйінен тапты, ол оны менің үйімнің ауласынан ұрлап, өзінің үйінің жаңына қойған екен, сол күні мотороллер кузовы сақтау қолхат бергеннен кейін, маған қайтарылды. Нысанқұлов Омар Серікұлы – менің жақын туысым болып келеді, ол менің үйіме жиі келіп тұрады, менің үйімнің ауласына еркін кіруіне мүмкіндігі бар. Осыдан бір күн бұрын, яғни 03.01.2016 жылы мен бүкіл күні бойы өзімнің шаруаларыммен көрші ауылында жүріп, үйімде болмағам, үйдің есігі кілттелген болатын.

Жауап алу аяқталғаннан кейін, жауап алуды жүргізу бейнежазбасы түгендеу нөмірі 3254586 «__________» стационарлық компьютердің жүйелік блогынан «__________» маркалы CD-ROM-ға көшірілді, жәбірленуші Ж.К. Контарбаева көрсетілді. Қаралғаннан кейін бейнежазба конвертке салынып, мөрмен мөрленді және тергеуші _______________ қолтаңбасымен бекітіліп, куәдан жауап алу хаттамасына қосымша ретінде қоса тіркелді.

Хаттаманы мен оқыдым, менің сөзімнен дұрыс жазылды, ескертулер, өзгертілер мен толықтырууларым жоқ. Бейнежазба қаралды, ескертулерім жоқ.

Жәбірленуші _____________ Ж.К. Контарбаева

Жауапалу хаттамасы қосымшасымен бірге (бейнежазба) 20__ж.____ шығ. № ___________ ____________________ жіберілді.

Жауап алған:

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

===================================================

**Беттестіру**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, №160061600005458 қылмыстық іс бойынша Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199және 218-баптарының талаптарын сақтай отырып, Энск ауданы Энск ауылы, Құнаев көш. 25 мекен жайы бойынша орналасқан Энск АІІБ ғимаратында №8 қызметтік кабинет бөлмесінде бұрын жауап алынған куә Сартабаев Жанат Бахтиярұлы мен күдікті Ч.С. Карипбековпен, адвокат Қ.Қ. Ільясовтың қатысуымен беттестіруді жүргізді. Беттестіру алдында оған Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 78-бабымен көзделген куәнің құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Бұдан басқа, куә Сартабаев Ж.Б. Қазақстан Республикасының ҚК-нің 420, 421-баптары бойынша жалған айғақтар беру немесе айғақтар беруден бас тарту үшін қылмыстық жуаптылық туралы, сондай-ақ келуден немесе өзінің міндеттерін дәлелді себептерсіз орындаудан бас тарту немесе жалтару үшін әкімшілік жауапкершілік туралы ескертілді.

Куә:______________ (Ж.Б. Сартабаев)

Күдікті Ч.С. Карипбековке Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 65-бабымен көзделген құқықтары түсіндірілді.

Күдікті:______________ (Ч.С. Карипбековке)

Бір-бірінді танисындар ма деген сұраққа жауап алынған дамдар былай жауап берді:

**Куә Ж.Б. Сартабаевтың жауабы:** мен бұл азаматты білмеймін, бұрын онымен кездескен емеспін, оған қатысты ешқандай теріс ойым жоқ.

**Күдікті Ч.С. Карипбековтың жауабы:** мен бұл азаматты білмеймін, бұрын онымен кездескен емеспін, оған қатысты ешқандай теріс ойым жоқ.

**Күдікті Ч.С. Карипбековке сұрақ:** орын алған оқиға туралы айтып беріңіз.

**Күдікті Ч.С. Карипбековтің жауабы:** 27.09.2016 жылы орын алған 26 престелген түп сабанның ұрлануы бойынша күдікті Ч.С. Карипбеков келесіні көрсетті: Менің ақ-жасыл түсті «МТЗ» маркалы тракторым бар, онда кун орнатылған, мен онымен иесіз өрістерде шөп шауп, оны үйіме малға апарамын, шаруашылық жүргіземін, өзімнің өрісім жоқ. Мен Н. және А. автотрассасында Наурызбай ауылынан батысқа қарай шамамен 12 км жерде «Жартас» ЖШС өрісінде сабан шабу жұмыстарының жүріп жатқанын мен білдім. Осыдан бұрын, мен шөпке барғанымда бірнеше рет осы «Жартас» ЖШС өрісінің жанына өткенде, осы ЖШС жұмыскерлерінің сабан жинап, оларды трактор арқылы түптерге пресстеп жатқанын көрдім. Осылай, 27.09.2012 жылы шамамен 16.00 сағатта мен Наурызбай ауылынан батысқа қарай бара жатқанымда, мен өзімнің ақ-жасыл түсті «МВЗ» маркалы тракторымда екі бос арбаны әкетім бара жаттым, сол уақытта «Жартас» ЖШС-на тиесілі Уызбай ауылынан батысқа қарай 16 км жерде орналасқан сабан өрісінде көп пресстелген сабап түптерін көрдім. Бұл сәтте осы өрісте ешкім болмаған, оның ішінде «Жартас» ЖШС жұмыскерлері де болған жоқ, сол кезде маған осы пресстелген сабан түптерін қысқа өзімнің малыма ұрлау ойы келді, оларды бос арбаларыма салып, алып кеттім. Осыдан кейін, мен алдымен «Жартас» ЖШС жұмысшылары тұратын вагонға бардым, сол кезде осы вагонның есігі сыртынан жабық екенін көрдім, оның есігі сыммен байланған болатын. Осы вагонның жанында шетелде шығарылған жасыл түсті трактор тұрды, оның маркасын білмеймін, одан басқа сабанды пресстеуге арналған трактордың пресстелген құрылғысы, «Сак» пісіретін аппараты бар трактордың арбасы болды. Мен, бұл жерде ешкімнің жоқ екенін көріп, осы вагоннан 2 км. жерде орналасқан «Жартас» ЖШС өрісіндегі пресстелген сабан түптеріне өзімнің тракторыммен барып, арбаларды арыттым, одан кейін кун арқылы пресстелген сабан түптерін

арбаға салдым, осылай екі арбаға 26 пресстелген сабан түптерін, яғни әрбір арбаға 13 түптен салдым. Сосын арбаларды қайта тракторға жалғап, осы 26 пресстелген сабан түптерін Сабынды ауылына үйіме алып келдім. Сабан түптерін арба салып жатқанымда және үйіме бара жатқанымда мені ешкім көрген жоқ. 26 пресстелген сабан түптерін мен арбаға шамамен бір жарым сағат ішінде салдым. Үйіме келгеннен кейін мен 23 сабан түптерін үйімнің жанында түрісіп алдым, ал үш түп сабанды арбада қалдырдым, өзімнің жақын танысым Уызбай ауылының тұрғыны Канатов Досқа беруді шештім, оның Наурызбай ауылының жанында мал шаруашылығы базасы болатын. Осыдан кейін мен өзімнің тракторыммен арбамен үш түп сабанды Достаың мал шаруашылығы базасына апардым. Шамамен 20.30 сағатта мен Достың мал шаруашылығы базасына жеттім, бірақ онда ешкім болған жоқ, сондықтан мен үш пресстелген сабан түбін базанын жанына тастап кеттім. Бұл сабанды «Жартас» ЖШС өрісінен ұрлап алғанымды мен Досқа айтқаным жоқ, ол туралы Дос білмеді. Осылай, мен ұрлаған 23 түп сабан үнемі менің үйімнің жанында жатты, ал үш түп сабан Доста болды. Сабанды ұрлаған кезде мен сау болдым, алкольдік ішімдік және есірткі-психотропты заттарды қолданбағам. Бұл ұрлықты мен жалғыз өзім жасадым, оны 27.09.2016 жылы тергеу экспериментін жүргізу кезінде дәлелдегем және ұрлық жасаған кезімде мені ешкім көрген жоқ. Осы факт бойынша өзімнің кінәмді толық мойындаймын, жасағаныма өкінемін. Осы кезде полиция қызметкерлері мен ұрлаған 26 пресстелген сабан түптерін менен алып, осы сабанды «Жартас» ЖШС өкілдеріне қайтарды, яғни келтірген материалдық зиянды мен толығымен өтедім. _____________

**Куә Ж.Б. Сартабаевқа сұрақ:** Сізге __________ жауаптары түсінікті ме және Сіз оларды растайсыз ба?

**Куәның жауабы:** мен Ч.С. Карипбековтің жауабымен келісемін, өйткені ол 26 пресстелген сабан түптерін мен өрісте болмағанымда, 27.09.2016 жылы күндіз ұрлауы мүмкін еді.________________

**Күдікті Ч.С. Карипбековке сұрақ:** Сіз өзіңіздің жауаптарыңызды құптайсыз ба?

**Күдіктінің жауабы: Ч.С. Карипбеков** «Ия»

Тергеушінің ұсынысы: Куә К.А. Бөкенов және күдікті Б.А Саутбеков Сіздердің бір-біріңізге сұрақтарыңыз бар ма?

**Куәнің жауабы:** Ч.С. Карипбековке сұрақтарым жоқ.

**Күдіктінің жауабы:** Ж.Б. Сартабаевқа сұрақтарым жоқ.

Адвокаттан сұрақ түскен жоқ.

Куә: ______________ (Ж.Б. Сартабаевқа)

Күдікті:____________ (Ч.С. Карипбеков)

Адвокат:______________ (Қ.Қ. Ільясов)

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==========================================================

## Тану үшін көрсету туралы
## ХАТТАМА

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199,229, 230 баптары талаптарын сақтай отырып, Энск қ. ІІБ-ның 315- кабинетке келесі куәгерлердің қатысуымен:

Сағынтаева Айнагуль Серікқызы, тұратын мекен жайы : Энск қ Кривогуза көшесі 15 үй. 13 пәтер;

Болатбек Лаура Мейрамқызы, тұратын мекен жайы: г. Караганда Төлепов көшесі 25 үй. 12 пәтер;

Жәбірленуші С.Н.Касперовқа тану үшін азаматша 21.05.1982 жылы туған Динара Аманқызы Ахметованы көрсетті.

Тану үшін көрсетуді жүргізу алдында куәгерлер А.С.Сағынтаева және Л.М.Болатбекке Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 82 бапта көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді 1) тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысуға; 2) тергеу әрекеті жөнінде хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасауға; 3) өзі қатысқан тергеу әрекетінің хаттамасымен танысуға; 4) қылмыстық қудалау органының әрекеттеріне шағым келтіруге; 5) қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өзі шеккен шығыстарға өтем алуға;6) қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты мәлімдеуге құқығы бар.

Танудын алдында жәбірленуші С.Н.Касперов айғақ беруден бас тартқаны үшін, көрінеу жалған айғақ берген үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі, оған сондай –ақ өзіне (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына қарсы куәлік етпеу құқығы түсіндірілді. ________________ С.Н.Касперов

Тергеу іс-әрекеті арасында таңдалуға тиіс адам орналасқан өзге адамдар:

С.Д. Жаналина, К.Ж.Нүрпейсова және Ш.Д.Бекеновна қатысуы ерікті түрде келіскенін және тануға қарастырылған С.Н.Касперов олармен бұрын таныс болмағандығы туралы дәлелдеді.

Танитын адам: С.Н.Касперов болмау кезінде танылуға тиіс Д.А.Ахметоваға өзге адамдардың арасында кез келген орынды таңдап алуы ұсынылды, содан кейін Д.А.Ахметова үшінші орынды таңдап алды. Сөйтіп сол жақтан оң жаққа отырғандар:

15.08.1986 жылы туған, бойы 1м.70 см., жасы 30-35 шамасында, орта бойлы, толық денелі, азият ұлтты, үстіне қара түсті капюшоны бар шуба киген Саягуль Досжанқызы Жаналина

25.09.1985 жылы туған, бойы 1м.70 см., жасы 30-35 шамасында, орта бойлы, толық денелі, азият ұлтты, үстіне қара түсті капюшоны бар шуба киген Кенжегуль Жанатқызы Нүрпейсова

21.05.1982 жылы туған, бойы 1м.70 см., жасы 30-35 шамасында, орта бойлы, толық денелі, азият ұлтты, үстіне қара түсті капюшоны бар шуба киген Динара Аманқызы Ахметова

25.11.1983 жылы туған, бойы 1м.70 см., жасы 30-35 шамасында, орта бойлы, толық денелі, азият ұлтты, үстіне қара түсті капюшоны бар шуба киген Шолпан Даниярқызы Бекенқызы

Содан кейін танитын С.Н.Касперов шақырылды, оған өзі ол туралы айғақ берген адамды көрсету ұсынылды. С.Н.Касперов оған ұсынылған төрт адамға қарап былай деп мәлімдеді: ________________________

Мына адамдардың арасынан екінші болып тұрған адамды танимын. Мен ол қызды дидарынан таныдым, себебі мен есіме жақсы сақтадым. Нақты осы «Динара» есімді қыз 15.01.2016жылғы сағат 19-00 теміржол вокзалының маңында алаяқтық жолмен, яғни жалдауға пәтер беремін – деп, өзінің мүмкіншілігі болмасада, қылмыстық жолмен алдау және сенімге кіру арқылы мені шатастыру жолмен сим-картасыз «Nokia 105», маркалы ұялы телефонын, кепіл ретінде алып, қылмыс орнынан қашып кеткен.

Танылған адам өзін - 21.05.1982 жылы туған, Динара Аманқызы Ахметова деп таныстырды.

Хаттама дауыстап оқылып шықты, өзгерістер мен толықтырулар жоқ.

Танушы:__________________ С.Н.Касперов.
Куәгер: _________________________ А.С.Сағынтаева.
__________________________Л.М. Болатбек.
Танылуға тиіс адам: ________________ Д.А.Ахметова.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Фотосурет бойынша тану үшін көрсету**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199, 229, 230-баптарын басшылыққа алып, мына куәгерлердің қатысуымен:

1) Құсайнов Арыстан Әбілтайұлы, Энск қаласы, Б. Жырау көш., 15-үй, 67-пәтер мекенжайы бойынша тұрады;

2) Нұрбеков Қанат Нұрбекұлы, Энск қаласы, Университет көш., 21-үй, 16-пәтер мекенжайы бойынша тұрады,

Энск қаласы ІІБ үй-жайында №28 кабинетте табиғи жарық болған кезде №155897003101784 қылмыстық іс бойынша жәбірленуші Әлия Оспановаға тану үшін Рүстем Махметовтың, бір мезгілде онымен бірге тағы басқа адамдардың фотосуреттерін көрсетті.

Фотосуреттер фотокесте бір қатарға жапсырылған және олардың солдан оңға қарай 1, 2, 3 деген реттік нөмірлері болды, олар Қызылорда қаласы ІІБ мөрімен бекітілді.




№ 1 № 2 № 3

Тануға көрсетудің басында барлық қатысушы адамдарға олардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі мен фотосуреттер бойынша адамды тануды жүргізу тәртібі түсіндірілді.

Танушы адам: Ә. Оспанова

Куәгерлер: _______________ А.Ә. Құсаинов

_______________ Н.Қ. Нұрбеков

Бұдан кейін тану үшін көрсету жүргізіліп жатқан бөлмеге куә (жәбірленуші) Ә. Оспанова шақырылды, оған Қазақстан Республикасының ҚК-нің 419-бабына сәйкес көрінеу жалған жауап бергені үшін және Қазақстан Республикасының ҚК-нің 421-бабына сәйкес жауап беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілді.

_____________________ Ә. Оспанова

Тану үшін көрсетуге қатысып отырған адамдарға олардың тергеу әрекеттеріне қатысты хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасау құқықтары түсіндірілді.

Куәгерлер А.Ә. Құсаинов, Н.Қ. Нұрбеков Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 82-бабында көзделген олардың құқықтары түсіндірілді: 1) тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысу; 2) тергеу әрекеті жөнінде хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасау; 3) өзі қатысқан тергеу әрекетінің хаттамасымен танысу; 4) қылмыстық қудалау органының әрекеттеріне шағым келтіру; 5) қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өзі шеккен шығыстарға өтем алу; 6) қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты мәлімдеу.

Сонымен бірге, куәгерлерге олардың міндеттері де түсіндірілді: 1) қылмыстық қудалау органының шақыруы бойынша келу; тергеу әрекетін жүргізуге қатысу; 2) тергеу әрекетінің хаттамасында осы әрекеттің жүргізілу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін өзінің қолымен куәландыру; 3) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың рұқсатынсыз сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын жария етпеу; 4) тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тәртіп сақтау.

____________________ ____________________

Танушы адам Әлия Оспанова өзіне тану үшін көрсетілген фотосуреттерді қарап, № 2 фотосуреттегі адамды танығаны туралы мәлімдеді: «ол 2016 жылы 1 қарашада шамамен 23.45 сағатта Банк колледж жатақханасы кіреберісінде мені пышақпен қорқытып, менің изумруд тастары бар алтын сырғамды шешіп, белгісіз бағытта жасырынып кеткен. Мен оны бет-әлпетінің белгілері бойынша: қалың қасынан, кең мұрнынан, қызғылт түсті терісінен, сондай-ақ шаш қию үлгісінен: мандайында тақыры бар қысқа қиылған ақшыл шашынан таныдым. Мен бұрын бұл ер адамды көрмегенмін, бірақ ол қылмыс жасаған сәтте оны жақсы есімде сақтадым. Оның осы адам екеніне сенімдімін».

Тану нәтижесі: Рүстем Махметов танылды. Тану үшін көрсету алдында және оның барысында не ол аяқталғаннан кейін қатысушы адамдардан: танушы Ә. Оспановадан, куәгерлер А.Ә. Құсаинов, Н.Қ. Нұрбековтен мәлімдемелер түскен жоқ.

Танушы адам: Ә.Е. Оспанова
Куәгерлер: ______________ А.Ә. Құсаинов
______________ Н.Қ. Нұрбеков

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды. Хаттамаға ескертулер жоқ.

Танушы адам: Ә.Е. Оспанова
Куәгерлер: ______________ А.Ә. Құсаинов
______________ Н.Қ. Нұрбеков

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==========================================================

**Мәйітті тану үшін көрсету**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199, 229, 230-баптарын басшылыққа алып, мына куәгерлердің қатысуымен:

1) Нұрланов Ержан Нұркенұлы 14.09.1989 ж.т.

2) Нұрмағанбетов Алтай Тұрсынахметұлы 09.09.1978 ж.т.

Энск қаласында Облыстық медициналық орталық моргында № 2 кабинетте күндізгі табиғи жарық болған кезде № 15431003104571 қылмыстық іс бойынша куә Тұраров Мұратбек Қанатбекұлына Энск қаласының орталық саябағында бұта түбінде табылған ер адамның мәйітін тану үшін көрсетті.

Тану үшін көрсетуге қатысып отырған адамдарға олардың тергеу әрекеттеріне қатысты хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасау құқықтары түсіндірілді.

Куәгерлер Е.Н Нұрланов пен А.Т. Нұрмағанбетов Т.Н. Баспаковқа тану үшін көрсетуге дейін Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 82-бабында көзделген олардың құқықтары түсіндірілді: 1) тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысу; 2) тергеу әрекеті жөнінде хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасау; 3) өзі қатысқан тергеу әрекетінің хаттамасымен танысу; 4) қылмыстық қудалау органының әрекеттеріне шағым келтіру; 5) қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өзі шеккен шығыстарға өтем алу; 6) қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты мәлімдеу.

Сонымен бірге, куәгерлерге олардың міндеттері де түсіндірілді:1) қылмыстық қудалау органының шақыруы бойынша келу; тергеу әрекетін жүргізуге қатысу; 2) тергеу әрекетінің хаттамасында осы әрекеттің жүргізілу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін өзінің қолымен куәландыру; 3) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың рұқсатынсыз сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын жария етпеу; 4) тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тәртіп сақтау.

1. ________________

2. ________________

Куә Тұраров Мұратбек Қанатбекұлына Қазақстан Республикасының ҚК-нің 419-бабына сәйкес тану кезінде көрінеу жалған жауап бергені үшін және Қазақстан Республикасының ҚК-нің 421-бабына сәйкес жауап беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілді.

________________

Көрсетілген белгісіз ер адамның мәйітін қарап, куә Тұраров М.Қ. былай мәлімдеді: «Тұрсын Нартайұлының Баспаковтың» мәйітін таныдым. Оны бойы бойынша – менен ұзын, дене пішіні бойынша – орташа денелі, бет-әлпетінің белгілері бойынша – қара қоңыр көздері, кең қастары, кең мұрыны, сондай-ақ желкесіндегі тақыры бойынша танып отырмын. Бұрын Тұрсын Нартайұлының Баспаков саты алаңы бойынша менің көршім болған. Бұл сол адамның мәйіті болып табылады».

Тану үшін көрсету алдында, оның барысында не ол аяқталғаннан кейін қатысушы адамдардан: танушы М.Қ.Тұраровтан, куәгерлер Е.Н. Нұрлановтан және А.Т. Нұрмағанбетовтан мәлімдемелер түскен жоқ.

Хаттама дауыстап оқылды, дұрыс жазылды.

**Танушы адам** _______________

**Куәгерлер:** 1. _______________

2. _______________

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны** **(қолы)** **Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Нәрселерді тану үшін көрсету**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199, 229, 230-баптарының талаптарын сақтай отырып, барысы мен нәтижелерін техникалық құралдар арқылы тіркеуді қолданып, № 206 қызметтік бөлмеде Лаура Тоқтарқызы Мұқышевтың қатысуымен, Энск қаласындағы ПБ криминалисті полиция лейтенанты А.Ж. Байбиловтың қатысуымен кілемді тану үшін көрсетті.

Жоғарыда аталған адамдарға алып қоюды жүргізген адамның барлық әрекеттері кезінде қатысу және жүргізілген әрекеттер бойынша ескертулер енгізуді талап ету құқыңы түсіндірілді.

Бұдан басқа, жәбірленуші Л.Т. Мұқышеваға Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 230-бабының 4-бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 419, 421-баптары бойынша айғақтар беруден бас тарту немесе жалтару және көрінеу жалған айғақтар беру үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілді.

Бұдан басқа, өзінің, жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын әшкерелейтін, сондай-ақ ал діни қызметшінің тәубеге келу үстінде өзіне сырын ашқан адамдарға қарсы айғақтар беруден бас тартуға құқылы екенін түсіндірілді.

_____________ Л.Т. Мұқышева

Тануды бастаудың алдында танушы адам болмаған кезде танылуға жататын нәрселерді криминалист мынадай ретпен қойды:

1. Қара-жасыл түсті кілем, көлемі 3х3 м., Түркияда шығарылған, оң жақ төменгі бұрышында көлемі 25х10 см. үтікпен жандырылған орны бар.

2. Қара-жасыл түсті кілем, көлемі 3х3 м., Түркияда шығарылған, бұрыштары қырылған.

3. Қара-жасыл түсті кілем, көлемі 3х3 м., Түркияда шығарылған, оң жақ төменгі бұрышында көлемі 1х1 см. жандырылған орны бар.

4. Қара-жасыл түсті кілем, көлемі 3х3 м., Түркияда шығарылған, бұрышында қара-жасыл оюлары бар.

Бұдан кейін жәбірленуші Л.Т. Мұқышева шақырылды, оған үйінен ұрланған кілемді тану ұсынылды. Бұдан кейін Л.Т. Мұқышева тануға көрсетілген кілемдерді қарап шығып, № 3 болып белгіленген кілемге көрсетіп, ұсынылған кілемдер ішінде № 3 кілемді танығанын, ол 10.05.2016 жылы оның үйінен ұрланғанын айтты. Бұл кілемді сыртқы түрі бойынша, атап айтқанда жасыл түсі, көлемі және оң жақтағы төменгі бұрышындағы жандырылған жері бойынша таныды.

Тану барысында «Sony» маркалы бейнекамерамен бейнежазба, сондай-ақ «Canon» маркалы цифрлық фотоаппаратпен фотосуретке түсіру жүргізілді.

Мәлімдемелер, ескертулер, өтініштер түскен жоқ. Хаттама дауыстап оқылды. Дұрыс жазылды.

Танушы адам ______________ Л.Т. Мұқышева

Криминалист: _______________ А.Ж. Байбилов

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Нәрселер мен құжаттарды қарап-тексеру**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Энск қаласы ІІБ КБЖ криминалист маманы полиция капитаны Қ.Сейлхановтың қатысуымен, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 219, 220, 224-баптарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199-бабының талаптарын сақтай отырып, Энск қаласы ІІБ-де № 227 бөлмесінде күдікті А.А.Нүркеновтен табылып алынған «Айфон 6» маркалы ұялы телефонға қарап-тексеру жүргізілді жүргізді.

Қарап-тексерудің алдында криминалист маман Қ.Сейлхановке Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 80-бабына сәйкес қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келу;дәлелдемелерді жинауға, зерттеу мен бағалауға жәрдем көрсету үшін арнаулы білімін, дағдысын және

ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, тергеу әрекеттерін жүргізу мен сот талқылауына қатысу; өзі орындаған әрекеттерге қатысты түсінік беруге, ал осы баптың екінші бөлігінде көзделген жағдайда зерттеу жүргізу және қорытынды беру; істің мән-жайлары туралы мәліметтерді және іске қатысуына байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді жария етпеу; тергеу әрекеттері жүргізілген кезде және сот отырысы уақытында тәртіп сақтау; зерттеуге ұсынылған объектілердің сақталуын қамтамасыз ету міндеттері түсіндірілді.

Сонымен бірге, оның зерттеу нысанасына жататын материалдармен танысу; қорытынды беру үшін өзіне қажетті қосымша материалдар беру туралы өтінішхаттар мәлімдеу; өзінің шақырылу мақсатын білу; егер тиісті арнаулы білімі мен дағдысы болмаса, іс бойынша іс жүргізуге қатысудан бас тарту; тергеу немесе сот әрекетіне қатысушыларға қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен сұрақтар қоюға; олардың назарын дәлелдемелерді жинауға, зерттеу мен бағалауға және ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға жәрдем көрсету, істің материалдарын зерттеу, сараптама тағайындауға материалдар дайындау кезіндегі өзінің әрекеттеріне байланысты мән-жайларға аудару; қылмыстық процесті жүргізетін органның, соттың тағайындауы бойынша іс материалдарына, салыстырма зерттеулерді қоспағанда, оның барысы мен нәтижелерін осы Кодекстің 199-бабының тоғызыншы бөлігінде көзделген тәртіппен қылмыстық іске қосып тігілетін хаттамада не ресми құжатта көрсете отырып, объектілердің толық немесе ішінара жойылуына не олардың сыртқы түрінің немесе негізгі қасиеттерінің өзгеруіне әкеп соқпайтын зерттеулер жүргізуге құқығы бар. Қазақстан Республикасының құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органы уәкілетті бөлімшесінің маманы қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен сот-сараптамалық зерттеулердің барысы мен нәтижелерін осы Кодекстің 117-бабының талаптарына сәйкес ресімделген маманның қорытындысында көрсете отырып, осы объектілер бойынша оны жүргізуді жоққа шығармайтын көлемде осы объектілердің ішінара жойылуына әкелетін салыстырмалы зерттеулер жүргізу; өзі қатысқан тергеу әрекетінің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің қатысуымен жүргізілген әрекеттердің барысы мен нәтижелерінің тіркелуінің толықтығы мен дұрыстығына қатысты, хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасау; қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттеріне шағым келтіру; аудармашының тегін көмегін пайдалану; аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеу; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхат мәлімдеу; егер іс бойынша іс жүргізуге қатысуы оның лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, өзінің тергеу немесе сот әрекеттеріне қатысуына байланысты шеккен шығыстарына өтем және орындаған жұмысы үшін сыйақы алу құқықтары түсіндірілді.

Бұдан басқа, маманға оның қылмыстық процесті жүргізетін органға хабардар етпестен, процеске қатысушылармен зерттеу жүргізуге байланысты

мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге; зерттеу материалдарын өз бетінше жинауға құқылы емес екендігі түсіндірілді.

Оның үстіне оған дәлелді себептерсіз өзінің міндеттерін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы туралы ескертілді.

Криминалист маман__________ Қ.Сейлханов

Тергеу әрекетінің барысы мен нәтижесін криминалист маман Қ.Сейлханов «Сони» маркалы цифрлық бейнекамераға түсіріп отырды.

Қарап-тексеру мыналарды анықтады:

«Айфон 6» маркалы ұялы телефон, телефон панелі қара түсті қандай да бір көзге көрінетін бүлінген жерлері жоқ. Телефон көлемі 12,5х0,7 см. Алдыңғы бөлігінде экранның астында диаметрі 1 см дөңгелек нысандағы батырмасы бар, экранның өзінің көлемі 9-х5 см, телефонның артқы бөлігінің жоғарғы сол жақ бұрышында диаметрі 0,5 см дөңгелек нысандағы фото-бейнекамера объективі бар, одан төмен алма түрінде сурет бар, сондай-ақ «IPhone» жазуы бар, сол жақтағы қыр бөлігінде дыбыссыз режимді қосу және ажырату батырмасы, телефонның жоғарғы бөлігінде телефонды қосу және ажырату батырмасы бар. Телефонды қосқан кезде ол жұмыс істеп тұр, қандай да бір көзге көрінетін іздер мен бүлдірулер жоқ.

Бейнежазбаны тергеуші мен маман қарап шықты, жазба ұзақтығы 40 минут.

Қарап-тексеру барысының бейнежазбасы «DVD-R» компакт-дискіне көшірілген, ол конвертке салынып, желімделген және «Энск қаласы ІІБ» мөрімен бекітілді.

Бумада мынадай жазу жасалды: «№15471003100020 қылмыстық іс бойынша 06.01.2016 ж. нәрселерді қарап-тексеру тергеу әрекетінің бейнежазбасы».

Криминалист маман __________ Қ.Сейлханов

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Нәрселер мен құжаттары беру**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 260, 261-баптарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199-бабының талаптарын сақтай отырып, көліктегі ІІД-нің №333 кабинетінде сот-химиялық сарапшының нәрселерді іске қоса тіркеу туралы өтінішінің негізінде «героин» есірткі құралының муляжын қабылдады.

Қарап-тексеру мынаны анықтады:

Қарап-тексеру объектісі - «героин» есірткі құралының муляжы, ол ұзындығы 25 см. құрайтын ақ түсті жүппен байланған ешқандай жазуы жоқ көлемі 15х10 см. мөлдір полиэтилен пакетіне қапталған жалпы салмағы 50 гр. сарғыш түсті ұнтақ зат болып табылады.

Героин муляжының іс үшін маңызы бар, ол И.Ы. Болатовтың заңсыз әрекеттерін одан әрі әшкерелеу және дәлелдемелермен бекіту мақсатында пайдаланылатын болады.

Нәрселерді немесе құжаттарды сот-химиялық сарапшы М.М. Маймақов берді.

Нәрселер мен құжаттарды қабылдаған:

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199, 257-баптарына сәйкес, Энск қаласы ІІБ КБЖ маманы полиция капитаны Қ.Сейлхановтің және Энск қаласы адвокаттар алқасының адвокаты Б.Қашқыновтың қатысуымен,

№ 16550003100999 қылмыстық іс бойынша күдікті Д.С.Нүркенов «Мерседес – Е 220» автомашинасынан жәбірленуші А.А.Асхатовқа тиесілі материалдық құндылықтары ұрлауды жасағаны туралы берген айғақтарын сол жерде тексеру және нақтылау жүргізілді.

Айғақтарды нақтылау және сол жерле тексеруді бастаудың алдында қатысушы адамдарға олардың құқықтары, міндеттері, сондай-ақ сол жерде айғақтарды тексеруді жүргізу тәртібі түсіндірілді. Оларға тергеу әрекетін жүргізу кезінде Энск қаласы ІІБ КБЖ маманы Қ.Сейлханов техникалық құрал: «CVS -500» маркалы бейнекамераны қолданатыны туралы ескертілді.

Тергеу әрекеті басталғанға дейін маман Қ.Сейлхановқа Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 58 (57)-бабымен көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді:______________________________
(қолы)

Тергеу әрекеті басталғанға дейін күдікті Д.С.Нүркеновке Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 64 (65)-бабымен көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді, оның ішінде айғақтарды беруден бас тарту құқығы және оның айғақтары қылмыстық процесте дәлелдемелер ретінде, оның ішінде ол кейін өзінің айғақтарынан бас тартқан кезде де пайдаланылуы мүмкін екені туралы ескертілді.______________________ Д.С.Нүркенов
(қолы)

Құқықтарымен және міндеттерімен танысып, күдікті мынаны мәлімдеді: заттарды ұрлаған жерде өз еркіммен айғақтар беруді қалаймын
(айғақтар беруді қалайды немесе айғақтар беруден бас тартады)

Күдікті________________ Д.С. Нүркенов
(қолы) (тегі, аты-жөні)

Сол жерде айғақтарды тексеру алдында күдікті Д.С.Нүркеновке
(тегі, аты-жөні, адамның статусы) оның айғақтары тексерілетін жерді көрсету ұсынылды.

Күдікті Д.С.Нүркенов мүлікті Энск қаласында Павлов көш., 11 «Шәкен Айманов» атындағы кинотеатр жанында тұрған «Мерседес – Е220» маркалы автомашинадан ұрлағанын көрсетті.

Айғақтарды сол жерде тексеру Ленин көш., 55 мекенжайы бойынша орналасқан Энск қаласы ІІБ ғимаратынан басталды.

Қылмыс жасалған жерге келу үшін осы процестік іс-қимылға қатысушылардың барлығы мемлекеттік нөмірі КР 555 14/kz ВАЗ 2121 автомашинасына отырды, оны полиция сержанты М.Макшонов басқарып, күдікті Д.С.Нүркенов көрсеткен жерге қарай жүргізді.

Процестік іс-әрекетке қатысушылардың барлығына Энск қаласы ІІБ КБЖ маманы Қ.Сейлханов жүргізіп отырған сол жерде айғақтарды тексерудің бейнежазбасы 10 сағат 10 минуттан бастап қатысушылар күдікті көрсеткен жерге жеткенге дейін тоқтатыла тұратыны хабарланды.

Тергеу әрекеті бейнежазбасы 10 сағат 35 минутта Павлова көш., 11 үй мекежайына келген кезде қайта жалғастырылды.

Оқиға болған жерде күдікті Д.С.Нүркенов Павлов көш., № 11 тұрғын үй кіреберісіне көрсетіп, ол 2014 жылы 18 қыркүйекте 18 сағат 00 минутта бөтеннің мүлкін ұрлау мақсатында «Шәкен Айманов» атындағы кинотеатр жанында өздерінің көлігін қалдырған жүргізушілерді бақылап тұрғанын айтты.

Осыдан кейін күдікті Д.С.Нүркеновке айтуы бойынша процестік іс-әрекетке қатысушылардың барлығысы Павлов көш., № 11 үйдің 2 кіреберісінен жолдан өтіп, «Шәкен Айманов» атындағы кинотеатрдың бас кіреберісінің алдында орналасқан автотұраққа келді.

Тұрақта күдікті Д.С.Нуркенов кинотеатр ғимаратының солтүстік жағында орналасқан оның шеткі бөлігіне көрсетіп, осы жерде 19 сағат 10 минутта оған бұрын белгісіз болған сыртқы бет пішіні кавказдық болып келетін ер адам ақ түстік «Мерседес – Е220» маркалы автомашинасын қойып, оны кілтке жауып, кинотеатр ғимаратына кіріп кеткенін айтты.

Бұдан кейін күдікті автомашина иесі оны автосигнализацияға қоймағанын және бұл машина көше жағынан және кинотеатрдың бас кіреберісінен онша көрінбейтінін айтып, сондықтан оның осы автомашина салонынан қандай да бір құндылықтарды ұрлау ойының пайда болғанын түсіндірді.

Күдікті барлық қатысушыларға ол автомашина есігін бұзып ашу мақсатында өзімен ескі қайшы алғанын, онымен осы автомашинаның жүргізуші отыратын есігін ашып, ондан былғары қара куртканы, автомагнитолланы және автомобиль қобдишасында жатқан 11 000 теңге сома мөлшерінде ақшалай қаражатты ұрлағанын айтты.

Бұдан кейін күдікті ұрланған ақшалай қаражатты спирттік ішімдіктер ішуге жұмсағанын, былғары куртканы полция қызметкерлері ол оны автовокзалды сатуға әрекеттен кезде алып қойғанын, ал автомагнитолла мен қайшыны ол Павлов көш., № 11 үйдің 4 кіреберісінде бірінші қабатта сатының астына тығып кеткенін айтты.

Оның осы айғақтарын тексеру мақсатында тергеу әрекетіна қатысушылардың барлығысы Павлов көш., № 11 үйдің 4 кіреберісіне кірді, бұл жерде күдікті бірінші қабаттың сатысы астында жатқан катрон жәшіктерді итеріп, барлық қатысушылардың көзінше панелі қара түсті «Hitachi» маркалы автомагнитолла мен тот баспайтын металл қайшыны алып шықты. Бұл заттар тиісті пакеттерге бумаланып, «Энск қаласы ІІБ ТБ пакеттері үшін» № 24 пакетпен мөрленді және осы тергеу әрекетіна қатысушылардың барлығысының қолтаңбаларымен бекітілді.

Энск қаласы ІІБ ғимаратына қарай жүру және осы процестік іс-әрекеттің хаттамасын жасау үшін айғақтарды тексерудің барлық қатысушыларына бейнежазба 11 сағат 10 минутта тоқтатыла тұрғаны хабарланды. Бейнежазба 11 сағат 45 минуттатергеуші кабинетіне келіп, тергеу әрекетінің осы хаттамасының сипаттама бөлігі жазылғаннан кейін қайта жалғастырылды. Айғақтарды сол жерде тексеру ауа-райы бұлыңғыр кезде және табиғи жарық болған кезде жүргізілді.

Хаттамаға мыналар қоса тіркеледі: Энск қаласы ІІБ КБЖ маманы Қ.Сейлханов жасаған бейнежазба, бумаланған қайшы мен автомагнитолла.

Хаттама тергеу әрекетіна қатысқан барлық адамдарға танысу үшін көрсетілді. Бұл ретте көрсетілген адамдарға олардың хаттамаға енгізілуге жататын, ескертілген және осы адамдардың қолтаңбаларымен куәландырылған оны толықтыру және нақтылау туралы ескертулер жасау құқығы түсіндірілді. Осы хаттамамен **оны жеке оқу арқылы**танысып,
(жеке оқуы немесе хаттаманы тергеушінің жариялауы)

сондай-ақ бейнежазбаны (дыбысжазбаны) қарап, тергеу әрекетіне қатысушылар оны толықтыру және нақтылау туралы келесідей ескерту жасады:**хаттама дұрыс жасалды, ескертулер, толықтырулар және**

(тергеу әрекетіна қатысушының процестік жағдайы, тегі мен аты-жөні **нақтылаулар жоқ.**

және хаттама мазмұнына ол жасаған толықтырулар мен нақтылаулар)

Куә (жәбірленуші күдікті, күдікті, қорғануға, құқығы бар куә): Д.С.Нүркенове (қолы) (тегі, аты-жөні)

Маман (сарапшы): Қ.Сейлханов (қолы) (тегі, аты-жөні)

Қорғаушы адвокат: Б.Қашқынов (қолы) (тегі, аты-жөні)

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

=====================================================

**Тергеу эксперименті**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК 199, 258 баптарына сәйкес

Энск қ. ІІД КБЖ маманы полиция капитаны Қ.Сейлхановтың , Энск облыстық қорғаушылар алқасының қорғаушысы Б.Қашқыновтың қатысуымен № 16550003100998 қылмыстық ісі бойынша күдікті Д.С.Нүркенов бес қабатты үйдің үшінші қабатының қылтимасына осы үйдің маңында өсіп тұрған ағаштың діңі бойынша еніп кету мүмкіндігінің болғанын немесе болмағандығын анықтау мақсатында тергеу экспериментін өткізді:

Тергеу эксперименті өткізілген кезде табиғи жарық болып тұрған кезде өткізілді.

Тергеу эксперименті басталмас бұрын эксперименте қатысатын тұлғаларға олардың құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ, осы процессуалдық іс-әрекетті жүзеге асыру тәртібі түсіндірілді. Сондай-ақ, оларға тергеу іс-әрекетін өткізген кезде «CVS-500» маркалы бейнекамерасы түріндегі техникалық құрал қолданылатындығы туралы ескертілді.

(нақты қандай құралдар және кім қолданғандығы жазылады)

Тергеу әрекеті басталғанға дейін Қазақстан Республикасының ҚПК 58 (57) бабында көзделген маманның құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі маманға (сарапшыға) түсіндірілді:_________________ __________________________ (тегі, аты, әкесінің аты) (маманның қолы)

Тергеу әрекеті басталғанға дейін күдікті Д.С.Нүркеновке Қазақстан Республикасының ҚПК 64 бабында көзделген күдіктінің құқықтары мен міндеттері, соның ішінде түсініктемелерді беруден бас тарту құқығы түсіндіріліп, ол оның түсініктемелерін қылмыстық процессте дәлелдемелер ретінде, соның ішінде ол кейін аталған түсініктемелерден бас тартқан кезде де пайдалануға болатындығы туралы ескертілді ____________________Д.С.Нүркенов (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Өз құқықтары мен міндеттерімен танысқаннан кейін күдіктінің (күдіктінің) айтқаны: Д.С.Нүркенов Ленин көшесі, № 2 үйдің 3-ші қабатының балконына ағашпен өрмелеп қалай кіріп, сол жерден балкондағы есік арқылы С.Е.Ержановтың меншігіндегі пәтерге қалай кіргендігін көрсеткісі келетіндігі туралы айтты.
(көрсеткісі келетіндігі немесе көрсетуден бас тартқандығы туралы сипатталады).

Тергеу экспериментін өткізген кезде келесі анықталды: Д.С.Нүркенов тергеу экспериментінің барлық қатысушыларының көзінше Ленин көшесі, № 2 (қандай процессуалдық әрекеттер өткізілгендігі рет-ретімен, осы іс бойынша айқындалған елеулі жағдайлар, үйдің сырт жағындағы қабырғасының маңында өсіп тұрған терек ағашының
сондай-ақ, тергеу әрекетіне қатысқан тұлғалардың өтініштері (түсініктемелері); тергеу әрекеті жүргізілген діңі бойынша ағаштың ұшар басына өрмелеп шыққаннан кейін жәбірленуші
кезде қолданылған техникалық құралдар/ әрекеттер, жағдайлар және оларды пайдалану реті, аталған С.Е.Ержановтың меншігіндегі 3-ші қабатта орналасқан №8 пәтердің
құралдар қандай объектілерге қатысты қолданылғандығы және қол жеткізілген нәтижелер жайлы балконына өрмелеп шықты.
сипатталады).

Хаттамаға келесі заттар қосылады: бейнетүсірілім жазылған таспа
(тергеу экспериментін өткізген кезде алынған/ түсірілген фотосуреттердің негативтері мен суреттер, кинотаспалар, диапозитивтер, фонограммалар, бейнежазу таспалары, сызбалар, сұлбалар және т.б.).

Хаттама тергеу әрекетіне қатысқан барлық тұлғаларға танысып шығу үшін ұсынылды. Осындайда барлық аталған тұлғаларға олардың кейін сол тұлғалар қол қойып, куәландырғаннан кейін хаттамаға енгізілетін түсініктемелер мен хаттаманы толықтырып, нақтылау туралы ескертулер жасау құқығы түсіндірілді.

Хаттамамен **жеке оқып шығу арқылы** танысып, **бейнежазбаны**
(жеке өзі оқып шығу немесе хаттама ауызша жария етілгеннен кейін)

(аудиожазбаны) қарап шыққаннан кейін тергеу әрекетінің қатысушылары хаттаманы нақтылап, толықтыру туралы келесі ескертулер мен толықтыруларды ұсынды: **хаттама дұрыс жазылған, толықтырулар мен**

(тергеу әрекеті қатысушысының процессуалдық жағдайы, тегі, аты, әкесінің аты және хаттаманың мазмұнына енгізілетін ол ұсынған толықтырулар мен нақтылаулар немесе өзгертулер мен толықтырулардың жоқтығы туралы жазбалар жазылады) **ескертулер жоқ.**

Куә (жәбірленуші күдікті, күдікті, қорғануға, құқығы бар куә) . Нүркенов

(қолы) (тегі, аты-жөні)

Маман (сарапшы): Қ.Сейлханов (қолы)

(тегі, аты-жөні)

Қорғаушы адвокат: Б.Қашқынов

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

=================================================

## Эксгумация және мәйітті қарау
## ХАТТАМАСЫ

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК 199, 224 және 227 баптарының талабына сәйкес келесі тұлғалардың қатысуымен:

Қазақстан Республикасының ДМ СМО РМКК Энск филиалының сот-медициналық сараптама орталығының сарапшысы А.Ж. Сембековтың «Ақсу ТКШБ» МКҚК директоры С.С. Воротованың.

Энск қ. ІІБ КБЖ бөлімінің қызметкерлері Р.Р. Шмидт, К.К. Захаровтың, Туысы К.Б.Волковтың қатысуымен № 14550003100995 қылмыстық іс бойынша Энск қ. сотынының 2016 ж. «21» маусымдағы қаулысы негізінде және С.С. Волкованың ұлы К.Б.Волковтың келісімі немесе сот шешімінің _____________________ негізінде Қазақстан Республикасының ҚІК 227 бабына сәйкес (соттың атауы және шешім шығарылған күні)

03.03.1924 ж.т. Волкова Светлана Сергеевнаның мәйітін жерленген жерден – «Энск ОЖКХ» МКҚК қызмет көрсететін Энск қаласының православие зиратының № 8 қабірінен алып (эксгумация әрекетін жүзеге асырды), мәйітті қарады.

Эксгумация басталғанға дейін эксгумацияға қатысатын адамдарға олардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі, сондай-ақ, эксгумацияны өткізу тәртібі және мәйітті қарау тәртібі түсіндірілді.

Эксгумацияға қатысатын тұлғаларға сондай-ақ «CVS-500» маркалы бейнекамера түріндегі техникалық құрал қолданылатындығы туралы айтылды. Эксгумация жүзеге асырылып, мәйіт бұлтсыз шуақ күні, табиғи жарықта қаралды.

Қазақстан Республикасының ДМ СМО РМКК Энск филиалының сот-медициналық сарапшысы (дәрігерге, өзге маманға) А.Ж.Сембековқа Қазақстан Республикасының ҚІК 79 (80) б. Көзделген құқықтар, міндеттер мен жауапкершілік түсіндірілді.

Эксгумацияға қатысқан өзге тұлғалар: /Воротова С.С./

/Шмидт Р.Р./ ____________

/К.К.Захаров/_____________

/Ким Э.Э./ _______________

/Волков К.Б./ _____________

(тергеу экспериментін өткізген кезде алынған/ түсірілген фотосуреттердің негативтері мен суреттер, кинотаспалар, диапозитивтер, фонограммалар, бейнежазу таспалары, сызбалар, сұлбалар және т.б.).

Хаттама тергеу әрекетіне қатысқан барлық тұлғаларға танысып шығу үшін ұсынылды. Осындайда барлық аталған тұлғаларға олардың кейін сол тұлғалар қол қойып, куәландырғаннан кейін хаттамаға енгізілетін түсініктемелер мен хаттаманы толықтырып, нақтылау туралы ескертулер жасау құқығы түсіндірілді.

Хаттамамен **жеке оқып шығу арқылы** танысып, **бейнежазбаны**
(жеке өзі оқып шығу немесе хаттама ауызша жария етілгеннен кейін)
(аудиожазбаны) қарап шыққаннан кейін тергеу әрекетінің қатысушылары хаттаманы нақтылап, толықтыру туралы келесі ескертулер мен толықтыруларды ұсынды: **хаттама дұрыс жазылған, толықтырулар мен**
(тергеу әрекеті қатысушысының процессуалдық жағдайы, тегі, аты, әкесінің аты және хаттаманың мазмұнына енгізілетін ол ұсынған толықтырулар мен нақтылаулар немесе өзгертулер мен толықтырулардың жоқтығы туралы жазбалар жазылады)
**ескертулер жоқ.**

Куә (жәбірленуші күдікті, күдікті, қорғануға, құқығы бар куә): Д.С.Нүркенове
(қолы) (тегі, аты-жөні)
Маман (сарапшы): Қ.Сейлханов
(қолы) (тегі, аты-жөні)
Қорғаушы адвокат: Б.Қашқынов

(қолы) (тегі, аты-жөні)

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

===================================================

**Эксгумация және мәйітті қарау**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қ. ІІД ТБ тергеушісі, полиция капитаны Н.Н. Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК 199, 224 және 227 баптарының талабына сәйкес келесі тұлғалардың қатысуымен:

Қазақстан Республикасының ДМ СМО РМКК Энск филиалының сот-медициналық сараптама орталығының сарапшысы А.Ж. Сембековтың

«Ақсу ТКШБ» МКҚК директоры С.С. Воротованың

Энск қ. ІІБ КБЖ бөлімінің қызметкерлері Р.Р. Шмидт, К.К. Захаровтың, Туысы К.Б.Волковтың қатысуымен № 14550003100995 қылмыстық іс бойынша Энск қ. сотынының 2016 ж. «21» маусымдағы қаулысы негізінде және С.С. Волкованың ұлы К.Б.Волковтың келісімі немесе сот шешімінің ____________________ негізінде Қазақстан Республикасының ҚІК 227 бабына сәйкес (соттың атауы және шешім шығарылған күні)

03.03.1924 ж.т. Волкова Светлана Сергеевнаның мәйітін жерленген жерден – «Энск ОЖКХ» МКҚК қызмет көрсететін Энск қаласының православие зиратының № 8 қабірінен алып (эксгумация әрекетін жүзеге асырды), мәйітті қарады.

Эксгумация басталғанға дейін эксгумацияға қатысатын адамдарға олардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі, сондай-ақ, эксгумацияны өткізу тәртібі және мәйітті қарау тәртібі түсіндірілді.

Эксгумацияға қатысатын тұлғаларға сондай-ақ **«CVS-500» маркалы бейнекамера түріндегі** техникалық құрал қолданылатындығы туралы айтылды. Эксгумация жүзеге асырылып, мәйіт бұлтсыз шуақ күні, табиғи жарықта қаралды.

Қазақстан Республикасының ДМ СМО РМКК Энск филиалының сот-медициналық сарапшысы (дәрігерге, өзге маманға) А.Ж.Сембековқа Қазақстан Республикасының ҚІК 79 (80) б. Көзделген құқықтар, міндеттер мен жауапкершілік түсіндірілді.

Эксгумацияға қатысқан өзге тұлғалар: /Воротова С.С./

/Шмидт Р.Р./ _____________

/К.К.Захаров/______________
/Ким Э.Э./ _______________
/Волков К.Б./ ______________

Жерленген жерді көрсетіп беру үшін шақырылған ұлы Волков Клим Борисович 1924 ж.т. С.С.Волкованың Энск православиелік зиратының 5 саяжолындағы № 8 жерінде орналасқан, қара түсті металлдан жасалған дуалмен қоршалған, «Волкова Светлана Сергеевна 03.03.1924 ж.–02.06.20_ ж.» деген жазуы бар жерленген жерін көрсетті.

Эксгумация жүргізіліп, мәйіт қаралған кезде анықталған мәліметтер: жер жұмыстарын жүргізген кезде жерленген жерден қара түсті материяға қапталған табыт қазып алынды. Табыттың қақпағын ашқан кезде енді ғана шіри бастаған еуропалық келбетті әйел адамының мәйіті табылды. Мәйітке қара түсті көйлекке және қара түсті өкшелі туфли кигізілген. Мәйітті эксгумацияға қатысқан К.Б.Волковқа көрсеткен кезде К.Б.Волков 02.06.2016 жылы қайтыс болған және 05.06.2016 жылы сол зиратта жерленген мәйіт – оның анасы – С.С.Волкованың мәйіті екендігін айтты. Мәйітті сырттай қарау кезінде ешқандай күштеп өлтіру белгілері мен дене жарақаттары байқалмады.

Эксгумация жүзеге асырылып, мәйітті қарау әрекеті «CVS-500» маркалы бейнекамераға жазылып отырды.

Процессуалдық әрекеттің бейнежазбасы хаттамаға қосылады.

Эксгумацияны жүзеге асырып, мәйітті қараған кезде қара түсті матаға қапталған табыт қақпағымен алынды.

С.С.Волкованың **мәйіті** (оның бір бөлігі) Қазақстан Республикасының ДМ СМО РМКК Энск филиалына сот-медициналық сараптаманы жүргізіп, өлім себептерін анықтау үшін жіберілді.

Эксгумация әрекеті басталғанға дейін, эксгумация кезінде немесе эксгумация аяқталғанда эксгумацияға қатысқан тұлғалардан өтініштер, ұсыныстар мен ескертулер түскен жоқ.

Өтініштің мазмұны: ________________________________

Хаттама тергеу әрекетіне қатысқан барлық тұлғаларға танысып шығу үшін ұсынылды. ____________________________________________________

(тергеу әрекетіне қатысқан тұлғаның процессуалды жағдайы, тегі, аты, әкесінің аты)
өтініші бойынша тергеуші (анықтаушы) оған хаттаманы оқып берді.

Хаттамаға ескертулер хаттама дұрыс жасалды.

**Сот-медициналық сарапшы**
(дәрігер, өзге маман) ______ /Сембеков А.Ж./__
(қолы)
**Маман** Қ.Сейлханов _______
өзге тұлғалар: (қолы)

Эксгумацияға қатысқан өзге тұлғалар:
________ /Воротова С.С./__
(қолы)
_______/Шмидт Р.Р./ _____ __
_______/Захаров К.К./ _______
_______/Волков К.Б./ _______

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

=====================================================

**Сараптама үшін үлгілерді алу**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитан Н.Н. Мукашев, № 16594603100001 санды қылмыстық іс материалдарын қарап, 2016 ж. «01» қаңтардағы үлгілерді алу туралы қаулының негізінде № 6 кабинетте Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 262-268 баптарының талаптарын сақтай отырып, криминалист - маман Энск қаласының ІІБ ЖКТ полиция капитаны Қ.Сейлхановтың қатысуымен Иван Иванович Ивановтан дауыс үлгілерін алды, ол туралы Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 269-бабына сәйкес осы хаттама жасалды. Тергеу әрекетін бастаудың алдында тергеуші 2016 ж. «01» қаңтардағы үлгілерді алу туралы қаулыны жариялады.

И.И. Ивановқа Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 64-бабына сәйкес оның құқықтары түсіндірілді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 265-бабының 1-бөлігіне сай адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті емес ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы мүмкін екені түсіндірілді.__________________________
(қолы)

Криминалист – маманға Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 80-бабымен реттелген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Криминалист - маман ______________________________
(қолы)

Күдікті И.И. Ивановқа қойылған сұрақтарға өз еркімен жауап беру және орын алған қылмыстың мән-жайлары туралы айтып беру ұсынылды.

Криминалист маман «олимпус» диктофонын пайдаланып, үлгілерді іріктеуді жүргізді, яғни И.И. Ивановтың дауысы диктофонға жазылды. Кейін

дауыс үлгілері бар «олимпус» диктофоны қағаз конвертке бумаланды, ол мөрленді, және оған тергеуші мен И.И. Иванов қолдарын қойды.

Мәлімдемелер мен ескертулер: түскен жоқ.

Күдікті _______________ (қолы)

криминалист - маман _________________(қолы)

Хаттама дауыстап оқылды (жеке немесе тергеуші (анықтаушы).

Үлгілерлі алуды жүргізген

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**

**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

===============================================

**Сараптаманы тағайындау туралы қаулымен таныстыру**

## ХАТТАМАСЫ

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.

Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитан Н.Н. Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199 және 274-баптарын басшылыққа алып, осы хаттаманы жасады, ол бойынша күдікті И.И. Иванов «01» 01.20__ жылғы сот-фоноскопиялық сараптаманы тағайындау туралы қаулымен таныстырылды, сондай-ақ оған оның құқықтары түсіндірілді, атап айтқанда, оның: 1) сараптама жүргізілгенге дейін оның тағайындалғаны туралы қаулымен танысуға және өздеріне тиесілі құқықтарға түсіндірме алуға құқығы бар, бұл туралы хаттама жасалады;2) сарапшыға қарсылық білдіруді немесе сот сараптамасы органын сараптама жүргізуден шеттету туралы өтінішхатты мәлімдеуге;3) өздері көрсеткен адамдарды немесе нақты сот сараптамасы органдарының қызметкерлерін сарапшылар ретінде тағайындау, сондай-ақ сараптаманы сарапшылар комиссиясының жүргізуі туралы өтінішхат беруге;4) сарапшы алдына қосымша мәселелер қою немесе қойылған мәселелерді нақтылау туралы өтінішхат беруге;5) сараптама жүргізілген кезде қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен, осы Кодекстің 278-бабында көзделген тәртіппен қатысуға;6) сарапшының қорытындысымен не осы Кодекстің 284-бабында көзделген тәртіппен қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабармен танысуға құқығы бар.

Сараптаманы тағайындау туралы қаулымен танысып, былай мәлімдеді:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
_____________________________________________________

Қаулымен таныстырылған адамның қолы: _________ И. Иванов

Қорғаушы:_________________________________________________________

Құқықтарымен таныстырған және хаттаманы жасаған:

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

=============================================================

## Сарапшының қорытындысымен таныстыру ХАТТАМАСЫ

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитан Н.Н. Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199 және 274-баптарын басшылыққа алып, осы хаттаманы жасады, ол бойынша күдікті И.И. Иванов «01» 01.20__ жылғы № 01 сарапшы қорытындысымен таныстырылды, сондай-ақ оған оның құқықтары түсіндірілді:

1) сараптама жүргізілгенге дейін оның тағайындалғаны туралы қаулымен танысуға және өздеріне тиесілі құқықтарға түсіндірме алуға құқығы бар, бұл туралы хаттама жасалады; 2) сарапшыға қарсылық білдіруді немесе сот сараптамасы органын сараптама жүргізуден шеттету туралы өтінішхатты мәлімдеуге; 3) өздері көрсеткен адамдарды немесе нақты сот сараптамасы органдарының қызметкерлерін сарапшылар ретінде тағайындау, сондай-ақ сараптаманы сарапшылар комиссиясының жүргізуі туралы өтінішхат беруге; 4) сарапшы алдына қосымша мәселелер қою немесе қойылған мәселелерді нақтылау туралы өтінішхат беруге; 5) сараптама жүргізілген кезде қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен, қатысуға, сарапшыға түсініктемелер беруге; 6) тергеушіге түскеннен кейін сарапшының қорытындысымен не қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабармен танысуға, өзінің ескертулерін беруге, сарапшыдан жауап

алу, қосымша немесе қайта сараптама тағайындау туралы, сондай-ақ жаңа сараптамалар өткізу туралы өтініш білдіруге құқығы бар.

Сонымен бірге, сарапшының қорытындысы немесе оның қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабары, сондай-ақ сарапшыдан жауап алу хаттамасы сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғанға дейін күдіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге не осы Кодекстің 274-бабының бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген өзге адамдарға ұсынылады, олар өз ескертулерін ұсынуға, сарапшының түйіндері бойынша қарсылықтарын мәлімдеуге, сарапшыдан жауап алу, қосымша немесе қайталама сараптама, сондай-ақ жаңа сараптамалар тағайындау туралы өтінішхаттарын мәлімдеуге құқылы. Мұндай өтінішхат қанағаттандырылған немесе қабылданбаған жағдайда, қылмыстық қудалау органы тиісті қаулы шығарады, ол өтінішхатты мәлімдеген адамға одан қолхат алып хабарланады.

Сарапшының қорытындысымен танысып, күдікті былай мәлімдеді:
___ескертулер мен өтініштерім жоқ_______________________________

Сарапшының қорытындысымен таныстырылған адамның қолы:
_____ И. Иванов

Қорғаушы:___________________________________________________
Заңды өкілі (куә , жәбірленуші)__________________
Құқықтарымен таныстырған және хаттаманы жасаған:

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

=====================================================

**Сарапшыдан (маманнан) жауап алу**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитан Н.Н.Мукашев, ІІБ №7 қызметтік кабинетінде Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 79, 210, 212, 285-баптарын басшылыққа ала отырып сарапшыдан (маманнан)жауап алдым:

Тегі, аты әкесінің аты: __Мусин_Жеңіс Берікұлы_____________
Туған күні: __17.09.1961_________________________
Туған жері: __Энск қаласы____________________
Ұлты: __қазақ________________________________

Азаматтығы: __Қазақстан Республикасының________________________________

Білімі: __ жоғары_____________________________

Отбасы жағдайы: __ үйленген_______________________________

Жұмыс орны, лауазымы _ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Энск қалас сараптама бюросының сарапшысы

Тұрғылықты жері: __Энск қаласы, Мир көш., 156, 36_____

Байланыс телефоны: __46-39-03______________________________

Паспорты немесе басқа құжаттар: _жеке куәлігі №145632 Қазақстан Республикасының ІІМ 14.02.2001 жылы берген

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 79-бабының 7-бөлігіне сәйкес сот сараптамасы органдарының қызметкері болып табылатын сарапшы өз қызметінің сипатына қарай өзінің құқықтарымен және міндеттерімен танысқан және көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілген деп есептеледі.

Жауапалуды бастаудың алдында маман ______________________ Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 80-бабының 3,4 және 5-бөліктерінде көзделген оның құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Маманның қолы _______________

Бір мезгілде маманға дәлелді себептерсіз өзінің міндеттерін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы туралы түсіндірілді.

Маманның қолы _______________

Істің белгілі мән-жайлары туралы қойылған сұраққа сарапшы (маман) ___________ келесіні көрсетті

Мәні бойынша келесіні түсіндіремін, 01.01.20__ жылы Сот сапатамасы институтына Энск қалас ІІБ-ден И. Ивановқа қатысты қылмыстық іс бойынша сот-фонографиялық сараптаманы тағайындау туралы қаулымен бірге мөрленген конверт түсті.

Түскен пакетті қарап-тексеру кезінде ол тұтас, тергеуші мөрлеген, бүлінген жерлері болмаған, оны цифрлық фотоаппарат арқылы бекітіліп, сарапшының қорытындысына қоса тіркелді. Пакетті ашқан кезде онда жедел іздестіру іс-шаралары нәтижесінде алынған Иванов сөз сөйлеуінің еркін үлгілері қамтылған «Гном» маркалы цифрлық диктофон, сондай-ақ Ивановтың дауысы мен сөздерінің эксперименталды үлгілері қамтылған «Олимпус» маркалы цифрлық диктофон болды.

Салыстырып зерттеу барысында «Гном» маркалы цифрлық диктофонға жазылған дауыстың И.И. Ивановқа тиесілі екені анықталды. Осыдан кейін мен Иванов әңгімесі мәтінінің сөзбе-сөз мазмұнын зерттедім, ол 01.01.20__ жылғы №158 сараптама қорытындысында келтірілген.

**Тергеушінің сұрағы:** 01.01.20__ жылғы №158 қорытындыда Сіз берілген дыбысжазбадағы 7 мин. 30 секундтан бастап 8 мин. 02 секундқа

дейінгі кезеңдегі әңгіменің мазмұнын бөтен шуға байланысты анықтау мүмкін болмады деп көрсетісіз. Бұл неге байланысты болуы мүмкін?

**Жауап:** Стенограмманың мәтіндік мазмұнындағы осы ақау жазып отырған құрылғы микрофонының шу көздеріне жақын орналасуына, сондай-ақ аппаратураның уақытша бұзылып қалуына байланысты туындауы мүмкін еді. Бір мезгілде сонымен бірге, жанама белгілер осы кезеңде әңгіменің болмағанын да көрсетеді.

Жауап алған:

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

================================================================

(құпиялылық белгісі)

**Жасырын тергеу әрекетінің нәтижелерін зерттеу**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н. Мукашев, полиция бөлімі әкімшілік ғимаратының № 24 қызметтік кабинетінде Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 47, 124, 199 және 238-баптарының талаптарын сақтай отырып, Энск қаласы Байтұрсынов көш., №89 үйдегі №16 пәтерге кіру және тексеру – жасырын тергеу әрекетінің Micro flash SD флеш-картасы жеткізгішінде қамтылған нәтижелерін зерттеуді жүргізді, ол туралы осы хаттаманы жасады.

Зерттеу объектісі Micro flash SD флеш-картасы болып табылады, ол дербес қызметтік компьютерде Media Player бағдарламасы арқылы көрсетіледі, цифрлық жазбаның ұзақтығы 12 минутты құрайды.

Бейнежазбада екі бөлмелі пәтерді қарап-тексеру үзінділері бар, онда ас бөлмесіндегі шаруашылық заттар, №1 жатын бөлмедегі төсек пен шкаф, №2 жатын бөлмедегі төсек, сондай-ақ балконда тұрған Самсунг маркалы тоңазытқыш пен Сони маркалы теледидар анық көрінеді.

Қарап-тексеруден кейін бейнежазба жеткізгіші конвертке қапталды, ол желімделді және «пакеттер» үшін мөрімен бекітілді.

Конвертке мынадай жазу жазылды: «16777999111 қылмыстық іс бойынша бейнежазба материалы».

Конверт тергеушінің қолтаңбаларымен бекітілді.

Осымен тергеу әрекеті аяқталды.

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды, дұрыс жазылды, тергеу әрекетін жүргізу бойынша және хаттаманың мазмұны бойынша ескертулер мен толықтырулар

_______________________________________________________________

________________________________________________________________

Хаттаманы жасаған:
**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны (қолы) Н.Н.Мукашев**

=====================================================

**Алу**
**ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199, 253, 254, 256-баптарының талаптарын сақтай отырып, Энск қаласы ІІБ КБЖ криминалист маманы полиция капитаны Қ.Сейлхановтың қатысуымен және иесі Д.С.Нүркеновтың қатысуымен Энск қаласы, 11мөлтек аудан 36 үй, 2 пәтер мекен жайында тұратын 1986 ж.т. Дархан Мәдиұлы Асхатовтың атына берілген жүргізуші куәлігін алуды жүргізді.

Тергеу әрекетін жүргізу алдында Д.С.Нүркеновке тергеушінің барлық әрекеттері кезінде қатысуды және тергеу әрекеттері бойынша хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасау; өзі қатысқан тергеу әрекетінің хаттамасымен танысу; қылмыстық қудалау органының әрекеттеріне шағым келтіру құқықтары түсіндірілді.

Сондай-ақ алу жүргізу кезінде оның барысы мен нәтижелерін техникалық құралдар арқылы тіркеу қолданылатыны туралы ол ескертілді.

Криминалист маман Қ.Сейлхановқа Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 80-бабында көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді және оған дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндеттерін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы туралы ескертілді________________ Қ.Сейлханов

Алуды бастаудың алдында Д.С.Нүркеновке 2016 ж. 2 қаңтардағы алуды жүргізу туралы қаулы көрсетіліп 1986 ж.т. Д.М.Асхатовтың атына берілген жүргізуші куәлігі өз еркімен беру ұсынылды.

Бұдан кейін Д.С.Нүркенов пәтердің төргі бөлмесіне өтіп, теледидардың астындағы тумбаның шыны есігін ашып, 1986 ж.т. Дархан Мәдиұлы

Асхатовтын атына берілген «В» санатындағы FU №072569 жүргізуші куәлігін алып шығып, оны тергеушіге өз ергімен берді, алынған жүргізуші куәлігі тергеуші полиэтилен пакетіне салып, буып-түйіп, №1 «пакеттер үшін» жазуы бар мөрмен бекітілді.

Алу барысында «Кэнон» маркалы цифрлық фотоаппаратқа суретке түсіру жүргізілді.

Алу барысында қандай да бір ескертулер болған жоқ.

Алу жүргізілген адам _____________ Д.С.Нүркенов

Криминалист маман _____________ Қ.Сейлханов

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитан (қолы) Н.Н.Мукашев**

=====================================================

# 4 – БӨЛІМ. ХАБАРЛАМА ЖӘНЕ ӨЗГЕДЕ ПРОЦЕСТІК ҚҰЖАТТАР

**шығ.№2-8/5-15**
**__.01.2016ж.**

**Энск қ. прокуроры**
**Ғ.И.Омаровқа**

**сотқа дейінгі тергеп-тексеру**
**басталғандығы туралы**
**ХАБАРЛАМА**

Энск қаласы 2016 ж. "_05_" қантар

Қазақстан Республикасының ҚПК 179 бабының 1 бөліміне сәйкес, 05 қантар 2016 жылы Энск қ. ІІБ- ның бастығы Ж.А.Сағатов, аз.Д.О.Сарсенбаевтің арызы бойынша «Динара» есімді қыз вокзал маңайында, алдау және сенімге кіру арқылы жалға пәтер беремін деп, ұялы телефонын ұрлап кеткен, қылмыстық құқық бұзушылық құрамы көрсетілген 05.01.2016ж. № 15001 қылмыстық құқық бұзушылық туралы, арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тіркелген және сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғандығы туралы Сізге хабарлаймын.

**Қосымша:** қылмыстық істі өз өндірісіме қабылдау туралы қаулы 1 бетте.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитан (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Энск қаласының прокуроры**
**әділет кеңесшісі**
**Т.С. Байдуллаевқа**

**Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы**
**ХАБАРЛАМА**

Энск қ. 20___ж. 13 қаңтар

20__ жылғы 13 қаңтарда Энск қ. ІІБ ТБ бастығының 20__ жылғы 12 қаңтардағы тапсырмасы бойынша И.Р.Мырзабаеваның 20__ жылғы 12 қаңтарда Энск қ. ІІБ ТБ түскен арызы бойынша №505 алдын ала тергеу (анықтау) нысанында сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

Сонымен, 20__ жылы 12 қаңтарда шамамен 03.00-де Достық көшесі 30 үйдің жанында болған белгісіз біреу ашық түрде тез қимылмен азаматша И.Р.Мырзабаеваның қолынан құны 150 000 теңге тұратын «Сони-Ериксон» маркалы ұялы телефонын тартып әкеткен.

Қазақстан Республикасының ҚК 191-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді Энск қ. ІІБ тергеушісі С.Жорабаев 20__ жылғы 13 қаңтарда сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне №909 нөмірмен енгізген.

Қазақстан Республикасының ҚПК 179-бабының 1-бөлігі тәртібінде хабарланады.

=====================================================

**шығ.№2-8/5-15**
**__.01.2016 ж.**

**Энск қаласының**
**прокуроры**
**Г.И.Омаровқа**

**Сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғандығы туралы**
**ХАБАРЛАМА**

Энск қ. 2016ж. "__" қантар

Хабарлаймын, «___» қантар 2016 жылы, маған Энск қ. ІІБ бастығы берген тапсырма бойынша, менімен «__15_» қантар 2016 жылы аз. С.Н.Касперовтың арызына сәйкес, 15.01.2016жылы «Динара» есімді қыз вокзал манайында алдау арқылы бір тәулікке жалға пәтер беремін деп кепіл ретінде «Nokia 105» маркалы ұялы телефоның алып қашып кетпен №15020 қылымыстық іс бойынша сотқа дейінгі жеделдетілген басталғандығы туралы.

Алаяқтық туралы 05.01.2016 жылы орын алған аз. С.Н.Касперовтың арызы бойынша сотқа дейінгі алдын ала тергеп-тексеру басталғандығы туралы Сізге хабарлаймын, бұрын ішкі істер органдарына хабарламаған.

Азамат С.Н.Касперовтың сотқа дейінгі тергеулердің бірыңғай тізіліміне 2016 жылдың 15-ші қаңтарында тіркелген №15020 арызын қарап,

онда Қазақстан Республикасының ҚК-нің 190 бабы 1 бөлімінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық бойынша мәліметтер бар.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 179 бабының 1 бөліміне сәйкес хабарланады.

**Қосымша:** қылмыстық істі өз өндірісіме қабылдау туралы қаулының көшірмесі 1 бетте.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитан (қолы) Н.Н.Мукашев**

==========================================

| | |
|---|---|
| **ШАҚЫРУ ҚАҒАЗЫНЫҢ ТҮБІРТЕГІ**<br>Шақыру кімнің атына аз(ша)<br>Данияр Омарханұлы Сарсенбаев «_» қантар 2016 жыл сағат«10:00» Энск қ. Крылова көшесі №10 мекен жайында орналасқан Энск қ. ІІБ № 310 кабинетке келу<br>(тергеп-тексеру органы)<br>Жәбірленуші ретінде жауап алу үшін<br>(процессуальдық әрекет)<br>Қылмыстық іс № 15011<br>( номер)<br><br>**АЛДЫ**<br>___________________________________<br>(шақыру қағазын алған тұлғаның қолы<br>___________________________________<br>Және Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 157 бабының мазмұнын түсіндіру,<br>___________________________________<br>Қазақстан Республикасының ҚК –нің 421 бабы) | **ШАҚЫРУ ҚАҒАЗЫ**<br>Аз. (ша) Данияр Омарханұлы Сарсенбаев<br>(фамилия, имя, отчество)<br>Мекен жайы: Кутузов қ. Зональная көшесі № 91 үй 10 пәтер<br>Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 208 банынын талабына сәйкес Сіз міндетті түрде «11» қантар 2016 жылы «10:00» сағ. № 310 кабинетке келу керек<br>Энск қ. ІІБ Крылов көшесі 10<br>(наименование и адрес органа досудебного расследования, средства связи)<br>__________________________________________________<br>Жәбірленуші ретінде жауап алу үшін<br>( процессуальдық әрекетінің атауы)<br>Қылмыстық іс № 15011<br>(номер)<br>Жәбірленуші ретінде<br>(процессуальдық мәртебесі, )<br><br>**Шақыруға келмеген жағдайда 157-бап. Күштеп әкелу**<br>Себепсіз күдікті, айыпталушы, сотталушы, сондай-ақ куә, жәбірленуші шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда, олар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, соттың уәжді қаулысы бойынша күштеп әкелінуі (мәжбүрлеп жеткізілуі) мүмкін, сонымен қатар 421-бабында көрсетілген куәнің немесе жәбірленушінің айғақтар беруден бас |

| | |
|---|---|
| (басқада мәліметтер, алғандығын дәлелдеитін немесе танысқандығы)<br><br>**Шақыру қағазын тапсырды**_________<br>Тергеуші___________________<br>_К.С.Алимханов<br>(тұлғанын қолы)<br><br>«__» қантар 2016 жыл | тартқан жағдайда<br><br>**Тұлғаның шақыруға келмеуіне себептері:**<br><br>1) ауырған кезде;<br>2) туыстарынын қайтыс болған кезде;<br>3) табиғи аппаттар;<br>4) басқада себептер, шақырудын уақытында келмеу мүмкіндігі.<br><br>Тергеуші<br>________________________К.С.Алимханов<br>**м.п.** «_» қантар 2016 жыл |

==================================================

Энск қ.
Сейфулин көшесі 63 үй
Қ.А.Бакировқа

**Күдіктіні ұстап алу туралы**
**ХАБАРЛАМА**

Энск қ. 20__ ж. 16 шілде

Қазақстан Республикасының ҚПК 135-бабына сәйкес 20__ жылғы 16 шілдеде 20 сағат 30 минутта Қазақстан Республикасының ҚПК 128 және 131-баптары тәртібімен 10. 12. 1991 ж.т. Дамир Қайратұлы Бакиров ұстап алынғанын хабарлаймын.

Ұстап алынған: Д.Қ.Бакиров Энск қ. ІІБ УҰИ жатыр.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитан** (қолы) **Н.Н.Мукашев**
==================================================

**Қазақстан Республикасының**
**Бас прокуратурасы**

**Көшірмесі:Қазақстан Республикасының**
**Сыртқы істер министрлігі**

**Қазақстан Республикасының**

**Ұлттық қауіпсіздік комитеті**

**Қазақстан Республикасының**
**Ішкі істер министрлігі**

**Қостанай облысының**
**Прокуратурасы**

## ХАБАРЛАМА

«Шет мемлекеттердің Қазақстан Республикасы аумағындағы дипломатиялық өкілдіктеріне тиісті мемлекеттер азаматтарының ұстап алынғаны және қамаққа алынғаны туралы хабарлау тәртібі туралы» 1993 жылғы 6 сәуірдегі №15/7/19203/1295/31 нұсқаулықтың 1.3-тармағына сәйкес 20___ жылғы7 қыркүйекте сағат 18.00-де Қазақстан Республикасының ҰҚК Қостанай облысы бойынша департаменті Қазақстан Республикасының ҚПК 128-бабы тәртібімен Қазақстан Республикасының ҚК 24-бабы 3-бөлігінде, 286-бабы 4-бөлігінде көзделген қылмыстарды жасады деген күдік бойынша Қырғызстан Республикасының азаматы, 1985 жылғы 18 желтоқсанда туған, Сағатбек Әбдірасулұлы Әбдірасулов ұстап алынғанын хабарлаймыз, ол Қырғыз Республикасы Баткен облысы Сулюта қаласының тумасы, мына: Қырғыз Республикасы, Бішкек қаласы, Новостроека ауданы №27 үй мекен-жайы бойынша тұрады.

Паспортқа қосымша AN3 962240 көші-қон карточкасына сәйкес Қырғыз Республикасының азаматы, С.А. Әбдірасулов Қазақстан Республикасына 20___ жылғы 5 қыркүйекте Жамбыл облысы «Қордай» КП арқылы кірген.

Болу мақсаты - транзит

**Департамент бастығы**(қолы) **И.Бидайбаев**

===================================================

## Ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлқы туралы
## ҚОЛХАТ

Энск қ. 20__ ж. 20 қаңтар

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Қазақстан Республикасының ҚПК 141-бабына сәйкес – күдікті Дамир Қайратұлы Бакировтан ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлқы туралы қолхат алды, ол 16.05.1989 ж.т. мына: Энск қ., Жанқожа батыр көш., 24 үй, 52 пәтерде тұрады, қолхатқа сәйкес:

Мен, Д.Қ.Бакиров анықтаушының, тергеушінің немесе соттың рұқсатынсыз тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жерімді (елді мекенді) тастап кетпеуге, істі тергеп-тексеруге және сотта талқылауға кедергі келтірмеуге, қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша белгіленген мерзімде келуге міндеттеме аламын.

Қазақстан Республикасының ҚПК 140-бабы 4-бөлігіне сәйкес алдын алу үшін Қазақстан Республикасының ҚПК 141, 142, 143, 144, 145 және 146-баптарында көзделген шаралар қолданылатын әрекеттер жасалған жағдайда бұлтартпаудың барынша қатаң шарасы қолданылатыны туралы ескертілдім.

Бакиров Дамир Қайратұлы ____________

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитан (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Энск қ. ІІБ**
**ТБ тергеушісі**
**полиция аға лейтенанты**
**Ж.Мухтаровқа**

**Қ.Ж.Бакировтан**
**Н.Б.Бакировадан**
(Д.Қ.Бакировтың ата-анасы)
әкесінің туған жылы:11.01.1952ж.
анасының туған жылы: 15.05.1954ж.
бұрын сотталмаған
**мына мекенжайда тұрады**: Энск қ., Жанқожа батыр көш., 24 үй, 52 пәтер
**әкесінің жұмыс орны:**
«Ақнар» ЖШС
**лауазымы:**бас директордың орынбасары
**анасының жұмыс орны:**
үй шаруасында
**тел.:** 8/7132/555555,
ұял. тел: 8777 555 55 55
ИИН: 8787654654687

## ӨТІНІШХАТ

(Қазақстан Республикасының ҚПК 142-бабы 2-бөлігі тәртібімен)

Біз, күдікті Д.Қ.Бакировтың ана-анасы, қызымызбен бірге мына: Энск қ., Жанқожа батыр көш., 24 үй, 52 пәтер мекенжайы бойынша тұрамыз,

Д.Қ.Бакировқа қатысты жеке кепілгерлік түрінде бұлтартпау шарасын таңдауды сұраймыз.

Біз қызымыздың тиісті мінез-құлық көрсететініне және қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келетініне міндеттеме аламыз және осыған кепіл боламыз.

**Күдікті келісті:** (қолы) Д.Қ.Бакиров
(қолы) Қ.Ж.Бакиров
(қолы) Н.Б.Бакирова

Қосымша: неке туралы куәліктің көшірмесі
20__ ж. «___» қаңтар

==================================================

**Энск қ. ІІБ ТБ тергеушісі**
**З.Мухтаровқа**
**Гулшат Асетқызы Иманбаевадан,**
**11.01.1977 ж.т.,**
**Жоламан Исатайұлы**
**Иманбаевтан, 25.04.1975 ж.т.**
**Мына мекенжайда тұрады**: Энск қ.,
11 шағын аудан, 23-үй, 203-пәтер
**Жұмыс орны:** «экспресс –Энск» ЖШС
**лауазымы:**жүргізуші
**тел.:** 8/7132/555555,
ұялы.тел.: 8777 555 55 55
ЖСН: 8787654654687
(кәмелетке толмаған адамның ата-анасы:Асхат Жоламанұлы Иманбаев Петров, 01.01.2001 ж.т.)
**Мына мекенжайда тұрады**:
Энск қ.,11 шағын аудан, 23-үй, 203-пәтер

**ӨТІНІШХАТ**
(Қазақстан Республикасының ҚПК 144-бабының 2-бөлігіндегі тәртіпте)

Біз кәмелетке толмаған, Қазақстан Республикасының ҚПК 188-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасауда күдікті, онымен бірге мына мекенжайдағы: Энск қ.,11 шағын аудан, 23-үй, 203-пәтерде тұратын Асхат Жоламанұлы Иманбаевтың ата-анасы Сізден

біздің ұлымызға қатысты кәмелетке толмаған адамды ата-анасының қарауына беру түрінде бұлтартпау шарасын таңдауды сұраймыз.

Біз кәмелетке толмаған адамның қылмыстық процесті жүргізуші органның рұқсатынсыз оның үйден тысқары болуын шектеу және басқа жерлерге баруын болдырмау бойынша тиісті мінез-құлқын және қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша оның келуін қамтамасыз ету бойынша міндеттенеміз және кепілдік береміз.

**Кәмелетке толмаған адамның ата-анасы_______________ Ж.И.Иманбаев**
(қолы)
**_______________ .А.Иманбаева**
(қолы)

**Қосымша:**неке туралы және туу туралы куәліктердің нотариалды куәландырылған көшірмелері 2 парақ.18.01.20__ ж.

=====================================================

**Күдіктінің жеке кепілгерлігі және тиісті мінез-құлқы мен қылмыстық процесті жүргізуші органга шақыру бойынша келуі үшін міндеттемесі туралы**
**ҚОЛДАУ ХАТЫ**

Энск қ. 20__ж.12 қаңтар

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, Қазақстан Республикасы ҚІК 142-бабының 3-бөліміне сәйкес – Энск қаласы, Сейфулинакөшесі, 24-үй, 58-пәтерде тұратын 11.01.1952 жылы туған Ж.Ж. Бакировтан және 15.05.1954 жылы туған Н.Н.Бакировадан мыналарға сәйкес жеке кепілгерлігі туралы қолдаухатты қабылдады:

Біз, Ж.Ж. Бакиров және Н.Н.Бакирова күдікті Д.Д.Бакировтың тиісті мінез-құлқы және тағайындалған мерзімде қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келуі үшін, тергеуге және сотта іс қарауға бөгет болмауға міндеттенеміз және кепілдік береміз.

Біз кепілгер болып отырған адамға қатысты күдіктің мәні, алдын алу үшін осы бұлтартпау шарасы қолданылған әрекеттерді жасаған жағдайда ҚПК 160-бабына сәйкес біздің ақшалай өндіріп алуды қолданудан тұратын жауапкершілігіміз бізге түсіндірілді.

Сонымен қатар Бізге Қазақстан Республикасының ҚПК 142-бабының 4-бөліміне сәйкес біз қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде кепілгерліктен бастарта алатындығымыз түсіндірілді. Бұл жағдайда бас тарту сәтінен бастап қырық сегіз сағат ішінде ҚПК 136-бабы бірінші бөлігінің талаптары ескеріле отырып, бұлтартпаудың өзге шарасы таңдалатын болады.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасының ҚПК 140-бабының 4-бөлігіне сәйкес Дамир Қайратұлы Бакиров алдын алу үшін Қазақстан Республикасының ҚПК 141, 142, 143, 144, 145 және 146-баптарында көзделген шаралар қолданылған әрекеттерді ол жасаған жағдайда оған алдын алудың анағұрлым қатаң шарасы қолданылатындығы ескертілді.

Біз кепілгерлік беретін адамға қатысты күдіктің мәні және оның құқықтық салдарлары түсіндірілді:

_____________ кепілгер Қ.Ж.Бакиров

_____________ кепілгер Н.Б.Бакирова

**таныстым:**

Күдікті _________________ Д.Қ.Бакиров

(қолы)

**Энск қаласы  ІІБ ТБ тергеушісі**

**полиция капитан (қолы) Н.Н.Мукашев**

=======================================================

**Сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс жүргізу деректерін жария етпеу туралы ҚОЛХАТ**

Энск қ. 2016 ж. 11 қантар.

Мен, 16.01.1977 ж.т. Данияр Омарханұлы Сарсенбаев, Кутузов қ. Зональная көшесі 91 үй 10 пәтер мекен жайында тұрамын, 05.01.2016ж. № 15003 қылмыстық құқық бұзушылық сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің біріңғай тізіліміне тіркелген материалы бойынша менін қатысуымен болған тергеп-тексеру өңдірісінде маған мәлім болған ақпараттарды Энск қ. прокурорының рұқсатынсыз іс жүргізу деректерін жария етпеу туралы. 201-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу.

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері жария етілмеуге тиіс. Олар, егер бұл тергеп-тексеру мүдделеріне қайшы келмесе және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға байланысты болмаса, прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қорғаушыға, куәларға, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне, сарапшыға, маманға, аудармашыға, куәгерлерге және тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан басқа да адамдарға өзінің рұқсатынсыз істегі мәліметтерді жария етуге жол берілмейтіні туралы ескертеді, бұл туралы көрсетілген адамдардан жауаптылық туралы ескертіле отырып қолхат алынады.

Прокурордың рұқсатынсыз сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс жүргізу деректерін жария еткендігім туралы Қазақстан Республикасының ҚК 423-бабы бойынша қылмыстық жауапқа тартылатындығым туралы ескертілдім.

Жәбірленуші______________

Қол хатты алған
**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитан** (қолы) **Н.Н.Мукашев**

=====================================================

**Қазақстан Республикасының ҚК 68 бап талаптарын**
**ТҮСІНДІРУ – ХАТТАМАСЫ**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, жәбірленуші Данияр Омарханұлы Сарсенбаевқа Қазақстан Республикасының ҚК 68 бабының «Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату »талаптарын түсіндірді.

1.Қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. 2. Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады. 3. Қылмыстық құқық бұзушылықпен қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірілген жағдайларда, осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көрсетілген адам, егер ол шынайы өкінсе және қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. 4. Осы баптың ережелері абайсызда адам өліміне не екі және одан да көп адамдардың өліміне әкеп соққан қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының ҚК 68 бабының заңдық негіздерінің күші бар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының ҚПК 35 бабы 1 бөлімі 12 тармағына сәйкес, жәбірленуші қылмыстық құқық бұзушылық тұлғамен татуласқан жағдайда, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарылуы мүмкін,.

Жәбірленуші /_______Сарсенбаев Д.О._____/, көрсетілген заң талаптарымен танысып болғасын айтты:

Татуласуға келіспейтіндігін, қылмыстық жауапкершілікке және сот отырысында қарастыру туралы білдірді.

Жәбірленушінің қолы : ___________________(Сарсенбаев Д.О.)

Құқығың түсіндірген:
**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитан (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жариялауға жол берілмейтіндігі туралы ескерту**
**ҚОЛХАТЫ**

Энск қаласы 2016 жыл 12 қазан

Мен, Аміров Мейрлан Жанатұлы, Энск қаласы, Н. Әбдірова көш. 47 үй, 28 пәтер мекен жайы бойынша тұрамын, Энк қаласы прокурорының келісімінсіз сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне 20__ жылы «12» қазанда №5874 тіркелген іс жүргізу бойынша менің қатысуыммен жүргізілген тергеу әрекеттерін жүргізген кезде маған белгілі болған қылмыстық іс жүргізудегі сотқа дейінгі тергеп-тексеру мәліметтерін жариялауға жол берілмейтіндігі туралы маған ескертілгені туралы осы қолхатты беремін.

Қазақстан Республикасының ҚК-нің 423-бабы бойынша прокурордың келісуінсіз істегі мәліметтерді жария ету үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілдім.

**Ескертілдім ________________ М.Ж. Әміров**
**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитан (қолы) Н.Н.Мукашев**

==================================================

**Жәбірленушіге азаматтық талап қою құқығын түсіндіру**
**ХА Т Т А М А С Ы**

Энск қ. 2016 жылғы 01 ақпан.

Басталды: 10 сағат 00 минут.
Аяқталды: 11 сағат 15 минут.

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев, ІІБ-да 05.01.2016 жылы сотқа дейінгі тергеулердің бірыңғай тізіліміне алаяқтық туралы тіркелген №15001 санды қылмыстық іс құжаттарын қарап шығып, сондай – ақ осының салдарынан жәбірленуші Данияр Омарханұлы Сарсенбаевқа материалдық нұқсан келтіргендерін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 110, 166, 167, 169, 170,171 баптарының талаптарын сақтай отырып, Энск қалалық сотына жәбірленуші Д.О.Сарсенбаевқа осы қылмыстық іс бойынша азаматтық талап қоюға құқығы бар екендігін түсіндіріп, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199 бабына сәйкес осы хаттаманы толтырдым.

Д.О.Сарсенбаевқа Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 73 бабында көрсетілген құқықтарым мен міндеттерін түсіндірілді: 1) күдіктің, айыптаудың мәнін білуге; 2) дәлелдемелерді ұсынуға; 3) қойылған талап бойынша түсініктеме беруге; 4) қылмыстық іске қосып тігу үшін материалдарды ұсынуға; 5) өтінішхаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге, ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар мен түсініктемелер беруге; 6) аудармашының тегін көмегін пайдалануға, өкілінің болуына; 7) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға; 8) өзінің өтінішхаты бойынша немесе өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілген тергеу әрекеттеріне прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен қатысуға; 9) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін істің азаматтық талап қоюға қатысты материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметті және кез келген көлемде жазып алуға; 10) өзінің мүддесін қозғайтын қабылданған шешімдер туралы білуге және мәлімделген азаматтық талап қоюға қатысты процестік шешімдердің көшірмелерін алуға; 11) азаматтық талап қоюдың кез келген сот сатысында қаралуына қатысуға; 12) сот жарыссөздерінде сөйлеуге; 13) сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертулер беруге; 14) қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым келтіруге; 15) соттың үкімі мен қаулыларына азаматтық талап қоюға қатысты бөлігінде шағым жасауға; 16) іс бойынша азаматтық талап қою бөлігінде келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық беруге; 17) мәлімделген шағымдар мен наразылықтарды соттың қарауына қатысуға; 18) осы Кодекстің 173-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда, келтірілген зиянның өтемақысын жәбірленушілерге зиянды өтеу қорының қаражаты есебінен алуға; 19) қауіпсіздік шараларын қолдану туралы мәлімдеуге құқығы бар.

Өзінің жоғарыда аталған құқықтарымен танысып шыққан жәбірленуші Д.О.Сарсенбаев азаматтық талап қоюды қалайтындығын (қаламайтындығын) туралы, «_сот отырысында азаматтық талап беретіндігін білдірді».

**Жәбірленуші: ____________________________________**

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитан (қолы) Н.Н.Мукашев**

---

Шығ. 2-9/53-7
11.01.201жг.

**Энск қ. ІІБ ӘПБ бастығы**
**А.Н.Мустафинға.**

**Энск қ. ІІБ КПБ бастығы**
**А.С. Курмановқа.**

**Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 188 бабы 3 бөлім тәртібіне сәйкес**
**ТАПСЫРМА**

Энск қ. ІІБ тергеу бөлімінде «Динара» есімді қызға қатысты алаяқтық туралы қылмыстық іс тергелуде, ол вокзал жанында аз. Д.О.Сарсенбаевті алду арқылы жалға пәтер беремін деп, ұялы телефонын ұрлап кеткен.

Жәбірленушінің берген жауабына сәйкес азият ұлтты «Динара» есімді қыздың, жасы 30-35 шамасында, орта бойлы, толық денелі, азият ұлтты, үстіне қара түсті капюшоны бар шуба киген.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сүйене отырып Сізден , Сізге бағынышты қызметкерлерге «Динара» есімді қыздын мекен жайын анықтау үшін жедел іздестіру шараларын жүргізу туралы тапсырма беруінізді сұраймын.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 188 бабы 3 бөліміне сәйкес тапсырманы орындау мерзімі 10 тәуліктен аспау керек.

«Динара» есімді қыздын мекен жайы анықталған жағдайда, ұялы телефон арқылы 87770130000 тергеуші К.С.Алимхановқа хабарлауынызды сұраймын.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитан (қолы) Н.Н.Мукашев**

================================================

**Энск қ. ІІБ ТБ-нің бастығы**
**полция майоры К.С.Алимхановқа**

## БАЯНАТ

Сізге мәлімет, 27.01.2016 жылы сағат 10-00 шамасында мен жедел іздестіру шараларын жүргізу барысында, вокзал жанында, жасы 30-35 шамасында, орта бойлы, толық денелі, азият ұлтты, үстіне қара түсті капюшоны бар шуба киген қызға кездестім.

Алаяқтық жасағандығы туралы күдікті болуына байланысты және оның жеке басын анықтау мақсатында мен, ол қызға келіп, одан жалға пәтер барма деп сұрадым. Одан кейін қыз өзін «Динарамын» деп таныстырып, жалға бір бөлмелі пәтер бар тәулігіне 10000 теңге деп айтты. Сосын мен «Динара»есімді қызға айтым қазір өзіммен бірге ондай ақша жоқ, досыма қоныраау соғып қарызға ақшам сұрап аламын дедім, ол тоса тұруға келісті.

Содан кейін мен тез арада тергеуші К.С.Алимхановқа қоңырау соғып, ол вокзал жанына келіп «Динара» есімді қызға Энск қ. ІІБ тергеушісімін деп қызмет куәлігін көрсеттіп, одан жеке бас құжатын көрсетуін сұрады, ол өзіммен бірге еместігін айтты.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 129 бабы 1 бөліміне сәйкес «Динара» есімді қызды Энск қ. ІІБ-на процессуальдық мәжбүрлеп жеткізу арқылы қолданылды.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитан (қолы) Н.Н.Мукашев**

======================================================

## Санкция берілмеген мәжбүрлеп алуды жүргізілгендігі туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Энск қ. 2016 ж. 6 қаңтар

Мен, Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитаны Н.Н.Мукашев 2016 ж. 05 қаңтарда 15 сағ. 25 минуттан 16 сағ. 15 минутқа дейін Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 253, 254-баптарына сәйкес күдікті А.А. Нүркеновтің тұратын Энск қаласы, 27 мөлтек аудан 26 үй, 17 пәтер мекен жайы бойынша №15471003100020 санды қылмыстық іс материалы бойынша санкция берілмеген мәжбүрлеп алуды жүргіздім.

Мәжбүрлеп алуды, прокурор санкциясысыз жүргізу қажеттілігі А.А. Нүркеновтің жоғарыда аталған заттай дәлелдемелерді өз еркімен беруден бас тартуына, сондай-ақ алынуға жататын нәрселер олар табуды кідірту салдарынан жоғалып кетуі, бүлдірілуі немесе қылмыстық мақсатта пайдаланылуы мүмкін нақты қауіпі болуына байланысты жүргізілді.

Жоғарыда көрсетілген мекен жайдан мыналар алынды: бір бейсбол битасы және қолдан жасалған (тоқылған) екі маска, олардың пайда болуы туралы А.А. Нүркенов түсіндіруден бас тартты.

Алынған нәрселер буылып-түйіліп, ол туралы тиісті хаттама жасалды.

**Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі**
**полиция капитаны** (қолы) **Н.Н.Мукашев**

---

__________
(құпиялық гирфі)
**Энск қаласы ІІБ**
**КПБ бастығы**
**Н.Смайловқа**

**Орынға жасырын кіруді және тексеруді жүргізу туралы**
**ТАПСЫРМА**

Энск қ. 2016 ж. 1 қазан

Энск қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция капитан Н.Н.Мукашев №16777999111 қылмыстық істі тергеудемін.

